Қазіргі оқыту барысында қолданып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне оқыту тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Соның ішінде соңғы жылдары өз сабақтарында қолданып жүрген «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының түрлі стратегиялары оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына өз ықпалын тигізері сөзсіз. Оның мақсаты - оқушылардың ойын ашық айта алуға, пікір алмаса білуге үйрету, мәселені сын тұрғысынан шешуге дағдыландырады. Ұжымда өз ойын ашық айтып қана қоймай, оны дәлелдей білуге бір-біріне сыйластықпен қарап, пікірін құрметтеуге баулу. Мұғалімнің сабақтарда бұл жобаның әдістерін орынды, тиімді қолдана білуі, сол әріптестеріне үйрету қажет [1].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джейнни Л.Стиль, Куртис.С, Мередит, ЧарльзТемпл. Жоба негізі Ж.Пиже, Л.С Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады [2].

«Сыни тұрғысына ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері математика пәні барысында оқушыларды тынымсыз ізденімпаздылыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Сондықтан да оқушының ізденісі жеміссіз болмақ

емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі анағұрлым жақсы болатынына көзіміз жетті [3].

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Сол себепті, бастауыш сыныпта оқытылатын пәндер барысында оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сыни тұрғыдан ойлауын шыңдау жеңіл міндет емес. Дегенмен сын тұрғысынан ойлауды дамытатын оқыту жағдайлары мен әдістері баршылық. Сын тұрғысынан ойлау тәжірибесі болуы үшін мүмкіндік пен уақыттың қажеттілігі оқушылардың ойлауына рұқсат ету, оқу үрдісіне белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау, пікірлерінің дұрыс қалыптасуына көмектесу, сын тұрғысынан қарастырылған мәселелердің құндылығын білдіреді. Оқушыларды математика сабақтарында біртіндеп сыни пікірлерін дұрыс айта білуге, мәселені нақтылы шешуге үйрету керек [4].

Негізінен сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы бойынша стратегиялардың құрылымы, сабаққа дайындық оқыту барысында қолданылатын үй жұмысы ретінде берілетін стратегияларға бөлінеді.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын бастауыш сыныптың математика, қазақ тілі және ана тілі сабағында қолдану арқылы оқушылар тыңдаушылардан белсенді, ізденуші, ойланушы дәрежесіне дейін көтеріледі. Мұғалім осы әрекетті ұйымдастырушы, бағыттаушы. Ой салу – ұстаз тарапынан, ойлану – шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап ойлантуға, ізденіс жолына алып келу) ұстаз тарапынан бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады.

Мінекей, осы үрдісті басшылыққа ала отырып, бастауыш сыныптарда өтілетін сабақтарда сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолдану арқылы уақыт оқушылардың сабаққа деген белсенділігі мен қызығушылығын, тақырыпты толығымен меңгеру қабілеттерін қалыптастыралы екенбіз.

Біздің заманымызда қоғамды дамыту үшін жеке тұлғаның алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашыл, қабілетті маман болу. Осы талапқа сай мамандарды дайындауды мектеп қабырғасынан бастау керектігі баршамызға белгілі.

Қазіргі таңда есептеу машиналарының математикалық ақпараттарды техникада, медицинада, экономикада, биологияда т.б кең қолданылуы, түрлі мәселелерді математикасыз шешуге болмайтындығын көрсетіп отыр [5].

Ғасырлар бойы даналығымен, өміршендігімен дәлелденген халықтық есептер үлгілері- тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Қанша уақыт өтсе де маңызын жоймаған халықтың ұлттық мұрасын тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру – біздің де асыл борышымыз. Сондықтан халқымыздың ауыз әдебиетінде, ертегілерде, шешендік тапқыр сөздерінде, салт-дәстүрінде оқушылардың ақыл-ой зердесін тәрбиелеуде ұлттық мазмұнды есептер шығарудың маңызы зор.

Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытудың педагогикалық аспектілері мынадай болуы мүмкін:

Сыни ойлануды дамыту. Оқушының өзгелердің ойына сыни көзқараспен қарап, алған білімін талдап, салыстырып, дәлелдеп, жеке әрі бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Сабақтың үш кезеңі. Алғашқы кезеңде оқушы ақпаратты жеке қабылдайды және жеке зерттейді. Екінші кезеңінде оқушы өз бетінше белсенді білім ала отырып, мақсатқа жетуді жоспарлайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Стилль, Дж. Л., Куртис, С., Мередит, Ч., Темпл, Ч. *Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы*. – Алматы: Сорос-Қазақстан қоры, 2015. – 150 б.
2. Выготский, Л. С. *Ойлау мен сөйлеу*. – Мәскеу: Педагогика, 2019. – 284 б.
3. Пиаже, Ж. *Ребенок и его мир*. – Санкт-Петербург: Питер, 2018. – 256 б.

4. Құдайбергенова, Қ. *Сын тұрғысынан ойлау – білім беру мен оқыту әдістемесі ретінде* // Педагогика және психология. – 2019. – №4(45). – Б. 112–118.
5. Қалиева, С. *Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың жолдары* // Қазақстан мектебі. – 2019. – №2. – Б. 24–29.

Бердыбекова Н.С.¹, Азимбаева К.Е.²

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТЕЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді [1].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда [2].

XXI ғасыр озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Қазіргі кезде ақпараттық технология, қашықтан оқыту, мультимедиялық технологиядың маңызы өте зор. Жаңа білім парадигмасы

бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту білім алушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

1. Оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
2. Ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
3. Деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Білім саласындағы өзгерістер баланың ақыл – ойының жедел дамуының басты себебі болып отыр. Дәстүрлі оқыту мен қазіргі кездегі жаңартылған бағдарлама мазмұнын теңестіру мүмкін емес. Қазіргі кезде 2 сынып оқушылары оқитын бағдарламаны 1 сынып оқушыларының оқулықтарына енгізілген. Сол сияқты мектеп оқулықтарында көптеген өзгерістер бар. Тақырыптар, тапсырмалар әр түрлі деңгейде беріліп, баланың ақыл – ойының қалыптасуына мол мүмкіншілік жасайды.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «ақпараттық оқыту жүйесі», «қашықтан оқыту жүйесі», «сын тұрғысынан ойлау» жүйесі білім алушылардың даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [3].

Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттері бір-біріне жуық, мәндес болып келетіні бізге мәлім. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі – білім сапасы. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген [4].

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н. Назарбаев: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады», деп атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі ақпараттық технология.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер – технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [5]. Оқу орындарында компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын білім алушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Заман талабына сай техникалық құралдарды әр түрлі сабақтарда қолдану мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты – оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Ойымызды қорытындылай келе, ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл.
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. - № 2. -34-б.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. № 41-42 (27114). - 28 қаңт.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. - 1999. - 23 шілде. - 2–5-б.

Бердыбекова Н.С.¹, Азимбаева К.Е.²

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТЕЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Білім беруді жаңғырту жағдайында ақпараттық технологияларды енгізу білім алушының жеке басына бағдарлануы тиіс, бұл ретте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жан-жақты пайдаланудың жаңа жағдайларында жұмысқа бейімделуге және осы жағдайларда болашақ маманның жеке басының дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге баса назар аударылады. Болашақ маманды дайындауда ақпаратпен жұмыс істей білу, оны тиімді және ұтымды өңдеу ғана емес, сонымен қатар болашақ мұғалімнің жеке басының қалыптасу процесін психологиялық-педагогикалық бақылау және сүйемелдеу маңызды болады. Сонымен бірге ақпараттандырудың ықтимал психологиялық салдарын анықтау мен бағалаудың өзекті мәселесі туындайды. "Гендік инженериямен" ұқсастығы бойынша "ақпараттық инженерия" туралы айтуға болады, яғни.информатика мен ақпараттық технологияны қолдану нәтижесінде адам психикасының өзгеруі.

Компьютерлік сауаттылықты игеру фактісін айту жеткіліксіз, сіз әлі де зерттеуіңіз керек Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау компьютерлік оқытудағы негізгі ұғымдардың бірін ажыратуға мүмкіндік береді, бұл ақпараттық-оқыту ортасы ұғымы. Ақпараттық-оқыту ортасы оқу орны үшін біртұтас болып табылады және студенттердің қоршаған әлемді кешенді қабылдауы үшін жағдай жасау міндетіне бағынады, олармен өзара іс-қимыл жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаттарына қызмет етеді. Бұл ереже зерттеуде қолданылатын тұжырымдаманың мазмұнын анықтайды: ақпараттық-оқыту ортасы-оқытуды қамтамасыз ететін педагогикалық, психологиялық, әдістемелік жағдайлардың жиынтығы. ИОС-тың өзіне тән ерекшелігі-жинақталған білімнің мазмұнын құрайтын ақпаратты сақтау, құрылымдау және ұсыну үшін де, оны беру, өңдеу және байыту үшін де қызмет ететін жалпыадамзаттық мәдениетпен "қарым-қатынас" құралдары жүйесінің болуы; ақпаратты өңдеу бойынша дербес жұмыстар жүйесінің болуы; қарқынды диалогтық-коммуникативтік байланыстардың болуы. Компьютерлік технологияларды кеңінен қолдану негізінде білім беруді жаңғырту жағдайында мұғалімнің кәсіби дайындығы. Зерттеу пәні: білім беруді компьютерлендіру процесінде болашақ мұғалімнің жеке басының қалыптасуы мен даму динамикасы. Зерттеу гипотезасы. Зерттеуге кірісе отырып, біз ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жағдайындағы оқу-кәсіптік қызмет жеке тұлғаның негізгі ішкі құрылымдарының дамуының "прогрессивті-регрессивті" динамикасы контекстінде студенттердің жеке басының қалыптасуына екіұшты әсер етеді деген болжамнан бастадық: интраиндивидтік ішкі құрылымдардың дамуына ықпал ете отырып, ол жеке ішкі құрылымдардың дамуын тежейді немесе теңестіреді және мүмкін жасайды белгілі бір екпіндердің шарттары. Мақсатқа және алға қойылған гипотезаға сәйкес зерттеудің келесі міндеттері анықталды: 1) компьютерлік техниканы қолданудың психологиялық аспектілеріне қатысты әдебиеттерді талдау. Зерттеу нәтижелері жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып жұмыс жасау студенттің интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейтіп қана қоймай, сонымен қатар танымдық іс-әрекеттің құрылымын едәуір қалпына келтіретіндігін көрсетті. Жалпы, айырмашылықтар студенттердің әр тобының зияткерлік саланың өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетеді.

3. Кәсіби дайындықта АКТ қолданудың оң және ықтимал теріс салдары анықталды. Компьютерлендіру коммуникативті қасиеттердің дамуын тежейтіні көрсетілген, бұл аутизацияға және агрессивтілік пен күдіктің жеке басына, атап айтқанда компьютерлік технологияларды оқытуда белсенді қолдануға маманданған студенттер тобына әкеледі. Филология факультетінің гуманитарлық оқу циклінің студенттері қарама-қарсы бағытта өзгерістерге ұшырайды. Сонымен, университетте оқудың басында студенттер оқшауланумен, эмоционалды тұрақсыздықпен, ұялшақтықпен және өзін-өзі бақылаудың төмендігімен сипатталды, бұл бейімделу кезеңімен байланысты болуы мүмкін, содан кейін біздің зерттеуіміздің соңында оң динамика көрінеді. Бұл туралы университетте оқу кезеңінде студенттер ашық, көпшіл бола бастағанын көрсететін мәліметтер дәлелдейді.

Бүгінгі таңда алдымызға қойып отырған басты мақсат – оқушыларға тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, талантты жастарды тәрбиелей отыра, еліміздің мүддесіне қызмет етуге бағыт-бағдар беру. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40 - астам түрлері бар. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Жаңа технологиялар арасынан ақпараттық технологиясына назар аударсақ, оқытудың ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті, психологиялық, тұлғалық, әлеуметтік және физиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алу керек.

Инновациялық – дидактикалық технологияны қолдану барысында ескере өтетін ерекшеліктер: Оқу іс-әрекетіндегі ерекшелік – инновациялық технология арқылы білім беру үрдісін ұйымдастыру бастауыш сынып оқушыларының оқу материаларын жеңіл меңгеруін, компьютерде жұмыс істеу дағдыларымен қарулануын жүзеге асырады. Психологиялық ерекшелік – ақпараттық технологияны мектепте қолдану бастауыш сынып оқушыларының білуге, оқуға құштарлығы, танымдық қызығушылығы, қиялы, логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттерінің дамуына үлкен септігін тигізеді. Тұлғалық ерекшелік – бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның өзіндік оқу-танымдық әрекетін дамытуға бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларының өз мүмкіндігін көрсете білуі үшін ақпаратты өзіндік іздеу, жоспарлау, бөлшектеу, біріктіру, суреттеу, жалғастыру және тиімді пайдалану, өз іс-әрекетінің дұрыстығын тексеріп бақылау икемділігін бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі. Ақпараттық технологияны бастауыш сыныпта қолдану барысында оқушылардың оқу икемділігі дамиды. Шығармашылық оқу икемділігі, өзіндік жұмыс жасауды жоспарлау, бақылау, бағалау икемділіктері дамып, өзіндік ойлау икемділігі өрбіп, компьютер арқылы оқу материалдарын, оқыту және бақылау бағдарламаларын іске қосу, орындау дағдылары қалыптасып, компьютерлік стандартты бағдарламалармен, электрондық оқу басылымымен жұмыс жасау икемділіктері жетіле түседі. Ақпараттық технологияны қолдануға негізделген қазіргі білімнің парадигмасы өз бетімен дамып, өз-өзін тежей алатын шығармашыл, жан-жақты біліммен, мәнді қызығушылықпен және дәстүрлі емес жағдаяттарда жауапты шешім қабылдай алатын үздіксіз дамыған ақпараттық қоғамда өз орнын таба білетін жеке тұлға түріндегі нәтижеге бағдарланғандығында [3]. Сол себепті құзыреттілікке бағдарланған оқу үрдісін бастауыш сыныптан бастап қолдану өз нәтижесін беретіні сөзсіз. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес

миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», - деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. Ендеше, тәуелсіз еліміздің тұғырын биік ұстар қыз-ұлдарымыздың бойына дұрыс тәрбие сіңіре білейік.

Пайдаланылған Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. - № 2. -34-б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. № 41-42 (27114). - 28 қаңт.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. - 1999. - 23 шілде. - 2–5-б.
7. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

Бердыбекова Н.С.¹, Аубакиров К.К.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ РӨЛІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттыратын құрал. Онда екі қызмет: таным және бағдарлық бар. Ойынның танымдық қызметі тануға деген мүдделікті қалыптастыру, ол бағдарлық қызметке араласуға ынтаны арттырады. Жасөспірім шақтағы мейілінше көп тараған ойындар таным сипатындағы спорт және басқа қозғалмалы және шығармашылдық рөлді ойындар балып табылады. Ойынға қызығу ойыншының жасына, жынысына, өмір жағдайына байланысты. Тілдің дамуына да ойын әсер етеді. Ойын ақыл-ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды үйренеді [1].

Ойын технологиясын қолданудағы мақсат: Білім, білік дағдылар жайында түсінік бере отырып, оларды қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау немесе тексеру сипатында.

Міндеті: Баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған мазмұнымен айқындалады. Ойынның тәрбиелік мәнін А.С. Макаренко былай түсіндіреді: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай

болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады». Еңбек үстінде адамның көптеген ерекшеліктері дамиды, өмір сүру барысында ол түрлі жолдармен жарыққа шығады. Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, ал мектеп оқушылары сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді. Ойынды тек балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы деп қарамай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі деп қараған дұрыс. Оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрлерінде ұйымдастыра отырып, баланың ойлануына, тапсырмаларды өз бетінше зерттеп, орындауына, шешім жасауына, өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүниетанымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.

Мазмұндық, рөлдік, логикалық, дамытушылық, танымдық, қимылды ойындар баланың тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игеруімен бірге ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету, зейін қою қабілеттерімен қоса, танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Өмір тәжірибесін бір жүйеге келтіруге үйретіп, жүйке жүйесін демалдырады. Сондықтан да ойын оқыту мен тәрбиелеуде жетекші рөл атқарады. «Ойын деген менің түсінігімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған», - деп М.Әуезов ойындарға көңіл бөле отырып, осындай пікірін білдірген. Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті әрекет. Оқушы үшін психологиялық жағымды. Ол кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті үлгерімі төмен, тәртібі қиын, өз ойын айтуға жасқанып жүрген оқушының өзі ойын барысында түрленіп, берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Олар өздерінің ойларын, пікірлерін, көзқарастарын таласты түрде дәлелдейді [2].

Ойын түрлері сабақтың, сыныптан және сабақтан тыс шаралардың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Мектебімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып жүрген «Қарсы алу», «Мамандық таңдау», «Жаңа жыл» кештерінде, девиантты балалармен жүргізілетін, ұстаздар күніне арналаған шараларда, интеллектуалдық сайыстарда, сынып және тәрбие сағаттарында «Қызыл табан», «Жарнама», «Балық, құс, аң», «Бір әріпке бес жауап», «Әйнек», «Әріптердің құпиясы», «Тапқыштар», «Мақал жарыс», «Мамандықтар таңдау» ойындарын жүргізу арқылы оқушылардың дене қимылдарын жетілдіре отырып, логикалық ойлауын, зейінін, байқампаздығын дамытуға, сондай-ақ, білімдерін кеңейте отырып, өз мақсаттарына жетуге болатындығын ұғындыруға, ұйымшылдыққа, әдептілікке үйретуге болады. Мысалы:

«Жарнама» ойыны

Берілген сөздерден жарнама құрастыру. Сөздер: лицей, бақыт, бантик ..

(өткізілетін шараның мазмұнына қарай сөздерді өзгертіп отыру керек). Жұмыс уақыты 5 минут.

«Бес әріпке бес жұмбақ» ойыны

Мысалы: «Б»

. Қыздың аты-Бота

. Оқулықтың аты-Биология

. Дала құсы-Бөдене

. Ата-ананың перзенті-Бала

. Ағаш жаратын құрал- Балта

«Әйнек» ойыны

Қатысушылардың біреуі параққа бір мәтінді жасырады (ол-мамандық түрі, іс-әрекет түрі, жануарлар бейнесі.. болуы мүмкін), келесі топтың ойыншылары оны әйнек арқылы, яғни, ым-ишарамен, мимикамен көрермендерге жеткізеді. Олар ұққандарын айтады. Одан әрі ойын жалғаса береді.

«Қызыл табан» ойыны

Ойынның шарты түсіндіріледі. Осы жердегі бір адамның табанына «қызыл табан» белгісі жасырылған. Ол белгі кез-келген адамда болуы мүмкін. Қай топ сол адамды бірінші тауып, әуелі әдепті сөздер көмегімен табанын көрсетуін сұрап, дәл тапса, солар ұтады [3].

«Мақал жарыс» ойыны

I-нұсқа

Оқушыларды топқа бөлу. Алдын ала дайындалып қойылған сөздер топқа беріледі. Қай топ сол сөз кіріктірілген мақалдарды көп тапса солар ұтады. Мысалы: «Ас» деген сөзге- «Ас атасы-нан» деген мақал айту.

II-нұсқа

Қағазға жазылған әр түрлі мақалдар тең етіп екі топқа таратылады. Жүргізуші бір тақырыпты айтады. Сол тақырыпқа қатысы бар мақалы бар бала ортаға шығып, дәлелдер келтіріп, түсіндіруі керек. Қай топтан көбірек, әрі дәлелді жауаптар болса, сол топ ұтады.

«Мамандықтар таңдау» ойыны

Ортаға әр түрлі мамандықтардың аты жазылған қағаздар тасталынады. Әр бала бір-біреуден алады. Әркім өзіне тиесілі мамандық бойынша: шағын көрініс, тақпақ, қысқаша монолог, сипаттама жасап, мамандықты барынша дәріптейді, презентация жасайды. Ойын соңында «Ең жақсы презентация» марапатталады. (барлық қатысушыларды қамту мақсатында әр түрлі марапаттар ұйымдастыруға болады)

Осындай ойындарды тиімді пайдалану оның әсерлігін, тартымдығын күшейтеді. Ойын түрін қолданар алдында мына жағдайларды ескеру қажет:

1. Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық, маңызын алдын ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау.

2. Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын ала әзірлеу.

3. Оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі.

4. Ойын кезіндегі қозғалысын, техникалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету.

5. Ойынның оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

6. Оқушылардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу [4].

Педагогика, психология ғылымында ойын әрекетінің оқу-тәрбие үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес. Атақты педагогтар В.А. Сухомлинский, Н.К. Крупская, К.Д. Ушинский ойынның балалардың ой-өрісін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруда тәжірибелік маңызы зор екенін айтса, әйгілі психологтар Д.Б. Эльконин мен А.Н. Леонтьев ойынның мінез-құлықтың ырықты дамуының алғашқы баспалдағы, іс-әрекеттегі әдептілікке үйрену мектебі болып табылатынын атап көрсетті. Ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Психология ғылымы оқушылардың психикалық қабілеттерін, ой-санасының даму заңдылықтарын, іс-әрекеттерінің объективті заңдарын және қабылдау, түйсіну, ойлау, пайымдау, қиялдау, психикалық құбылыстарының даму жолдарын зерттейді. Ойынды оқу және еңбек секілді адам іс-әрекетінің бір түрі ретінде таниды.

Ойынның маңызды ерекшелігі - оқытушының атқаратын қызметі. Ол ойынды жүргізушінің рөлін атқара отырып, өзі де ұжымдық қызметке араласады, оқушылардың жолдасы болып табылады. Бұл оқушыларды өзін еркін ұстауға және оларды шығармашылыққа жетелейді. «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деп В.А. Сухомлинский айтқандай, оны үйренудің, оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасы орасан зор [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Ғылым. 2016.
2. Даулетбаева Г. Жазғы балалар демалысын қызықты ойындар арқылы тиімді ұйымдастыру. – Алматы: Ұлағат, 2015.
3. Қызықты психология. Республикалық ғылыми-практикалық, танымдық-психологиялық журнал. №10.2012 ж , №12. 2012 ж
4. Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. IVт. –Алматы: Ұлағат. 2016
5. Ушинский К.Д. Избранные педагогическом развитие ребенка. – Москва: Рассвет. 2019

Бердыбекова Н.С.¹, Аубакиров К.К.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ РӨЛІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Бүгінгі таңда ұрпақ алдында «Қазақстан 2030» бағдарламасындағы: «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеу қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» деген ұзақ мерзімдік міндетті үшінші мың жылдықта іске асыру жауапкершілігі тұр.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Орта білім берудің мақсаты-жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілеттері жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген.

Ойын - баланың дамып, жетілуіндегі және қажеттіліктерін өтеудегі негізгі іс-әрекеттің бірі болғандықтан, олардың дағдылары, бейімділігі, ептілігі, тіршілікке қажетті әдеттері қалыптасады. Анатомиялық, физиологиялық, педагогикалық, психологиялық жағынан дамып, жетілуде маңызы зор қызметтер атқарады [1].

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты, дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс- әрекетінің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап- талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдылық, шығармашық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын- балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қасиеттерін де қалыптастырады. Ойын – әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Балалардың жан – жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын- жалпы адамзат мәдениетінің бірегей фенонимі, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, көңіл көтереді, дем алдырады , сонымен қатар, ол сықақтап , күлдіріп, кез- келген әлеуметтік мәртебенің шартты екенін көрсетеді. Ұлы педагог В. Сухомлинский « Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық

мәніндегі ақыл – ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек балалар мен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында жанды-жансыз табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сананы қалыптастырады [2].

Ойын бала үшін- нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балалараға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Дидактикалық ойын- бваланың қызығушылығына негізделген тәсіл. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді. Дидактикалық ойындарды пайдалану мәселесі педагогикалық теорияда кеңінен қарастырылған.

Заттық дидактикалық ойындарда ойыншықтар мен нақты заттар қолданылады. Олармен ойнап , балалар салыстыруды үйренеді, заттардың ұқсастығымен айырмашылығын белгілейді. Бұл ойындардың құндылығы сонда, балалар олардың көмегімен заттардың қасиеттерімен, олардың белгілерімен: түсі, көлемі, пішіні, сапасымен танысады. Ойындарда салыстыруға, классификациялауға тапсырмаларды шешеді, тапсырмаларды шешуде реттілкті белгілейді. Балалар мен заттық орта туралы жаңа білімді меңгеру шамасы бойынша ойындарда тапсырмалар күрделенеді; балалар қандай да бір қасиетімен затты анықтауға жаттығады, дерексіз, логикалық ойды дамыту үшін маңызды, заттарды осы қасиеттері бойынша(түсі, пішіні, сапасы, міндеті, т.б) біріктіреді. Дидактикалық ойындарда әр түрлі ойыншықтар кеңінен қолданылады. Олардың түсі, пішіні, міндеті, көлемі жасалған материалы ашық көрсетіледі. Бұл балаларға білгілі дидактикалық тапсырмаларды шешуге, мысалы ағаштан жасалған заттарды немесе әртүрлі шығармашылық ойындарына қажетті ойыншықтар: отбасы, құрылыс, дүкен және т.б. жинақтауды жаттықтыруға ерік береді. Тәрбиеші табиғи материалдарды (өсімдік тұқымы, жапырақтар, гүлдер, тастар, балшықтар және, т.б) мынадай ойындар: «Бұл не тұқым?», ! Бұл қандай ағаштың жапырағы?», « Күзгі жапырақтардан гүл шоғын жина» және т.б. өткізуде қолдаланылады. Тәрбиеші бұл ойындарды табиғатпен жанасып серуен мезгілінде ұйымдастырады [3].

Үстел үстінде ойнатылатын дидактикалық ойындар- балаларға арналған қызық сабақ. Түрлері бойынша олар әртүрлі: сыңар суреттер, лото, домино. Ойындарды ойнаған кезде шешілетін тапсырмалар да әртүрлі. Суреттер сыңарын табу ойындары. Мұндай ойындағы ең қарапайым тапсырма- алуан түрлі суреттерден бірдей сыңарларын : түстері, үлгілері және т.б. бірдейлерін табу. Содан соң тапсырма күрделенеді: бала суреттерді тек қана суреттерді сыртқы белгілерімен ғана емес, сонымен бірге мағынасы бойынша әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оларды ұқсатып заттардың бір түріне жатқызып, біріктіреді. Мұндай ойындарда жеке тұлғаның осындай құнды қасиеттері: қайта түрленуге қабілеттілігі, қажетті бейнені жасаудағы шығармашылық ізденушілігі қалыптасады.

Сөздік ойындар ойнаушылардың сөздері мен әрекетінен тұрады. Мұндай ойындарда балалар заттар туралы түсініктеріне сүйеніп, олар туралы білімдерін тереңдетіп үйренеді. Балалар өздігінен түрлі ойлау тапсырмаларын шешеді: олардың сипаттамалық қасиеттерін бөліп, заттарды суреттейді; суреттеу бойынша табады; ұқсастық және айырмашылық белгілерін табады; әр түрлі қасиеттерді, белгілері бойынша заттарды топтайды. Бұл дидактикалық ойындар барлық жастағы топтарда өткізіледі, әсіресе балаларда мектепке дайындауға мүмкіндік береді. Сөздік ойындарды педагогикалық үдерісте қолдануға қолайлы болу үшін төрт топқа біріктіруге болады. Олардың біріншісіне заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерін бөліп қалыптастыра білуде көмектесетін ойындар: « Тапшы?», « Дүкен?», «Иә-жоқ» және басқалар кіреді [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қалиұлы Серғазы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздермен тарихы. – Алматы, 2013.
2. Сабилов Т. С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 2019.
3. Кәрімбаев Нұрсұлтан Жастарға жол нұсқайтын кітап // – Егеменді Қазақстан. 2007.26.01
4. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы. 2016.

Бердыбекова Н.С.¹, Аубакирова Г.З.²

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары сабақтан тыс немесе сабақтан тыс жұмыс деп аталады. Бұл мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады[1].

Сабақтан тыс тәрбие жұмысы–тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі.

Сабақтан тыс жұмыстардың мазмұны – оқушының теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және оқушылардың жеке қабілетін дамыта түседі. Оқушылардың сыныптағы және сабақтан тыс әрекеттерінің кірігуі қоршаған орта туралы біртұтас түсінік қалыптастыруға, теория мен практика арасындағы байланысты қамтамасыз етуге, оқу-тәрбие үрдісін құруда және оқушы тұлғасын қалыптастыруда үйлесімдікке жетуге, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді.

Қазіргі кезде оқыту мен тәрбие беру үдерісінде сабақтан басқа сабақтан тыс жұмыстардың орны ерекше. Білім мазмұнын әлемдік оқыту жүйесіне теңестіру, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық ерекшелігін ескере отырудың маңызы артуда [2].

Оқушылардың білімін дамыту жолдарының бірі ретінде сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерін Р.Ж. Қоянбаев., З. Абилова, К.Б., Бозжанова, Е. Омар, С. Нұрмағанбетов т.б. зерттеу еңбектерінде қарастырады.

Сабақтан тыс оқытуды ұйымдастырудың бірнеше формалары бар: Олар: оқу-саяхат, топ-серуен, үйірме, клуб жұмысы, ертеңгілік, ғылыми жұмыстар, іскерлік ойындар, диспуттар, байқау, көрмелер, олимпиадалар, пәндік апталықтар, онкүндіктер, айлықтар т.б.жатады.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының дамытушылық қызметінің маңызы ерекше. Ол белгілі бір әрекетке байланысты оқушылардың психикалық процестерін, оқушыларды жеке-дара қабілеттерін дамытуды көздейді. Соған орай баланың жасырын қабілетін анықтау,

бейімін, қызығушылығын дамытуды мақсат тұтады. Егерде оқушы бір нәрсеге қызығушылығы болса, онда мұғалім сол сұраққа қатысты қосымша қызықты мағлұмат беріп, оқуға қосымша әдебиет ұсынып, оған жағдай туғызып, сонымен бірге оны қызығушылығын арттырады.

Қазіргі оқу үрдісінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы үйірменің рөлі. Сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстардың кең тараған түрі – үйірме жұмысы. Мұны ұйымдастыру жүргізу үстінде мұғалімнің шығармашылық дербестігі айқын көрінеді. Үйірме жұмысы алдымен кең тынысты шараларды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс, сонда ғана ол оқушылардың ынта – ықыласын толық қанағаттандыра алады [4].

Үйірме жұмысын негізінен теориялық және практикалық бағытта жүргізуге болады. Үйірме жұмысын қамтуда оқушылардың ынта ықыласын ескеру маңызды мәселе. Мұғалім оқушылардың талаптар мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдыруы тиіс. Үйірменің жетекшісі алынған тақырыбының үйретушілік және тәрбиелік маңызына ерекше мән бергені жөн.

Бастауыш мектеп балаларға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды шынайы түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамытады.

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде.

Сабақтан тыс жұмыстарда балалар жасампаздық немесе рөлдік ойындарға ерекше орын береді. Бұл жастағы балалардың ойын іс - әрекеті әрдайым жасампаз болады. Ойында балалар өздерін еліктіретін белгілі бір өнегеге ұқсап бағады. Сондықтан мұғалім балалар ойынына мұқият қарап, олардың орынды өнегеге еліктеуіне жәрдем етуі керек. Оқушылардың ойын іс - әрекетінің құндылығы оның барысында түрлі қиындықтарды жеңуінде, өз тәртібін басқаратынында, батыл, жігерлі және орнықты бола алатындай ойын ұйымдастырылса, ойын өмір мектебі, өз құрдастарының ұжымына еңбек және қарым-қатынас мектебі бола алады. Ойын ұйымшылдық сезімді бекітіп, баланың бастамасы мен өз бетіндігін бекітеді [3].

Сабақтан тыс жұмыстарды түрлі іс-әрекеттердің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланып, баланың қоғамдық мәнін мақсатты, жан-жақты және үйлесімді дамытады. Мектептегі сабақтан тыс тәрбие іс-әрекеттің мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістеріне қойылатын талаптарды бейнелейтін тәрбиенің жалпы принциптері негізінде құрылады. Дегенмен, сабақтан тыс тәрбие жұмысының өзіндік принциптері бар. Бастауыш мектепте сабақтан тыс жұмыстың бір принципі – оған оқушылардың өз ырқымен қатнасуы. Сабақтан тыс жұмыстардың түрлі бағыттары мен ұйымдастыру түрлері бар. Балалардың өз ынтасы мен қабілеттерімен сәйкес істерді таңдап алу мүмкіндіктері бар. Сабақтан тыс жұмыстарда тәрбие барысының ішкі қарам –қайшылықтарын айқын көруге болады. Мұғалімдер, оқушылар ұжымы жетекшілері, қоғамдық ұйымдар өкілдері, ата - аналар балаларға өзін көрсете алатын іс әрекет түрлерін таңдап алу қажет екендігіне кеңес бере алады. Сабақтан тыс жұмыс балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере құрылса, олардың әлеуметтік ортадағы кез келген қарым – қатынасын реттеуге болады.

Сабақтан тыс оқушылардың бастамаларын және өзіндік іс - әрекеттері болу принципін есепке алу арқылы да жүргізіледі. осы принципті еске ала отырып, мұғалім, ата - аналар, жұртшылық өкілдері, қамқоршы оқушылар іс - әрекет түрлерін ұсынады. Ұсыну қызықты істерді оқушылар өз бастамасына сай таңдап алатындай болып шығуы керек. Сабақтан тыс жұмыстың өзі де ұдайы дамиды. Бұл оқушылар құрамын, олардың қызығуын есепке алып отыруға жағдай жасайды[5].

Педагогика ғылымында сабақтан тыс жұмыстардың түрлерін топқа бөлу айқын қалыптасқан жоқ. Дегенмен, мектеп тәжірибесінде Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру түрлерінің жүйесі айқын көрінеді. Бастауыш мектеп жасындағы балалармен Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырып, өткізуге жетекшілік рөл – мұғалімдікі. Ол ата - аналардың, жұртшылықтың, еңбек ұжымдарының, қамқоршы оқушылардың күшін біріктіреді. Сабақтан тыс жұмыстар бұл кезде оқушылар ұйымдарының іс - әрекетімен тығыз бірлікте жүргізіледі. Оқушылардың қоғамдық мәнінің әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға, жасампаздық қабілеттері мен дарындарының дамуына мүмкіндік береді [6].

Қорытындылай келе, оқыту барысында оқушылардың сыныпта алған білімін дамытып, оны ары қарай жетілдіруде сабақтан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сабақтан тыс жұмыстардың оқушылардың белсенділігін арттыруда, өзіндік көзқарасының қалыптасуында, білімін жетілдіруде бірден – бір маңызды тәрбие құралы екендігін көреміз. Сабақтан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар бойында ұйымдастырушылық, белсенділік дамиды. Бағалы моральдық қасиеттер қалыптасады. Сабақтан тыс оқытуды жүйелі түрде ұйымдастыру, адам тәрбиесіне айтарлықтай үлес қоса алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Қалиұлы Серғазы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздермен тарихы. – Алматы, 2003.
2. Сабиров Т. С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 1999.
3. Кәрімбаев Нұрсұлтан Жастарға жол нұсқайтын кітап // – Егеменді Қазақстан. 2007.26.01
4. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы. 1996.
5. Қоқымбаева Т. Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудегі халық педагогикасының маңызы. – Мектептегі психология. 2007 №1.
6. Жарықбаев Қ. Б., Қазақтың тәлім – тәрбиелік ой – пікір антологиясы. – Алматы, 1998.

Бердыбекова Н.С.¹, Аубакирова Г.З.²

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мектептегі оқу-тәрбие процесінің жақсы жолға қойылуы, жоспарлы жүргізілуі де балалардың мінез ерекшеліктеріне әсер етеді. Шәкіртке ғылымның негізін үйретумен бірге біз олардың дүние танымын, ақыл-ой әрекетін, шығармашылық ізденуін, қабілеті мен дарындылығын дамытамыз. Әрине, бұл жәйттерді оқушыларға толық жеткізу әрбір мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне, материалды жан-жақты толық қамтуына, көрнекі және техникалық құралдарды дұрыс пайдалануы мен оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Міне, сондықтан біз мұғалімнің педагогикалық процестің негізгі тұлғасы деп санаймыз. Мұғалім әрекеті мазмұны жағынан оқушылар әрекетімен органикалық байланысқанда ғана тәрбие тиімді де нәтижелі болады. Бір сыныптың өзінде мұғалімдердің

сабақ беру тәжірибесіне қарай сабақ үстіндегі шәкірттердің мінез ерекшеліктері кейде олай, кейде бұлай болып құбылып отыратыны педагогикалық тәжірибеден белгілі. Дегенмен сабақ қызықты, шеберлікпен өткен жағдайда оқушылардың зейіні басқа нәрсеге аууға мүмкіндік тумайды. Осындай кезеңде шыдамсыз, ұшқалақ оқушылардың қимыл-әрекетінде де байсалдылық байқалады. Егер сабақ тартымсыз, нәтижесіз болса, оқушылар қанша зейін қоюға әрекеттенгенімен шаршап, жалыға бастайды. Мұндай жағдайда жеңіл мінезді балалар өздері ғана тәртіп бұзбастан, басқаларға да теріс әсер етеді [1].

Оқу-тәрбие барысында ғылымның дидактикалық өңдеуден өткен зерттеу әдістерін пайдалану – оқыту мен білім берудің, тәрбиелеудің әдістерін ұштастыра түсуге, олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Инновация ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Нәтижелік инновацияның критерий ретінде мұғалім қызметіндегі оң нәтижелелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. Өлшемдегі технологиялық, нәтижені бақылау мен белгілеудегі, түсіну мен баяндаудағы тұтастық бұл критерийді, жаңа әдістің маңыздылығын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналады.

Инновациялық бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі педагогикалық инновацияны бағалаудың критерий ретінде қарастырылады. Инновацияның негізгі критерий ғылыми педагогикалық тәжірибеге де баға беруде басшылыққа алынатын жанашылдық деп білеміз.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың инновациялық технологиясы бұл оқушының ұжымдық іс-әрекетке қатысуы, ондағы оқушының санасының оянуы, мәдениеттілікті сақтау, өз бетінше дұрыс әрекет етуі, мінез-құлқындағы дөрекі мінезден арылуға әрекет жасап, қарым-қатынаста мәдениеттілік көрсету мен өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады.

Өзін — өзі тәрбиелеу оқушыны жан-жақты тәрбиелеу мен дамытуға ықпал етеді. «Жеке адамның өзін-өзі тәрбиелеуі» тақырыбы бойынша өтетін тәрбие жұмыстарында бала өзін объекті ретінде ғана санамай, субъекті ретінде де даму жолдарын талпынады. Баланың ойын, пікірін терең ұғынып логикалық бірізділікпен дәлелдей білуге үйрету — әр ұстаздың төлісі. «Мен кімін?», «Менің кемшіліктерім неде?», «Мен неге әдепсізбін?» және т.б. сұрақтар арқылы өзін-өзі тәрбиелеудің басты құралдарымен таныстырған жөн.

Өзін-өзі тәрбиелеу қоғамға пайдалы болу ұжымның лайықты мүшесі болу тілегінен тууға тиіс. Өзін-өзі тәрбиелеу үшін өзіне сын көзбен қарап, өз қателерін мойындауға батылы жетуі қажет. Мінездегі кемшіліктерді жойып, жақсы сипаттарды жетілдірмейінше өзін-өзі тәрбиелеу мүмкін емес.

Оқушылар ұжымын тәрбиелеудің маңыздылығы мектеп қабырғасынан шыққаннан кейін олар әртүрлі ұжымға тап келеді. Сондықтанда олардың сынып және мектеп ұжымдарында жеке бастарының қаншалықты үйлесіп, қалыптасуына байланысты оның кейінгі уақыттағы психологиялық жағдайы сәйкестенеді, қайсібірі әрекет нәтижелі болады. Сыныптағы оқушылардың өзара дұрыс қарым-қатынасы тұрақты көңіл-күйді, бір-біріне сенім мен сыйласымдылықты қалыптастырады. Дұрыс қарым-қатынас — өмір құбылыстарын бағалау өлшемін және ақиқат, жақсылық әсемдік туралы көзқарасты тәрбиелейді [2].

Ұжымдық қатынас — тұлғалық ерекшеліктерді басады, оның пікірін көпшіліктің пікіріне бағындырады. Бұл баланың жаман іс-әрекеттері мен мінез-құлқындағы теріс қылықтарды болдырмауға ықпал етеді. Жақсы ұйымдасқан ұжымда өзара көмек және өзара жауапкершілік, бір-біріне тілектестік және адал ниеттілік, сын және өзара сын орнығады. Сонымен қатар, еңбекке, қоғамдық пайдалы жұмыстарға, жолдастарына тіпті өзінің міндетіне жауапкершілігі мұқият қалыптасады. Татулық пен достығы жарасқан ұжымдағы өзара қарым-қатынас жеке басының мүддесін қоғамдық мүддеге бағындырады. Балаларды ұжымдық қызмет тәсілдеріне үйрету — мұғалімнің ерекше және арнайы міндеті болып табылады. Оқушылар арасында ұжымдық жұмыс үстінде пайда болатын іскерлік қарым-қатынастарды үлкендер көбіне реттеп отыруға тиіс. Мұғалім жұмыс сапасына, ойын

процесіне, жиындар өткізуге ғана емес, сонымен бірге осы ұжымдық қызметке қатысушылар арасында туындайтын қарым-қатынастарға да айқын талаптар қойып отырады. Бұл талаптарды балалар жақсы білуге және жете түсінуге тиіс. Өйткені баланың мінез-құлқы көп жағдайда ұжымдағы атмосфераға байланысты өзгеріп мінезі қалыптасып отырады.

Мектеп оқушыларының қоғамдық белсенділігін ұйымдастырушылық қабілеттері мен құралдар мен әдістерінің бірі оқушылардың өзін-өзі басқару болып табылады. Ол барлық оқушының өз сыныбының және мектеп ұжымының іс-әрекеттерін басқаруға қатысуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың бойына саналы тәртіп пен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда оқушылар ұжымы мен педагогикалық ұжым, ата-аналар ұжымы көмектеседі. Сондай-ақ олар оқу сабақтарына қатысуды есепке алуды ұйымдастырады, сабақтарға келмеушілікке және кешігушілікке қарсы күреседі, оқушылардың күн тәртібін қадағалайды.

Бастауыш мектеп оқушысының бейнесін қалыптастырып, эмоционалдық – еріктік, танымдық, мәдени адамгершілік мүмкіндіктерін жетілдіруде олардың құрылымы көп қырлы психологиясын танудың маңызы зор. Баланың мектепке келген күнінен бастап өздері іс-әрекет ететін, қарым-қатынасы, киім тазылығы, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздеріне назар аударып, қызығады. Дегенмен кейбір дөрекі мінездердің дұрыстығына қарамастан, іс-әрекеттермен сөздерге мән бермейді.

Сыныптан тыс ұйымдастыратын пән үйірмелерінде жаңа технологияларды пайдалана отырып, әсіресе техникалық құралдарды пайдалана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы дамытып, өзінің мәдени мінез-құлық нормалары игеруге белсенді ұмтылыстарын ынталандыру, олардың моралдық-адамгершілік қатынастарын бағыттап, олардың қоршаған ортада қалай ұстау керектігін түсіндіріп отыру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмысы оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуге, шығармашылық, зерттеушілік, танымдық қабілеттерін дамытуға, ықпал етуге, адамның жаңаша қалыптасуына көмектесуге негізделген. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда пән үйірмелерінің маңызды принципі – танымдық қызметті белсендіру, мүмкіндігі, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, қиыншылықтарды жеңу және материалды сапалы қабылдауды үйретудің болуы [3].

Ұжымдық істерді ұйымдастырудың нәтижелі формасы – жеке тұлғаның әрекет етуін жатқызамыз. Ол барлық балаларды ұжымдық істерге қатысуға, олардың жеке мүмкіншілігін қажеттілігін ескеруге жағдай тудырады.

Жұмыс тұлғаның қажеттілігін және қызығушылығын жүзеге асыру барысында оның дамуына мүмкіншілік тудырып қана қоймайды, сонымен бірге қабілетінде шыңдап, мінез-құлықтағы кемшіліктерін, басқа да қарым-қатынастарда өзара әрекеттесуі барысында жалпы сынып ұжымынан әсер алып оның дамуына ықпал етеді. Қалыптасып келе жатқан оқушы педагогикалық талаптарды орынды қабылдайды және өзінің сапалық қасиеттерін өзі жетілдіруге тырысады.

Пайдаланылған Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рувинский Л.И., Хохлов С.И. Ерік пен мінезді қалай тәрбиелеу керек. Алматы, 2019.
2. Сабиров Г. Балаларға ақыл ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері. Алматы. 2017.
3. Богданова О.С. Воспитание культуры поведения учащихся 1-3 классов. М,2018.

Адилова А.К.¹, Ауталив Д.²

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
ka_kairatovna@mail.ru

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және заманауи педагогикалық технологияны меңгеру. Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген.

Жаңа педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс – әрекеттер жиынтығы. Заманауи технологияларда басты міндет – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету [1].

Оқыту технологиясы — бұл оқытудың тиімділігін арттыру мақсаты мен білім беру үрдісін зерттеу негізінен оқу үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалаудың жүйелі тәсілі.

Инновациялық технология — әрбір білім алушының жеке және дара ерекшеліктерін ескере отырып, олардың өз бетінше жұмыс істеуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру.

Инновациялық қызмет — оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттырады және басқа жаңа технологияларды енгізуге және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған.

Оқыту үрдісін жандандыру оқушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбекті тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологиялық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты болады [2].

Заманауи технологиялардың басты міндеті – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі.

Заманауи педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар керек: оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу, оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру, оның ғылыми – әдістемелік, оқыту – әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт

деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқу үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Заманауи технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- Балаға ізгілік тұрғысынан қарау
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі
- Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту
- Баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту
- Баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту
- Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндігіне орай оқыту
- Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу
- Оқу үрдісін оқушының сезінуі [3].

Заманауи педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады. Олар: педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу, оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын қарастыру, оқу модулін құрастыру, оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр оқушыға арналған тапсырмалар құрастыру, оқушылардың жаңа материалдарды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау, оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау.

Педагогикалық технологияны игеруге қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу – тәрбие үрдісін ұтымды әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты.

Заманауи технология үрдістерінің талабы – оқушыларға білім беруде белгіленген мақсатқа жету, оқушылардың іс – әрекеті арқылы ойлау дағдыларын, оқу – танымдық іс – әрекетін белсендіре отырып, сабақтағы үш біріккен мақсатты жүзеге асыруға қол жеткізу [4].

Белгілі бір дәрежеде оқу – танымдық іс – әрекетті белсендірудің қажеттігі туындайды. Мұнда оқыту үрдісіндегі әдістемелік жүйенің өзара байланысы негізінде оқу – танымдық іс – әрекет міндеттерін жүзеге асырылуын талап етіледі.

Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда заманауи технологияны пайдалана отырып, оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекетін белсендірудің шығармашыл әлеуетін көтерудің маңызы зор [5].

Жаңа педагогикалық технология арқылы оқыту барысында оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыруға бірден – бір әсер етеді. Мұғалім мен оқушылар бірлесіп оқи отырып, субъект – субъект ретінде болады. Мұғалімнің рөлі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы топ басшысы, оқушылардың ынта – ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Жаңа технология оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Сондықтанда олар ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп «әрекет етуге», сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Оқыту нәтижесі оқушылардың бір – бірімен байланыс бірлігінен көрініп, оқушылар оқу нәтижесінде бір – бірінің жауаптылығын сезінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.: Педагогика, 2023. – 9 б.
- 2 Қараев Ж. Инновациялық технологиялар және оларды білім жүйесінде қолдану. – Алматы: Ғылым, 2021. – 144 б.
- 3 Смайылова М.Қ. Оқыту технологиялары және олардың тиімділігі. – Астана: Фолиант, 2020. – 200 б.
- 4 Жүсіпова А. Білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялар. – Алматы: Рауан, 2019. – 176 б.
- 5 Құрманбаева Л. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды енгізу. – Қарағанды: Болашақ, 2023. – 180 б.

Адилова А.К.¹, Ауталив Д.²

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
ka_kairatovna@mail.ru

XXI ғасырды қоғамдық ақпараттандыру ғасыры деп жай атамаған. Компьютер - адам іс-әрекетінің барлық салаларында қолданылады. Дүниежүзілік қоғамдастықта қоғамдық өмірдің барлық саласын глобалды ақпараттандыру процесі дамытылуда. Экономикалық жағдай, адам өмірінің сапасы, ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттің дүниежүзілік қоғамдастықтағы рөлі ақпараттық-технологиялық дамудың және оның даму қарқынының даму дәрежесіне байланысты. Барлық экономикалық дамыған елдерде және көптеген дамушы елдерде білім беру жүйесін ақпараттандырудың қарқынды процесі жүріп жатыр. Жалпы білімді жоғарылату жолдары жасалып жатыр және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге көп қаражат бөлінуде. Оқытудағы аса жаңа ақпараттық технологиялар алдыңғы қатарлы университеттер мен институттардың ғылыми және білім беру потенциалын белсендірек пайдалануға қашықтан оқыту курстарын құруға ең үздік оқытушыларды тартуға, үйренушілер аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Компьютерлік оқыту саласындағы жинақталған бай тәжірибеге қарамастан, көптеген шет тіл оқытушылары компьютерлік оқыту құралдарын пайдалану мүмкіндігіне сақтықпен қарайды [1]. Оқытудың басқа құралдарымен салыстырғанда дидактикалық артықшылықтары болып табылады: полифункционалдылық, интерактивтілік, диалогтық өзара әрекеттестік, жұмыстың ұйымдастырушылық нысандарының мүмкін режимдерінің алуандығы. Оқыту құралы ретінде компьютер барлық артықшылықтарлы іске асыруға қабілетті. Сонымен бірге оқыту процесінде компьютерді пайдалану техникалық құрылғыларға қойылатын талаптармен реттелген, және белгілі бір қағидаларға сәйкес келуге тиіс.

Компьютер шет тілдері оқытушыларына бірнеше көмек көрсете алады. Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ғана емес, сонымен қатар ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейткісі келетін оқытушы-пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады. Оқытушы компьютер үйренушілердің өз бетімен жұмысын ұйымдастыратын және әсіресе тілдік және сөйлеу материалымен жаттықтыру жұмысы процесінде оны басқаратын құрал болып табылады. Бұл қолданылатын жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер сипатын анықтайды [2].

Компьютерге сондай-ақ оқушылардың әр түрлі контингенті үшін грамматика (ереже, қандай да бір өзге грамматикалық түрлердің қолданылу кестесі, етістіктердің жіктелуі және басқаруылуы және т.б.) және лексика (берілген сөздің негізгі сөз тіркестерін, оның синонимдері мен антонимдерін көрсетумен) бойынша анықтамалық материалды, оқу және айту ережесін, лигвоелтану және тарихи ақпаратты және т.б. енгізуге болады. Қажетті анықтамалық материалды іздеу үшін компьютерді пайдалану оқушыларды сәйкес сөздікті немесе анықтамалықты іздеуден құтқарады, бұл уақытты көп ұтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен - күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық – коммуникативтік, компьютерлік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады [3].

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады [4].

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады [5].

Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр [6].

Информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің тандай білуі есептеледі. Біздің ойымызша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал [7].

Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады [8].

Қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамын:

- білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал-жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;
- кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық-технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Әбдіманапов, С. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және білім беру жүйесі. – Алматы: Ғылым баспасы, 2019.
- 2 Бектаева, Г. Инновациялық оқыту әдістері және интерактивті технологиялар. – Астана: Фолиант, 2020.
- 3 Жантөреев, Қ. Қашықтықтан оқытудың әдістемелік негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
- 4 Құдайбергенова, Д. Білім беру жүйесіндегі цифрлық технологиялар. – Нұр-Сұлтан: Экономика, 2022.
- 5 Мұхамбетжанова, Ә. Информатиканы оқытудағы ақпараттық технологиялар. – Шымкент: Айқап, 2018.
- 6 Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана: Елбасытану орталығы, 2012.
- 7 Оспанова, Л. Электрондық оқулықтар және олардың дидактикалық мүмкіндіктері. – Қарағанды: Болашақ, 2017.
- 8 Сейітбеков, М. Ақпараттық технологиялар: теория және практика. – Алматы: Жазушы, 2019.

Сенкубаев С.Т.¹, Ахметов М.Е.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
Muratakhmetov34@mail.ru

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығы емес, оның бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Қазіргі заманғы Қазақстандағы демократиялық өзгерістер жас ұрпақты патриоттық тұрғыда тәрбиелеудің тиімділігін талап ететіндігімен байланысты. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру қай кезде болмасын өзекті, өйткені патриотизм идеясын қазақстандық қоғамды біріктіруге, Қазақстанның бірлігі мен тұтастығын нығайтуға қабілетті бастау деп танымыз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясының басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы және оның жетінші бағыты, жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың - көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімдікті туындатады».

Заманауи жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында болашақ ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның адамгершілік құндылықтары арқылы тәрбиелейтін ғылыми теориялық негіздерді жетік меңгеру, практикалық жағынан жетілдіре түсу, өз Отанының патриоты ретінде тәрбиелеу қажеттілігі бар. Егемен еліміздің болашақ ұрпағы – бастауыш сынып оқушыларының бойында қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп- өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алмақ.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (11-бап, 3- тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі ретінде былай делінген: «..азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, халық дәстүрлерін құрметтеу, адамның еркін тұлға ретінде дамуы үшін өскелең ұрпақтың санасында құндылық бағдарын қалыптастыруды басымдықтар ретінде қамтитыны, жастардың жаһанданған әлемге, ашық ақпараттық қоғамдастыққа кіруін жан-жақты қолдауды талап ететіні кездейсоқ емес. Бастауыш сынып оқушыларында өз Отанына, өз халқына, ана тіліне, ұлттық мәдениетке, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет- ғұрыптарға сүйіспеншілікпен және құрметпен қарауды тәрбиелеу маңызды. Бұл өте өзекті мәселе болып табылады, оны соңғы жылдардағы ғылыми жұмыстар дәлелдеп отыр [1].

Бірыңғай бағыт шеңберінде «Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» азаматтардың бойында жоғары патриоттық сана-сезімді, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбиелеу жүйесін мақсатты дамыту арқылы Отан мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға әзірлікке тәрбиелеу қажеттігі атап көрсетіледі. Балаларды, жастарды, халықты патриотизм, халықтар достығы, діни төзімділік рухында тәрбиелеу бойынша мемлекеттің әлеуметтік тапсырысын орындауға

негізгі кедергі соңғы жылдары болған өзгерістерді ескере отырып әзірленген ғылыми теорияның болмауы болып табылады, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және басқалары қабылданды, өйткені қазіргі жағдайда «Қазақстандық патриотизмді» қалыптастыру мәселесі Қазақстанның егемен мемлекет ретінде дамудың үш он жылдығын артқа тастаса да, бұрынғысынша барынша өзекті мәселе болып қала береді.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің бірі өкілдері бәсекеге қабілетті білімі, креативті ойлау қабілеті ғана емес, сондай-ақ жоғары азаматтық және адамгершілік қағидаттары, патриоттық сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі бар зияткерлік ұлтты қалыптастыру болып табылады.

Осыған байланысты, Қазақстанда бүгінде еліміздегі қоғамдық келісімді сақтау және нығайту мақсатында біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі болып табылатын жаңа қазақстандық патриотизмге бағытталатын патриоттық тәрбие жүйесін құру туралы мәселе тұр.

Зерттеу барысында біз философиялық сөздікте берілген «патриотизм» ұғымының анықтамасын негізге алдық: «Патриотизм (грек. patris-отан, атамекен) - бұл адамгершілік пен саяси принцип және Отанға деген сүйіспеншілікті, оған деген адалдықты, өткені мен бүгінгі үшін мақтанышты, Отан мүдделерін қорғауға деген ұмтылысты білдіретін әлеуметтік сезім».

Осы мәселе бойынша философиялық еңбектерді талдау патриотизмді моральдық принцип ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, оның мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықты, оның өткені мен бүгінгі үшін мақтанышты, өз Отанының мүдделері үшін қызмет етуге дайын болуды білдіреді.

Жас ұрпақ бойында өз еліне, жеріне, туған ортасына деген сүйіспеншілік, ұлттық мәдениеттің тұлға бойында қалыптасу барысы ғұлама ағартушылар

«Патриотизм» - жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті, сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін детерминант болып табылады. Осыған орай патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұны «мәдениет - тарих - білім» деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамиды деп, елдің мемлекеттік идеологиясына негізделген қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді [2].

Қазақстанда патриотизмнің өз ерекшеліктері бар, бұл туралы зерттеуінде атап өтеді және оның ең негізгілерін былай деп көрсетеді: ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтау халықтардың ғасырлар бойғы тәрбие қызметінің нәтижесі болып табылады, ол арқылы әр халық өзінің рухани мәдениетін, ұлттық психологияның ерекшеліктерін жаңғыртып отырады [3].

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Оның тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерінің тәлімдік- тәрбиелік маңызын ұрпағымыздың санасына сіңіру – қазіргі қоғам міндеттерінің бірі болып саналады. Этнопедагогиканы зерттемей және пайдаланбай жеке адамды толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика дәстүрлері мен тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіру көкейкесті мәселеге айналып отыр. Сол себепті зерттеу тақырыбымыздың тақырыбын «Халық педагогикасының бала тәрбиесіндегі рөлі, маңызы мен теориялық негіздері» - деп таңдауымызға негіз болды.

Жоғарыда аталған еңбектер оқушыларды патриоттық тәрбие беру мәселесінің біркелкі зерттелгенін айқындайды. Дей тұрғанмен, бастауыш сыныпта гуманитарлық пәндер арқылы

патриоттық тәрбие беру мәселесі арнайы қарастырылмаған. Бастауыш мектеп деңгейінде де ол егжей-тегжейлі талданбады.

Бастауыш сыныпта гуманитарлық пәндер негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беруге негіз болатын оқу материалдарын жүйелеу мен оқу- тәрбие үдерісін осы бағытта тиімді ұйымдастыру негізгі міндет болып

табылады. Бұл міндетті жүзеге асырудың ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздерін қарастыру қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің біріне айналып, бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесін қалыптастырудың тиімді жолдарын зерттеу қажеттігі анықталды.

Пайдаланылған Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Калиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 2014. – 215 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. - 28 қаңтар, 2012.- 47 б.
3. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Құраст. М.Жармұхамедов; С.Дәуітов. – Алматы; Жазушы, 2018. -352.

Сенкубаев С.Т.¹, Ахметов М.Е.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОТАНДЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
muratakhmetov34@mail.ru**

Отандық тәрбие – халықтың ғасырлар бойы тәрбиелеу тәсілдеріне негізделген бай тәрбиесінің жиынтығы. Этнопедагогика – халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын ғылыми жүйеге келтіріп зерттейтін ғылыми педагогиканың бір саласы. Этнопедагогиканың мақсаты – халықтық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы жасты тәрбиелеу. Сондай-ақ, халықтық тәрбие түрлерін жас бүлдіршіндердің бойына сіңіртіп ілім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару. Ол басқа тәрбиелермен қатар жүргізіліп, балалардың қайрат- жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып, тәрбиелеу арқылы іске асырылады [1].

Этнопедагогика бала денсаулығы мен денесінің жетілуі жөніндегі қамқорлық ақыл-ой мен еңбекке дайындық, саналы адамгершілік-эстетикалық тұрғыда бағыттау, мінез-құлықты реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу, яғни тұлға қалыптастырудың бүкіл жетекші бағыттарын қамтиды. Халықтық педагогикада бала дүниетанымын қалыптастырудың және оның ақыл-ойын дамытудың бастау кезі ретінде ең алдымен оның қоғамға, қоршаған дүниеге «Арманы жоқ жас- қанатсыз қарлығаш» - дейді халық. Халық ұрпақты ақыл-ойды өздігінен жетілдіруге үндейтін терең және танымдық процестер жиынтығы екендігін дұрыс болжайды [2].

Халық тәрбиешілері үйрену, оқуды адам бүкіл жаңаны ерекше қабылдағыш балалық шақтан бастаса, мақсатқа лайықты болатындығына, алынған білімі өмір бойына игілікті қызмет ететіндігіне тәжірибеде көз жеткізді. Баланың ақылын тәрбиелеу оның танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту, әртүрлі түсінулердің кеңдігі мен сезімталдығын, байқағыштықты, естің түрлерін жаттықтыруды, ойдың елестетуін ынталандыруды талап етеді. Мысалы: жұмбақтар

халық педагогикасында осы талапты жүзеге асырудың аса құнды дидактикалық материалы болып табылады. Олар баланың ойлауын дамытуға ықпал жасайды [3].

Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен (ҮІғ. Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. Халықтық педагогика тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасының зерттеу негізіне педагогикалық мазмұнмен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жанұя тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру [4].

Халық педагогикасын зерттеуге орасан үлес қосқан ғалым-педагог Г.Н. Волков халық педагогикасына анықтама беріп қоймай, педагогикалық әдебиеттерге ең бірінші болып “этнопедагогика” деген ұғымды енгізді. Оның анықтамасы бойынша, «Халық педагогикасы – халықтың ауыз әдебиетінде, салттарында, әдет – ғұрыптарында, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі сақталып қалған білім, педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Бұлар, әдетте, ауызша таралады. Халық педагогикасы – халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсатының, міндеттерінің, мазмұнының, әдіс-құралдарының, тәсілдерінің жиынтығы мен өзара байланысы дей келе» ... бұл білім мен мағлұматтар, әдетте, ауызша таралады. Оның зерттеу тақырыбы – тәрбие, ал тәрбие объектісі – адам, тұлға - дейді [5].

Халық педагогикасы, халықтық тәрбие ұғымдары көптен бері педагогика ғылымының арнайы зерттеу пәні ретінде қарастырылып (қоғамының күнделікті өмір сүру мазмұнына көбірек ие болуымен ерекшеленіп), көптеген педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болуда. Солардың бірінде ғалым С.Ғаббасов – халық педагогикасы дегеніміз, адамның жан дүниесін тәрбиелейтін ілім десе, ал «этнопедагогика» – адамның тән құрылысының дұрыс жетілуіне әсер ететіндігін, ерекше даралап бөліп айтады. Автор өзінің зерттеу еңбегінде, адам тәрбиесінің дамуын физиологиялық кезеңдерге бөліп, оны халық педагогикасы ұғымымен кіріктіріп, халық педагогикасының жеті түрлі негіздерін ұсынады. Және оларды былайша тарқатқан: халық педагогикасының 1-ші негізі – отбасын құруға дайындық, ұрық тазалығы; 2-ші негізі – ана құрсағындағы тоғыз ай; 3-ші негізі – нәресте кезеңі; 4-ші негізі – балбөбек кезеңі; 5-ші негізі – балабақша жасындағы кезең; 6-ші негізі – бастауыш мектеп кезеңінің тәрбиесі; 7-ші негізі – орта білім мен кәсіптік кезеңнің тәрбиесі [6].

Яғни, қоғамдағы тәрбие үдерісінің әрбір сатысы жалаң тәрбие ұғымымен ғана шектеліп қалмай, ол қоғамдық мәнге ие болып, халықтық сипатқа айналып отырған. Яғни, тәрбие ұғымының халықтық деген мән-мағынамен тіркесуі де осыдан болар.

Халық педагогикасының бастаулары алғашқы қауымдық құрылыстан бастау алған. Алғашқы қауымдық құрылыс – адамзат қоғамы тарихының бастапқы дәуірі. Бұл дәуірдегі ұрпақ тәрбиесі туралы әртүрлі тарихи, этнографиялық және әдеби көздердің, сондай-ақ археологиялық қазбалардың негізінде ой өрбітуге болады. Тәрбиенің пайда болуы туралы сұрақ, қалпына келтірілген материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерінің сырын, алғашқы қауым дәуіріндегі тәрбиенің түпкі мән-мазмұнын түсінуде аса маңызды. Алғашқы қауым дәуіріндегі тәрбиені білдіретін заттардың қатарында археологтар тапқан еңбек және тұрмыс құралдарын, балалардың ойыншықтарын, тасқа салынған таңбаларды жатқызуға болады. Сонымен қатар, сол дәуірдегі халық ойындары, салт-дәстүрлер, ойын-сауықтар, фольклор (мақал-мәтелдер, эпостық жырлар), жазу пайда болғанға дейінгі құралдар тәрбиені сипаттайтын көздер болып табылады [7].

Пайдаланылған Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбекова К. Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірме сөздігі, Алматы: Рауан, 2011. – 200 б.
2. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. - Алматы: Ғылым, 2019. – 139 б.
3. Ш. Уәлиханов - шығыстанушы, /Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев/, – Алматы: Ғылым, 2015.- 278 б.

4. Қалиев С., Молдабекова Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика Астана: Фолиант 2017. – 234 с.
5. Волков Г.Н. Этнопедагогика. - М: Академия 2019. – 178 с
6. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Әл-Фараби, 2019. – 190 б.
7. Ахметжанова К. Традиционная культура как основа идентификации казахского этноса: дис. Док. Философ. / Вост.-Каз. гос. Ун. Им С. Аманжолова. – Алматы:, Рауан 2016. – 256 с.

Байгелова Д.А.

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ КОРРЕКЦИЯ НЕУСПЕВАЕМОСТИ УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Кокшетауский университет им.Абая Мырзахметова
Магистрант образовательной программы
7M01101 Педагогика и психология
Научный руководитель: к.п.н. доцент Власенко С.В.

Неуспеваемость является одной из наиболее актуальных проблем в образовательной сфере, особенно среди учащихся среднего школьного возраста. Этот период жизни подростков, как правило, связан с психологическими, эмоциональными и социальными изменениями, которые могут оказывать влияние на их академические достижения. Одним из ключевых направлений решения проблемы неуспеваемости является психолого-педагогическая коррекция, которая помогает ученикам преодолевать трудности в обучении и адаптироваться в образовательной среде. В данной статье рассматриваются основные причины неуспеваемости среди учащихся среднего школьного возраста, методы психолого-педагогической коррекции и роль педагогов и психологов в этом процессе.

Неуспеваемость школьников среднего возраста является многогранным явлением, обусловленным целым рядом факторов. Эти причины могут быть как индивидуальными, так и социальными, педагогическими, психологическими. Рассмотрим наиболее распространенные из них.

Психологические особенности подростков. Средний школьный возраст (11–15 лет) характеризуется активными изменениями в психике учащихся. В этот период дети начинают формировать свою личность, проявляют повышенную эмоциональность и чувствительность. Изменения гормонального фона могут также повлиять на концентрацию внимания, мотивацию и способности к учебной деятельности. Проблемы с самооценкой, неуверенность в своих силах, недостаточная мотивация к учебе могут приводить к снижению успеваемости.

Низкая мотивация к учебе. Одной из частых причин неуспеваемости является отсутствие у ученика внутренней мотивации к учебе. В этот период подростки могут утратить интерес к школьным предметам, если они не видят связи между учебным процессом и своими жизненными целями. Проблемы в социальной адаптации, отсутствие понимания значимости образования, а также влияние сверстников могут снижать учебную активность подростков.

Невозможность организовать собственное время. Переход в среднюю школу сопровождается значительным увеличением объема учебного материала и уровнем требований к учащимся. Не все подростки способны организовать свое время и эффективно справляться с возросшей учебной нагрузкой. Это особенно проявляется в тех случаях, когда ученик не развивает навыков самоорганизации и планирования.

Социальные и семейные проблемы. Важным фактором, влияющим на успеваемость, является социальная среда, в которой находится подросток. Семейные конфликты, низкий уровень социального благополучия, неблагоприятная атмосфера в семье могут влиять на эмоциональное состояние ребенка, что в свою очередь сказывается на его учебных успехах.

Кроме того, проблемы в отношениях с одноклассниками и учителями также могут стать причиной трудностей в учебе.

Низкий уровень педагогической поддержки. Недостаток внимания со стороны учителей и воспитателей, отсутствие конструктивной обратной связи, а также невнимание к индивидуальным особенностям учащихся может быть причиной неуспеваемости. Важно, чтобы педагогический коллектив был готов к работе с различными учениками, учитывая их уникальные потребности и особенности.

Психолого-педагогическая коррекция неуспеваемости направлена на устранение или смягчение факторов, влияющих на академическую деятельность учащихся. Эффективная коррекция требует комплексного подхода, включающего как индивидуальную работу с учениками, так и совместные усилия педагогов, психологов и родителей.

Диагностика причин неуспеваемости. Основным этапом коррекционной работы является выявление причин, вызывающих трудности в учебе. Психологическая диагностика помогает выявить внутренние, когнитивные и эмоциональные проблемы, которые мешают учащимся достигать успешных результатов в учебе. Психолог может провести беседы, тестирование, анкетирование и другие методики для оценки уровня мотивации, самооценки, стресса, тревожности и других факторов.

Работа с мотивацией. Одним из важнейших аспектов психолого-педагогической коррекции является повышение мотивации к учебе. Педагог или психолог должны помочь подростку осознать значимость образования для его будущего, связать учебу с личными интересами и целями. Для этого можно использовать методы мотивации, такие как постановка достижимых целей, позитивное подкрепление успехов, индивидуальные или групповые занятия, направленные на развитие интереса к учебе.

Развитие навыков самоорганизации. Важно научить подростка правильно организовывать свое время, планировать учебную деятельность и распределять усилия между различными видами деятельности. Для этого могут использоваться различные методики тайм-менеджмента, тренинги по развитию организационных навыков, создание индивидуальных планов работы, в том числе с учетом отдыха и личных интересов ученика.

Коррекция личностных и эмоциональных проблем. Психологическая поддержка учащихся играет важную роль в коррекции неуспеваемости. Психолог может провести индивидуальные консультации, направленные на преодоление стресса, тревожности и других эмоций, которые мешают успешной учебной деятельности. Также важно развивать у подростков уверенность в своих силах, преодолевая негативные установки и развивая позитивное восприятие себя.

Работа с родителями. Семья играет важную роль в учебной деятельности подростка. Психолого-педагогическая коррекция неуспеваемости не будет полной без вовлечения родителей в этот процесс. Родители должны понимать важность создания благоприятной психологической атмосферы в семье, а также поддерживать своего ребенка в его учебных усилиях. Психолог может проводить консультации для родителей, помогать им наладить контакт с детьми и разработать стратегии поддержки ребенка в трудные моменты.

Педагоги и психологи играют центральную роль в процессе коррекции неуспеваемости учащихся. Учителя должны не только передавать знания, но и активно взаимодействовать с детьми, помогать им справляться с трудностями в обучении, выявлять проблемы и своевременно на них реагировать. Психолог же, в свою очередь, помогает создать поддерживающую атмосферу, проводит диагностику, оказывает эмоциональную и психотерапевтическую помощь, а также разрабатывает индивидуальные программы коррекции.

Психолого-педагогическая коррекция неуспеваемости учащихся среднего школьного возраста — это важный процесс, направленный на помощь подросткам в преодолении трудностей в обучении. Она требует комплексного подхода, включающего диагностику причин неуспеваемости, работу с мотивацией и эмоциями учащихся, развитие навыков самоорганизации, а также активное сотрудничество с родителями. Эффективная коррекция

не только помогает улучшить успеваемость, но и способствует гармоничному развитию личности подростка, его социальной адаптации и успешному включению в образовательный процесс.

Список использованной литературы

- Александровская Э.М. Типологические варианты формирования личности младшего школьников. – М.: Формула, 1993.
- Битянова М.Р. Адаптация ребенка в школе: диагностика, коррекция, педагогическая поддержка. – М., 1998
- Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М., 1968.
- Голицын Г.А. Информационный подход в психологии творчества Исследование проблем психологии творчества под ред. Я.А. Пономарева. – М.: Наука, 1983. С. 210 – 231.
- Коломинский Я.Л. Психология взаимоотношений в малых группах. – М.: Педагогика, 1976.

Байгелова Д.А.

СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ РАБОТЫ С РОДИТЕЛЯМИ СЕМЬИ И ШКОЛЫ - ОСНОВАНИЕ РАБОТЫ С РОДИТЕЛЯМИ УЧАЩИХСЯ СРЕДНИХ КЛАССОВ В СОВРЕМЕННЫХ ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ ФОРМАХ

Кокшетауский университет им.Абая Мырзахметова
Магистрант образовательной программы 7M01101 Педагогика и психология
Научный руководитель: к.п.н. доцент Власенко С.В.

Взаимодействие школы и семьи — важнейшая составляющая образовательного процесса. От того, насколько эффективно происходит сотрудничество между педагогами и родителями, зависит успешность учебного и воспитательного процесса. Особенно актуальным является сотрудничество с родителями учащихся среднего школьного возраста (5-9 классы), когда у детей происходят значительные изменения в психоэмоциональном и социальном развитии, что требует особого подхода к организации воспитания. Важность работы с родителями заключается в создании условий для гармоничного развития личности подростка, формирования ценностей, поддержания мотивации и успеха в учебе.

Данная статья рассматривает актуальные проблемы работы с родителями учащихся средних классов, основные подходы и формы взаимодействия между семьей и школой, а также перспективы для улучшения этой работы в современных условиях.

Родители играют ключевую роль в формировании личности ребенка, его мировоззрения, ценностей и отношения к учебе. Семья — это первичное место социализации, и именно она оказывает сильнейшее влияние на развитие таких характеристик, как самооценка, ответственность, настойчивость, эмоциональная устойчивость и умение работать в коллективе. В процессе перехода детей в среднюю школу важно, чтобы родители не теряли свою активную роль в жизни школьника.

Учебная деятельность подростков в среднем звене становится более сложной, и начинается развитие более сложных когнитивных и эмоциональных процессов. Родители должны понимать, что их участие в жизни ребенка не сводится только к проверке домашних заданий или контролю за успеваемостью. Речь идет о поддержке, мотивации, развитии общих ценностей, которые обеспечат гармоничное развитие личности школьника.

Несмотря на важность взаимодействия школы и семьи, существует ряд проблем, мешающих эффективному сотрудничеству. Основные из них следующие:

Недостаток времени у родителей. В условиях быстрого темпа жизни и профессиональных обязанностей родители часто не имеют достаточно времени для активного участия в жизни ребенка. Это приводит к отсутствию регулярного общения с педагогами, а также затрудняет реализацию совместных проектов и воспитательных инициатив.

Отсутствие осознания роли родителей в воспитательном процессе. Некоторые родители считают, что воспитание и обучение детей — это исключительно обязанность школы. Это приводит к пассивности в отношении воспитательной работы дома и недостаточной поддержке усилий педагогов.

Недостаточная квалификация педагогов по работе с родителями. Несмотря на значимость взаимодействия с родителями, не все педагоги обладают необходимыми знаниями и навыками для эффективной работы с ними. В некоторых школах педагоги не обучены методам педагогического консультирования, что снижает эффективность совместной работы.

Различия в воспитательных подходах. В семьях могут существовать различные взгляды на воспитание и образование детей, что часто приводит к недопониманиям и конфликтам между родителями и педагогами. Например, родитель, придерживающийся авторитарного стиля воспитания, может не согласиться с демократическим подходом в обучении, используемым в школе.

Проблемы с общением в межличностной сфере. Иногда отношения между учителями и родителями осложняются из-за недовольства одной из сторон учебным процессом или поведением ребенка. Это может стать причиной конфронтации, а не конструктивного взаимодействия, что не способствует решению проблемы.

Работа с родителями учащихся средних классов требует использования разнообразных форм и методов взаимодействия, которые позволяют наладить эффективное сотрудничество. Современные формы работы с родителями включают как традиционные способы, так и инновационные подходы. Рассмотрим основные из них:

Оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын арттырады.

Бала жүрегіне жол табу ұстаздың өз мамандығына сенімділігінен, бейімділігінен, айқын мақсатынан көрінеді. Осы үшеуі мұғалім мейірімділігімен ұштасып жатса ғана сабақ сапалы болмақ. Әдістерінің осындай ерекшеліктері оқушылардың шығармашылығын дамытып, сабақтың сапасын арттырады сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы - ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім - әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Меридит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға

сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. “Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Андреева Т. М. Әлеуметтік психология. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Москва:Рассвет. 1998. С 241.
3. Бастауыш мектеп №10, 2015.
4. Бастауыш сынып №6, 2016.

Иманғали Ф.Қ.¹, Бөстекбай Ф.Қ.²

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ЖОБАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Сын тұрғысынан ойлау – баланың жеке тұлғалық дамуын қолдайды. Ойлау қабілеттерінің дамуы, ақпаратты сараптау, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттер – бұлардың барлығы баланың рухани және тұлғалық жағынан өсуіне ықпал етеді. Балалар өз пікірлерін білдіруге, өз идеяларын қорғауға үйренеді, бұл оларды өмірде табысты болуға дайындайды. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі аспектілерінің бірі. Бұл процесс әр баланың өзіндік пікір қалыптастыруына, проблемаларды шешуіне және сыни көзқараспен қарауына мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл ақпаратты талдай алу, оған сын көзбен қарау, іздену және өз пікірін білдіру қабілеті. Бұл қабілет балаларға өз білімдерін ғана емес, сонымен қатар өмірлік дағдыларын дамытуға да көмектеседі. Мысалы, олар жаңалықтарды, ғылыми ақпараттарды немесе әлеуметтік мәселелерді сын тұрғысынан бағалап, өз ұстанымын қалыптастыра алады. Осындай дағдылар 21-ші ғасырда өте маңызды болып табылады, себебі әлемдік өзгерістер мен ақпараттың ағыны өте қарқынды жүріп жатыр.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін көптеген әдістер мен тәсілдер бар. Мысалы, топтық жұмыс, пікірталас, жоба жасау, рөлдік ойындар сияқты әдістер балалардың белсенділігін арттырады. Оқушылар бірлесе отырып, мәселелерді талқылап, шешімдер ұсына отырып, сын тұрғысынан ойлауды тәжірибеде қолдана алады. Мұғалімдер сабақ барысында балалардың пікірлеріне көңіл бөліп, ойларын дамыту үшін ашық сұрақтар қоюлары керек.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Сын тұрғысынан ойлауды үйретудің өзіндік қажет ұстанымдары бар.

Қазақ тілі сабағында сан атты тапсырмалар оқушылардың тілдік материалдарды түсінуіне және олардың сабақтарға белсенді қатысуына ықпал етеді [1].

Жеңілден ауырға қарай, оңайдан қиынға қарай принципі оқыту барысында мұғалім әрбір оқушының танымдық мүмкіндіктеріне, материалдарды меңгеру қабілетіне, ойлау қабілеттерінің даму деңгейіне назар аударуы тиіс. Сыныптағы барлық оқушылардың жасы бірдей болғанымен, олардың мінез-құлықтары, жалпы психикалық қабілеттері бірдей болмайды, осыны ескере отырып, мұғалім оқушылармен жеке жұмыс жүргізуі, білімі төмен балаларға жеңіл тапсырмалар беруі, содан кейін оны қиындату арқылы арттыруы тиіс.

Мұндағы мақсат - « ..баланың шамасына қарай, таным белсенділігіне ықпал жасау, оқушының жалпы дамуын тездетуге әсерету.. ».

Бастауыш сыныпта сан есімді меңгерту бойынша тапсырмалар алдымен жеңілден басталады және бірте-бірте күрделене түседі.

Оқытудың коммуникативтік принципі бойынша бастауыш сынып оқушыларының практикалық өмірде, тілдік қарым-қатынаста алған білімдерін сауатты пайдалануға үйрету қарастырылған. Мұғалім, біріншіден, басқаның пікірін мұқият тындап, дұрыс түсінуі керек, екіншіден, анық және дәл өз ойын жеткізе білуі, оқулықтар мен көркем әдебиеттерді оқып, түсінуі керек, төртіншіден, өз ойын, бесіншіден толық баяндай білуі керек, тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруы керек.

Әңгіме қызметінің жоғарыда аталған бес түрі өзара байланысты. Осының арқасында оқушылардың тілдік мәдениеті жетілдіріліп, жеке қабілеттері дамиды. Өйткені оқушыларды ана тілін білуге, жоғары тіл мәдениетіне баулу-ертеңгі ұлттық санада тәрбиенің негізгі құрамдас бөлігі [2].

Жоғарыда қарастырылған оқытудың дидактикалық принциптері бастауыш сыныпта қазақ тілі сабағында сан есімді оқыту тапсырмаларды қолданудың педагогикалық негіздері болып табылады.

Сан есімді оқыту тапсырмаларын пайдалана отырып, бастауыш сыныптарды оқу кезінде психология ғылымының жетістіктеріне сүйенуге болады. Психология оқушылардың психикалық қабілеттерін, сананың даму заңдылықтарын, іс-әрекеттің объективті заңдарын және қабылдаудың, ойлаудың, қиялдың психикалық құбылыстарының даму жолдарын зерттейді.

Сондықтан қазақ тілін үйретудің психологиялық негізіне сан есімді оқыту тапсырмаларының көмегімен мұғалімнің сабаққа психологиялық дайындығының болуы кіреді, яғни оқушылардың жас ерекшеліктері мен материалдарды меңгеруге қабілеттерінің және оқушылардың білімді меңгеру біліктілігінің қалыптасу деңгейінің есебімен сабақтың қызықты және тартымды өтуінің болуы [3].

Психологиялық ғылымда еңбек адам қызметінің бір түрі ретінде, оқыту және еңбек ретінде түсінеді. Ғалым-психологтар қызметтің өзіндік ерекшеліктерін, оның компоненттерін, анықтамаларын анықтауда әртүрлі көзқарастарды білдіреді.

Психолог-ғалым Кенеш Ә. : «Адам психологиясының сипаттамасын беру үшін оның іс-әрекетінің басты-басты белгілерін атап өткен жөн. Осындай айрықша сипаттардың бірі - адамның дүниедегі заттарға, құбылыстарға, еңбек объектісіне, оның процесіне назар соғуы, зейін қоюы, әр уақыт адам санасының бір затқа, құбылысқа, болмысқа бағыт алып » отыруын іс-әрекет деп таниды. Ғалымның пікірі іс-әрекеттің анықтамасын жан-жақты ашып көрсеткен пікір [4].

В.В. Давыдов адамның қоршаған өзгертуге арналған практикалық қимылын іс-әрекет деп таниды: «Іс-әрекет—бұл объективті әлемді адамзат қоғамының практикалық қайта құрылуы дейді». Ғалым іс-әрекетті іштей мынадай бөліктерге жіктейді образ - зат (предметность) - мағына (смысл) - іс-әрекет (действия) жіктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Андреева Т. М. Әлеуметтік психология. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Москва:Рассвет. 2018. С 241.
3. Бастауыш мектеп №10, 2015.
4. Бастауыш сынып №6, 2016.

Сенкубаев С.Т.¹, Галымова К.С.²

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАТТЫҒУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
Kuralai.galymova@mail.ru

Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілін дидактикалық әдіс арқылы оқытып, оқушылардың шығармашыл ойларын қалыптастыру – бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі. Себебі оқыту процесінде тиімді қолданылған дидактикалық әдістерді оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, сол арқылы шәкірттердің ана тілінің терең қатпарларын игеруге, асыл маржандарын түсінуге жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы мемлекет тарапынан білім беру мекемелеріне қойылған талаптардың іске асырудың игі әсерін тигізеді [1].

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа қызығушылықтарының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, дидактикалық әдістер оқушылардың лидерлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпал етеді. Дидактикалық әдістер оқушыларды тілдік материалдарға қызықтырумен қатар тіл білімінен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Мұның өзі дидактикалық әдістер оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Дидактикалық әдістер барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік қарым-қатынасқа оңай түседі. Бұл шәкірттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалды терең игеруіне ықпал етеді [2].

Білім беру, жалпы білімнің даму тарихы ертеден басталады. Кейінірек ол дидактика ғылымына сүйеніп дамыды. Дидактика педагогиканың негізгі ғылымы болып табылады. Оны оқыту және білім беру теориясы деп атайды.

Дидактика – гректің “дидактикос” деген сөзінен шыққан. Оның мағынасы білім беру мен оқытудың теориясы немесе “оқытамын”, “білдіремін” деген түсінік [3].

Дидактиканың негізгі қарастыратын мәселелері: оқытудың мазмұны, процесі, әдістері, түрлері, заңдылықтары, принциптері т.б.

Дидактиканың негізгі ұғымдары (категориялары) бар. Олар: оқыту, білім беру яғни, оқыту процесі, оқытудың принципі, білім берудің мазмұны, оқытуды ұйымдастырудың түрі. Сонымен әр ұғымға талдау жасайық:

1. Оқыту процесі – ұстаз бен шәкірттің өзара әрекетіне бағытталған, мақсат көрсетілген процесс. Бұл процесс барысында балаларға білім беру, тәрбиелеу және оларды дамыту іске асады.

2. Оқытудың принципі – оқыту процесінің тиімділігін арттыруға қажетті ең негізгі дидактикалық талаптар жүйесінен анықталады. Дидактикалық принциптер оқушылардың таным қызметі және оқыту мақсаттарымен тығыз байланыста болады. Оқыту принципі оқу пәндерін оқытудың барлық сатысында қолданылатын жалпы қағидалар болып табылады.

3. Білім берудің мазмұны. Жеке адамның жан-жақты дамуы және қалыптасуы үшін меңгеретін білім, іскерлік, дағды жүйесі, білім берудің мазмұны.

4. Оқытудың ұйымдастыру түрі (формасы) дегеніміз – ұстаз бен шәкірттердің арнайы ұйымдастырылған, белгіленген тәртіпте жүргізілетін оқу-таным, іс-әрекет процесі. Оқытуды ұйымдастыру оның мазмұны, әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асырылады [14, 87-89].

Дидактиканың өзінің тарихы бар. Ол чехтің ұлы ұстаз ғалымы Ян Амос Коменскийден (1592-1670) келеді. Оның «Ұлы дидактика» (1657 ж.) деген еңбегінде оқыту теориясының түйінді мәселелерін шешіп берді. Мектептерде қолданылып жүрген оқытудың көрнекілік, жүйелілік, бірізділік принциптерін кезінде Я.А. Коменский ұсынған.

Я.А. Коменский білім беру мен оқыту шәкірттердің жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкес жүруін, оқыту мен тәрбиелеу мақсатының тығыз байланыста болуын талап етті, оқытудың сынып-сабақ жүйесін белгіледі.

Орыс педагогі К.Д. Ушинский (1824-1871) Я.А. Коменскийдің еңбегін Ресейде насихаттап, дамытады

Ы. Алтынсарин (1841-1889) Я.А. Коменскийдің, К.Д. Ушинскийдің ықпалымен қазақ даласына еуропалық білім беру жөніндегі жаңалықтарды әкелді, еуропалық білімді уағыздап таратты, мектептер ашты, қазақ жастарын оқытты. Оның «Қырғыз хрестоматиясы» (1879 ж.) кезінде өте құнды еңбек болып саналған, ол өзінің құндылығын бүгін де жоғалтқан жоқ.

Кеңес дәуіріндегі дидактиктер, психологтар, әдіскерлер С.Т. Шацкий (1878-1934) пайдалы еңбекті ұйымдастыру әдісі, П.П. Блонский (1884-1941) педология, П.Н. Груздев (1889-1953) оқыту процесіндегі ойлау туралы еңбектер жазған, сөйтіп дидактикаға өз үлестерін қосқан ғалымдар. Олар шәкірттердің ақыл-ой дамуының оқытудағы мақсаткөздеушілік процесінде белсенді және саналы түрде білімді игеру мәселелерін зерттеген [14, 95].

Одан бері де қазақстандық ғалымдар А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Қожахметов, А.У. Сембаев т.б. оқыту тәсілдерінің түрлерін, шәкірттердің танымдық іс-әрекеттерін белсендіре түсуге бағытталған зерттеулермен айналысқан.

Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Л.В. Занков, П.Я. Гальперин т.б. оқыту мен даму арасындағы байланысты тереңдете көрсеткен. Әсіресе олар қарым-қатынас мәселелеріне көп көңіл бөлген.

Кейінгі кезде озат – жаңашыл ұстаздар Ш.А. Амонашвили, Е.Н. Ильин, И.П. Волков, қазақстандықтар Р. Нұртазина, Қ. Нұрғалиев, А. Ысқақов, т.б. дидактикаға өз үлестерін қосқан және қосып та жүрген азаматтар.

Сонымен жалпы оқытудың, білім берудің, орта білімнің тарихы ерте заманнан басталып, «дидактика» деп аталып күні бүгінге дейін дамып келеді және дамиды да. Бірақ әр ғылымның, оның ішінде білім туралы, оның мазмұны туралы, өзінің шарықтап дамитын немесе тоқырайтын кезеңдері болады [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ж. Қараев. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар. – Шымкент: Эврика-media, 2013. – 206 бет.
- 2 Ә. Жүнісбек. Жаңа технология негізі – сапалы білім. //Қазақстан мектебі. №4, 2008.
- 3 Ш.Т. Таубаева. Білім мазмұнын құрастыру және педагогика ғылымы әдіснамасы теорияларының өзара байланыста дамуының өміршеңдігі// Білім берудегі менеджмент. – №4, 2011. –170 бет.
- 4 Қ. Қабдықайыров. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 бет.

Сенкубаев С.Т.¹, Галымова К.С.²

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОЙЫН-ДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
Kuralai.galymova@mail.ru

Жалпы білім берудің Қазақстандық моделі негізі болуы үшін оқушылар санасына өз халқының тарихи тамырын, рухани және адамгершілік қағидаларын азаматтық және отан сүйгіштік идеяларын басқа халықтарға деген ізгі көзқарастарын сіңіру қажет.

Мемлекеттік тіл мәселесі – өте маңызды, мемлекеттік мәні бар мәселе. Осы орайда мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын одан әрі кеңейту және мәртебесін көтеру мәселесін барлық жерде кеңінен қолға алып, тікелей ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу қажеттігін тұрақты күн тәртібіне қою керек. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс тілді сыныптарға қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Бүгінгі қоғам оқытушының біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр, өйткені қазіргі күні ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. «Тіл қарым-қатынас құралы. Сондықтан оған тән белгілерді сөйлем шекарасынан шығып, тыңдаушы, сөйлеуші жағдай, стиль сияқты уәждемелерді қамти отырып, анықтауға болады» [1].

Тіл үйрену тәжірибесінде лексикалық минимумдарды қатар үйрену міндетті түрде ұштасып отырады. Лексикалық минимум сөздік қордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздік қордың қалыптасуына ықпал етеді. Лексикалық минимум қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер) минимальды сөздер мен сөз тіркестерінің жиынын қамтиды. Минимум қазақ тілін өз бетінше үйренуге және қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Минимум тілді үйренудің әлемдік және еуропалық стандарттарының принциптеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған. Лексикалық бірліктерді таңдаудың мақсаты қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білудегі қолданылатын белсенді сөздік қорын сараптау мен оларды жүйелеу. Осыған орай орыс тілді сыныптар үшін тіл үйренуде өз ойын пайымдап, оны айта біліп, сөздер мен сөз тіркестерді тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолдану саласына қарай топтастыра білуі, сонымен қатар тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алуы сияқты талаптар анықталады. Әрбір деңгейдің лексикалық минимумы келесі принциптерге негізделген: Жүйелілік, сабақтастық, дамытушы, коммуникация, нәтижелілік.

Жүйелі құрастырылған лексикалық минимум орыс тілді сыныптарға қазақ тілінің сөздері мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалану, әртүрлі жағдаяттарда тілдесу тақырыбына байланысты лексикалық бірліктерді дұрыс пайдалану қабілеттерін қалыптастыруына ықпал етеді. Минимумдар лексикалық сатылар негізінде құрастырылған және мағыналары және тақырыптары бойынша топтарға бөлінген. Барлық сатылардың мазмұны белгілі бір реттілікпен бірін-бірімен жүйелі байланыстырылған. Бірінші саты үш сөз табымен көрсетілген. Олар: зат есім, сын есім, етістік. Екінші саты – бұл сан есімдер, есімдіктер,

үстеулер. Үшінші саты – жалғаулықтар, одағайлар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері бөлек көрсетілген және олардың орысша, ағылшынша баламалары берілген. Лексикалық бірліктерді сөз таптары бойынша бөліктермен бөліп беру сөздерді сөйлемдерде пайдалануды жеңілдетеді, себебі әрбір сөз табы сөйлемде белгілі бір қызмет атқарады. Тілді тиімді меңгеру үшін әрбір сөз табының сөздер жиыны мағыналық топтар мен бөліктерге бөлініп берілді. Бөліктер мағынасы бойынша бірін-бірімен тығыз байланысты сөздерден тұрады [2].

Қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы тіл үйренудің бірінші сатысы болып табылады. Бұл деңгейдің сөздері күнделікті өмірдегі жағдаяттарға негізделеді. Тіл үйренуші күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік материалдарды меңгеруі қажет.

Базалық деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесу жағдаяттарына және қоршаған өмірге байланысты сөйлеу коммуникациясында пайдаланылатын сөздерді дұрыс қолдануды талап етеді.

Орта деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесім жағдаяттары мен қоршаған өмірге сәйкес тақырыптардың стилистикалық бірліктерін әдеби нормаларға сәйкес дұрыс қолдануды үйренуге бағытталған.

Ортадан жоғары деңгейдің лексикалық минимумы әртүрлі сөйлесім жағдаяттары мен әлеуметтік өмірден алынған белсенді сөздер мен сөз тіркестерін әдеби стиль бойынша дұрыс пайдалануына көмегін тигізеді.

Жоғары деңгейдегі лексикалық минимум өмірдің әртүрлі әлеуметтік салаларына байланысты лексикалық бірліктерді еркін меңгеруге және лексикалық бірліктерді әдеби, ғылыми және кәсіби стильде пайдалануға бағытталған» [3].

Оқушы жастар ұлттың болашағы, қоғамның әлеуметтік байлығы, біз олардың адамзаттық жоғары парасаттылығын, ақылдылық пен білімділігін, адамгершілік негізін қалыптастыра білуіміз керек. Сонымен педагогикалық оқыту әдістеріне нәр беретіндер немесе табиғи негіздер: ғылыми таным, күнделікті таным, ақпарат алмасу боып табылады. Осылар баланы, ұстазды ойға жетектейді, оқыту әдістерін пайдалануға, қоршаған ортаны, әлеуметті, табиғатты зерттеуге итермелейді.

Ғылыми таным арқылы баланы оқыту әдістері өте күрделі. Жоғарыда айтқандай ғылыми танымның элементтері бастауыш сынып сабақтарында беріледі. Танымның бұл түрі жоғары сынып оқушыларына физика, химия т.б. пәндер арқылы жалғасады. Мұнда да бақылау, ақпарат, талдау, болжау, алдыңғы қатарлы тәжірибені жинақтау т.б. әдістері қолданылады. Бірақ бұл ғылыми тұрғыда. Ақпарат алмасу, пікір-сайыс, пікір-талас, қарым-қатынаста ұстаз баланың жас және дербес ерекшеліктеріне байланысты ғылыми таным мен күнделікті танымнан пайда болған ой-санасын сараптап жүйеге түсіреді. Осының нәтижесінде ұстаз бен шәкірттің оқыту, оқу қарым-қатынасы пайда болып, оқыту әдістері айқындалады.

Тіл байлығы – сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О. Төлегенов. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модельді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 2012. – 178 бет.
2. Р. Рахметова, Ф. Оразбаева. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері. – Алматы: Әрекет-Принт, 2012. – 267 бет.

3. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. – Астана, 14.12.2012.

Бердыбекова Н.С.¹, Давлатова А.Ә.²

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПАЛДЫ ДАМУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АЯСЫНДА 1-ШІ СЫНЫПҚА ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндетіне ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау үшін білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген [1]. Себебі қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыра алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, жаңа ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана білетін мамандар дайындау міндеті тұр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім алушылардың шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу талабы қойылған [2]. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жүйелі бірізділікпен тарқатылады. Онда қазіргі қазақстандықтардың, соның ішінде білім алушы жастардың заман талабына сай іс-әрекеті олардың ұлттық тұрпатты сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, прагматистік тұрғыдан ойланып, іс-әрекет жасай алатын тұлға болуының маңызы дәйектелген.

Психодиагностиканы мектеп жасына дейінгілерге қатысты қолданатын болсақ, оған балалар өз отбасында және балалардың білім беру мекемелерінің білім беру, дамыту ортасында (жағдайында) өсті деген мағынада бүкіл мектепке дейінгі шағын психологиялық зерттеу бойынша қызмет деп анықтама берсек болады. Яғни, мектепке дейінгі мекемелер жағдайында психологиялық диагностиканың зерттейтін ауқымына балалардың жас шамасына байланысты жеке ерекшеліктері, олардың психикалық дамуындағы ауытқулар мен бұзылымдардың себептерін анықтау жатады. Алға қойылған психологиялық түйткілді шешу үшін балалар психологы психодиагностикалық қызметтің мағынасын белгілеп алуы керек болады. Ең алдымен, бұл мәселеде психологиялық әсер еткіміз келіп отырған бағыттар бойынша жігін ажыратып алу қажет: балалар, ата-аналар, тәрбиешілер және педагогтар. Ал, сәл ересек, яғни 3-4 жастан 5-6 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгілерге келсек, өздерінің танымдық әрекеттерін басқаруда дербестік элементтері көзге шалынып қалады. Сонымен қатар, осы жастағы көптеген жастағы балалардың танымдық дамуында әлі де тәуелді танымдық үрдістер басым, және қоршаған әлеммен жаңадан танысу кезінде бұлдіршін дәл осындай амалдарға арқа сүйегісі келіп тұрады. Біз мектеп жасына дейінгілердің сана сезімінің салыстырмалы түрде айтқанда төмен деңгейде дамуы туралы сөз қозғағанда, мынадай мағынаға сүйенеміз:

Балалар – еліміздің болашағы. Қоғамымыздың өркендеуі, келешек ұрпағымызды рухани – адамгершілікке тәрбиелеуімізге, сана – сезімдерін, білімдерін заман талабына сай

дамытуымызға байланысты. Балаларды мектепке дайындау білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымы мен практикасындағы келелі мәселелердің бірі. Баланы мектепке дайындау-біртұтас құрылым. Бұл кезең ата-аналарға, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне жауапты міндеттерді жүктейді. Мектепке келу-бала өміріндегі маңызды өткел, ол жаңалықтарға толы өзгеше өмір, жаңа іс-әрекеттер, қоғамдық ортадағы жаңа орын, ересектермен жаңа қарым-қатынасқа көшу. Мектепке дейінгі баланың әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен денсаулығын, дене бітімі дамуын, ақыл — ойын тұлғалық жағдайының қалыптасуын жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту.

Баланы мектепке қалай дайындаған жөн? Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін ойдағыдай шешу, оқытудың тиімділігін арттыру үшін балалардың мектепте оқуының дайындық деңгейін нақты ескере отырып, дұрыс бағытта жұмыс жасай білу керек. Мектепке дейінгі мекемеде мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жыл бойында жүзгілетін балалардың құзыреттілік қалыптасу деңгейін бағалау мониторингі көрсеткіштер (бастапқы, аралық, қорытынды) мәліметтеріне назар аудара отырып психологиялық дайындық деңгейін анықтауды жоспарлау тиімді. Балалардың мектепке даярлығы төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталады:

1. Жоспарлау — бұл мақсатқа сәйкес өз іс — әрекетін ұйымдастыра білу іскерлігі.

- баланың әрекеті мақсатпен сәйкес келмеуі — төменгі деңгей; баланың әрекеті мақсаттың мазмұнына жартылай сәйкес келуі-орта деңгей; мақсаттың мазмұнына баланың әрекеті толығымен сәйкес келуі — жоғары деңгей;

2. Бақылау- қойылған мақсатпен өз әрекетінің нәтижесін салыстыру іскерлігі.

- бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа мүлдем сәйкес келмеуі — төменгі деңгей (баланың өзі бұл сәйкессіздікті көрмейді); бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа жартылай сәйкес келуі — орта деңгей (жартылай сәйкессіздікті бала өз бетінше көре алмайды); бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа толық сәйкес келуі, бала өз бетінше алған нәтижесі мен қойылған мақсатты салыстыра алуы — жоғары деңгей;

3. Оқу мотивациясы-бұл заттардың және қоршаған әлем заңдылықтарының жасырын қасиеттерін табуға, қолдануға ұмтылу.

- бала тек қана заттардың сезім мүшелеріне мүмкін болатын қасиеттеріне ғана бағытталса, онда ол — төменгі деңгей; бала қоршаған әлемнің кейбір жалпыланған қасиеттеріне бағытталуға және жалпылауларды табуға қолдануға тырысады; қоршаған әлемнің заңдылық қасиеттерін қабылдаудағы құпияны табуға тырысудың айқын көрінуі және осы білімді өз іс — әрекетінде қолдануға деген құштарлық — жоғары деңгей;

4. Ақыл-ой дамуының деңгейі.

- өзге адамды тыңдай білмеуі, талдау, салыстыру, жалпылау, абстракциялау және нақтылау сияқты логикалық операцияларды сөздік түсінік түрінде орындауы — төменгі деңгей; өзгені тыңдай алмауы және сөздік түсінік түрінде орындалған логикалық операциялардағы қателіктер — бұл орташадан төмен көрсеткіш; өзгені тыңдай алмауы және сөздік түсінік түрінде берілген салыстыру, жалпылау сияқты қарапайым логикалық операциялардың қатесіз орындалуы, күрделірек логикалық операцияларды, яғни абстракциялаудағы, нақтылаудағы, талдаудағы, жинақтаудағы жіберілген қателіктердің болуы — орта деңгей; өзгені түсінудегі және барлық логикалық операцияларды орындаудағы кейбір қателіктерді, бала ересектің көмегінің өзі түзетуі — бұл жоғары деңгей; өзге адамды тыңдай алу мүмкіндігінің болуы және сөздік түсінік түріндегі барлық логикалық операцияларды орындауы — бұл өте жоғары деңгей. Осы аталған көрсеткіштер бойынша мектепке келген баланы былайша бөліп көрсетуге болады:

1. Мектепке даярлық деңгейі төмен бала — өз әрекетін жоспарлай және бақылай алмауы, оқу мотивациясы төмен (тек сезім мүшелеріне ғана бағытталған), өзгені тыңдайды және түріндегі логикалық орындауды білмейді.

2. Мектепке даярлық деңгейі орта немесе жоғары бала — өз әрекетін басқарып бақылай алады (немесе осыған қарай ұмтылады), қоршаған ортадағы заңдылықтармен, заттардың жасырын қасиеттеріне бағытталған, өзгені тыңдай алады және сөздік түсінік түрінде логикалық операцияны орындай біледі (немесе тырысады) [3].

Олай болса, балада өзі меңгерген әдеп нормаларына сәйкес басқалардың іс-әрекетіне, басқаларға эмоциялық қатынас болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жоғарғы тобы әрекеттің нәтижесіне ғана емес барысына да баға бере алалды. Олар мадақтаудың әділдігіне, жамандыққа кек қайтару сияқты күрделі этикалық мәселелерге де өзіндік ұстаным танытады [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Баланы мектепке дайындаймыз». Әдістемелік құрал. Қарағанды ҚРУ-ң баспасы.2018.
2. Выготский Л.С. «Психология»-М.,2015.
3. Кравцова Е.Е. «Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе»-М. 2015.

Бердыбекова Н.С.¹, Давлатова А.Ә.²

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПАЛДЫ ДАМУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АЯСЫНДА 1-ШІ СЫНЫПҚА ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі заманда 6 жасар балаларды мектепке оқытуға дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Алты жасар баланың алғаш рет мектепке келуі - балаға да және оның ата-анасына да өте жауапкершілікті кезең болып саналады. Оқу әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету үшін баланың дені сау және жан-жақты даярланған болуы қажет.

Мектепте оқу - бала өміріндегі әр түрлі жүктемесі бар ең маңызды кезеңге жатады: бала өміріндегі әлеуметтік -психологиялық өзгерістер - жаңа қарым-қатынастар, жаңа міндеттер, «оқушының» жаңа әлеуметтік рөлі. Оқушы болу баланы саналы түрде өзінің орнын, мұғалімнің позициясын, қарым-қатынастағы белгіленген ара қашықтықты, осы қарым-қатынастар құрылатын ережелерді талап етеді. Мұнда баланың мектепке бейімделуінің бірінші кезеңінде баланы бірге алып жүретін адамдар - мұғалімдер мен ата-аналар қандай іс-әрекеттерді таңдайтындығы; қандай да бір қиын жағдайда тиімді әрі дер кезінде психологиялық қолдау көрсету мүмкіндіктерінің қалай болатындығы өте маңызды рөл атқарады. Әсіресе алғашқы күндер (кейбір балалар үшін алғашқы айлар) қиын болады. Бұл уақытта жаңа жағдайға бейімделудің қиын үдерісі жүріп жатады. Бейімделу кезеңінде баланың ұйқысы бұзылады, тәбеті тартпайды, ашушандық, мазасыздық, тұйық мінезділік, жылау, балаға тән емес көп сөйлегіштік немесе сөзге сарандық және т.б. өзгерістер болады. Бұлардың барлығы жүйкесінің шаршауының сыртқы көрінісі болып табылады, бірақ бұл өзгерістер уақыт өте келе қалпына келеді, балалар мектеп өміріне үйренеді, аз шаршайды; көңіл-күйлері көтеріңкі жүреді, ата-аналарымен, құрдастарымен еркін араласады, тапсырмаларды орындауға тырысады.

Көптеген балалардың мектепке бейімделу үдерісі осылайша орын алады. Ал кейбір балаларда жаңа жағдайға бейімделу аса ауыр міндет болып табылады: олар жиі әрі ұзақ

ауырады, ауырғаннан кейін ағзалары әлсіреп, қарсы тұру қабілеті төмендейді. Неліктен көптеген балалар оқудың алғашқы кезеңін бұлай қабылдайды? Мәселе өте күрделі. Балалардың мектепке бейімделу ерекшеліктерінің басты себептердің бірі - баланың денсаулық жағдайы, биологиялық жетілу деңгейі, сондай-ақ оқыту үдерісіне қажетті сол біліктер мен әрекеттердің дамуы болып табылады.

Физиологиялық бейімделу. Жаңа талаптармен жағдайларға үйрене келе бала ағзасы бірнеше кезеңнен өтеді: 1. Алғашқы 2 – 3 аптасы физиологиялық екпінде өтеді. Осыған байланысты қыркүйек айында балалар жаңа талаптарға бейімделе алмай көп ауырып қалады. 2. Келесі бейімделу кезеңі - тұрақсыз ыңғайлану. Бала ағзасы жаңа жағдайда өзіне жақын нұсқаны табады. 3. Бұдан кейінгі тұрақты ыңғайлану кезеңі басталады. Бала ағзасы жүктемеге аз күш жұмсайды.

Бірінші сынып оқушыларының физиологиялық бейімделудің қиындығын, көптеген ата – аналар мен мұғалімдер дұрыс бағаламауға бейім тұрады. Сонымен қатар, дәрігерлердің бақылауы бойынша 1 – тоқсанның соңында оқушылардың арықтауы, қан қысымының төмендеуі, ал басқаларында керісінше байқалады. Осы қиындықтардың туындауы балалардың үйдегі еркелігіне әкеп соғады.

Әлеуметтік – психологиялық бейімделу. 6 – 7 жастағы бала мектепке барғанда жетілуіндегі ерекше кезеңнен өтеді. Бұрынғы бөбектің мәртебесі өзгеріп, жаңа әлеуметтік «оқушы» мәртебесіне ие болады. Баланың «мен» деген әлеуметтік мәртебесі пайда болды деп есептеуге болады. 1 сынып оқушыларының сырт келбетінің өзгеруі жеке тұлғаның өз бетінше білім алуы, құндылықтарды қайта бағалауымен ерешеленеді.

Бұрынғы мәнді маңыздылар екінші дәрежелік болады, ал оқуға деген көз қарас құнды бола бастайды. Баланың 6-7 жас кезеңінде сезім саласында салмақты өзгерістер болады. Бірінші сыныптар үшін аса маңызды: - баланы мектеп өміріне төселуге үйрету. Оқушының «ішкі көз қарасын» қалыптастыруда жаңа деңгейде ересектермен араласу қажеттілігі және танымдық қажеттілігі туындайды. Мектеп ережесіне сәйкес мектеп деген не, не үшін білім алу керегін баламен әңгімелесе отырып түсіндіру қажет. Бірінші сынып оқушысы үшін өзінің мектеп ортасына қабылданғанын сезіну өте маңызды. Мектепте жемісті оқу үшін өзінің күшіне, өзінің қабілетіне және мүмкіндігіне оқушы сенімді болуы керек. Өзінің оқушы атанғандығы туралы оң көз қараста болуы, оған өзгерген өмір жағдайына және оқушылық дәрежеге нық тұруына жақсы бейімделу мүмкіндігін береді, сондай – ақ мектепке деген жақсы сезімдік қатынас қалыптастырады. - оқушы күн тәртібін жасау. Мектеп күн тәртібін бірізділікпен құру.

Баға туралы ұғымды түсіндіру, өзін - өзі бағалауды және әр-түрлі тәсілдердің дұрыстығын, ұқыптылығын, әдемілігі сияқты әдістерді баламен бірге қызығушылығын арттыра отыра, осының барлығына қол жеткізуге мүмкіндік туады. - балаға сұрақ қоюды үйрету. - балаға өз сезімімен қалай дұрыс жұмыс істеу керегін үйрету, өз сезімдерін басқару тәсілдерін дамытуды үйрету. - тәртіпке сай оқушы өзін ұстауы тиіс, назар қойып тыңдап және тапсырманы анық орындап, ауызша жұмыс істегенде және де көзбен көріп қабылдау бойынша бейнелеу. Бұған ереже бойынша ойындар және дидактикалық ойындар көмектеседі. Көптеген оқушылар тапсырманы ойын арқылы жақсы түсінеді. - Оқу дағдысы таным және әлеуметтік танымнан құралады, сондай-ақ Н.И. Гуткиннің есебі бойынша оқу дағдысы қажетті өз бетінше деңгейде қамтамасыз етеді. - араласу дағдысын дамыту. Жайлы бейімделудің белгілері: Біріншіден оқу барысында балаға қолайлы болуы керек. Өзіне сенімсіздік және қорқыныш сезімдері болмайды, мектеп барлық жағымен оған ұнайды. Екіншіден бала жеңіл түрде берілген тапсырманы лезде орындауы тиіс. Егер мектеп қарапайым және дәстүрлі бағдарламада жүргенде, бала сабақ барысында қиындықтарға тап болған жағдайда, сынап мінемей, басқа балалармен салыстырмай қолдау көрсете білу керек. Балалар әр-түрлі болады. Егер сабақ барысы қиын болған жағдайда және шет тілдерін қоса алып жүру балаға тым артық салмақ болады. Уақытында дұрыс жолға сала оң бағыт беру керек, бұлай болмаған күнде денсаулығы сыр беруі мүмкін. Мұндай жағдайларда, бала тереңдетілген сыныптан, қарапайым сыныпқа ауыстырса өзін қолайлы сезінетін болады.

Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап балаға күш беріп, қолдау көрсете білсе, бала қалыптаса бейімделіп кетеді. Үшінші табысты бейімделудің белгісі – баланың өз бетінше жұмыс жасауы, тапсырманы аяқтап болған соң ғана ересектер көмегіне жүгінуі аса маңызды. Ата-аналардың баланың орнына үй тапсырмасын жасайтын кездері болады, бұл қарама-қарсы әрекет, бұдан бала өзіне деген сенімсіздікті жоғалтады. Басынан баланың өзіне қарсы сұрақ қойып, ата-аналар көмектесуді азайтуы керек. Ең бастысы бала өзінің қоршаған ортасына, яғни сыныптас достарына және ұстазына бейімделуі. Ата-аналардың балаларға сабақтан тыс көп қыдыратына, үйге кеш оралатына шағым айтады. Бір жағынан бұл көп достар табуға және қоршаған ортасын танып білуге көптеген көмегін тигізеді. Мұғалімнің алдында оқушы өзін қалай ұстау керегін айтып түсіндіру керек. Алғашқы ұстаз – бұл оқушы және де отбасы үшін аса маңызды адамдардың бірі. Басынан бастап бір-бірімен тығыз байланыс орнату, сіздің балаңыз үшін аса маңызды және де балаңыз сізді мақтан тұтатын болады! Мұғалімнің айтқанымен келісіңіз, ата-аналармен мұғалімнің келісі болмаған жағдайда бала зардап шегеді. Әр бір мұғалім сізден қолдау күтеді, ешқашан сынап мінеуге асықпаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Баланы мектепке дайындаймыз». Әдістемелік құрал. Қарағанды ҚРУ-ң баспасы.2018.
2. Выготский Л.С. «Психология»-М.,2015.
3. Кравцова Е.Е. «Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе»-М. 2015.

Бердыбекова Н.С.¹, Дадажанова А.Н.²

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мектеп оқушыларының денсаулығын қалыптастыру мен нығайтуда бастауыш сыныпта оқу кезеңі маңызды орын алады. Соңғы жылдары байқалып отырған мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлауы көбірек көңіл бөлуді және оны қалыптастыру мен нығайтудың нақты шараларын қабылдауды талап етеді. Жас ұрпақтың денсаулығына қатысты көптеген зерттеулердің нәтижелері елеулі алаңдаушылық тудырады. Экологиялық жағдайдың теріс өзгерістері, әлеуметтік-экономикалық проблемалар, тар медициналық мамандандыру аясында білім беру ұйымдарында денсаулығы әлсіреген балалардың өсу динамикасын анық байқауға болады. Олар оқу әрекетіне бейімделуде, зейінін жинақтауда және оқу тапсырмаларын орындауда қиналады. Ағзаның мұндай күйі ең озық педагогикалық технологиялардың тиімділігін төмендетіп, тұлғаны дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды айтарлықтай қиындатады. Жылдан жылға дені сау балалардың саны азайып, олардың жалпы сырқаттанушылық деңгейі артып келеді. Балалардың денсаулығына тұқым қуалаушылықпен және экологиямен бірдей әсер ететін шешуші фактор мектеп ортасы болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие процесінде салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында денсаулықты сақтайтын технологияларды жобалау және енгізу арқылы бастауыш сынып оқушыларының денсаулығының сапасын арттыру Бастауыш

сыныпта салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған білім берудің құрылымын негіздеу және мазмұнын анықтау, бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру үшін педагогикалық жағдайлар жасау бойынша негізгі бағыттарды анықтау; – салауатты өмір салтын қалыптастыру критерийлерін анықтау және әзірлеу, денсаулық сақтау технологияларының әзірленген жүйесінің тиімділігіне эксперименттік сынақ жүргізу [1].

Мектептегі оқу үдерісіндегі жүктеменің артуы бастауыш сынып оқушыларының денсаулығына едәуір зиян келтіруде. Зерттеулер бойынша мектеп оқушыларының денсаулығына ең жағымсыз әсерлері: физикалық белсенділік, оқу жүктемесінің жоғарылауы, дұрыс тамақтанбау, гигиеналық нормаларды сақтамау, жиһазға, жарықтандыруға және т. б. қойылатын талаптар, сондай-ақ балалар, педагогтар мен ата-аналар арасында денсаулық пен салауатты өмір салты туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы мектептің қанағаттанарлықсыз көрсеткіштері. Денсаулық адамның әлауқатының, бақытының ең маңызды құрамдас бөлігі, адамның негізгі құқықтарының, еліміздің табысты әлеуметтік-экономикалық дамуының шарттарының бірі екені белгілі. Халықтың денсаулығы елдің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық, санитарлық-гигиеналық жағдайын көрсетеді және оның прогрессивті дамуының қарқындылығына әсер етеді. Сондықтан денсаулық — кез келген қоғамның сапалық қасиеті. Дамыған елдерде халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін білім беру және экономикалық тетіктер қолданылады және бұл денсаулық мәселесін шешудің іргелі бағыты болып табылады. Қазақстанда 80-жылдардың ортасынан бастап халық денсаулығының сапасы мен деңгейінің төмендеуі тіркелді және бұл дәрігерлердің, психологтардың, мұғалімдердің, әлеуметтік қызметкерлердің және барлық азаматтардың белсенді, түбегейлі және келісілген әрекеттерін талап ететін өзекті мәселе. Қазақстандағы халық денсаулығының теріс динамикасы білімнің әртүрлі салаларындағы ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етті, бұл мәселені шешудің тиісті бағыттары мен технологияларын әзірлеумен тығыз байланысты [2].

Адам денсаулығын сақтау және дамыту мәселесін шешу үшін мектеп оқушыларының денсаулық мәдениеті мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру қажет. Соңғы жылдары педагогика ғылымында салауатты өмір салтын үлгілеу, денсаулықты сақтау және нығайту саласында жеткілікті тәжірибе жинақталды. Денсаулықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар ашылды. Осыған қарамастан, мектеп оқушыларының денсаулықты сақтау туралы білімдері төмен, салауатты өмір салтын жүргізу үшін олардың дағдылары мен дағдылары жеткіліксіз, қоршаған орта факторларының адам денсаулығына және болашақ ұрпақтың гендік қорына әсерін тиісті түрде бағалай алмайды. Психологиялық-педагогикалық дереккөздер денсаулыққа құндылық ретінде қатысты белсенді өмірлік ұстанымды белгілейтін оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін, «денсаулық мәдениеті» ұғымының мазмұны мен оның қалыптасу кезеңдерін жалпылама және жеткіліксіз талдамайды студенттер толық ашылмаған. Зерттеу әдістемесі. Денсаулық сақтау технологияларын жобалауда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен қолдауға ықпал ететін жағдайларға сәйкес түзетілген оқу-тәрбие және сабақтан тыс процестерді ұйымдастыру маңызды рөл атқарады.

Денсаулыққа бағдарланған тәсіл — бұл қазіргі мектептің маңызды міндетін шешуге арналған құралдар, әдістер мен жұмыс нысандары — білім беру процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу, дені сау адамның әдеті мен қажеттілігін қалыптастыратын тәсіл және өмір салты. Денсаулыққа бағытталған көзқарас формаларды, әдістерді және құралдарды біріктіреді. Мектептерде денсаулықты сақтайтын технологияларды енгізу мәселесі когнитивті экономикаға тікелей қатысты. Бұл ғылымда адамдардың еңбек қызметі және оны жүзеге асыру процесі денсаулықты қорғауға және нығайтуға арналған жағдайларды жобалау кезінде барлық экономикалық талаптар сақталуы керек. Сонымен қатар, оқытылатын материалдың көлемі мен қарқындылығын қалыптастыруға, оқу процесінде артық жүктемелерге жол бермеуге әсер ететін санитарлық-гигиеналық және

медициналық талаптар бар. Дизайн талаптарға сай болса, оқу процесін сапалы деп атауға болады және мектеп оқушыларының денсаулығына жақсы әсер етеді.

В. М. Монахов әдістемелік технологияның дамуының келесі кезеңдерін атап өтті: – таңдалған технологияны теориялық негіздеу; – дидактикалық модуль мен техникалық процедураны әзірлеу; – әдістемелік құралдарды таңдау; – диагностикалық әдістерді таңдау. Жұмыстың бастапқы кезеңінде әзірленген технологияның теориялық негіздемесі мыналарды қамтиды: – диагностика мақсатын қою, оқушылардың іс-әрекетін талдау, міндеттер қою, мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін зерттеу; – мақсат пен қалыптасқан жағдайларға сәйкес келетін педагогикалық технологияны таңдау, тұжырымдама мен гипотезаны әзірлеу; – осы бағыт аясында оқу процесінің мазмұнын пысықтау, оқытудың мазмұнын, элементтерін қалыптастыру; – белгілі бір даму аймағындағы оқу үрдісі өнімінің нұсқасын зерттеу [3].

Денсаулықты сақтайтын технологиялардың барлық спектрін жүйелі түрде пайдалану, баланың салауатты өмір салтына деген тұрақты мотивациясын қалыптастырады. Аталған денсаулық сақтау педагогикалық технологияларын қолдану оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырады, белгілі бір шарттар орындалған кезде педагогтар мен ата-аналарда денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған құндылық бағдарларын қалыптастырады. Сонымен, білім беру мекемесінде мыналар болуы керек: – технологияларды реттеу мүмкіндігі үшін жағдайлар жасалады; – бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын тұрақты бақылау негізінде технологиялық әсерлердің қарқындылығына қажетті өзгерістер енгізілді: – әр оқушыға жеке көзқарас қарастырылған; – мұғалімдер мен балалардың ата-аналары арасында жағымды мотивациялар қалыптастырылады. Оқушының психологиялық денсаулығы үшін сыныптағы достық атмосфера да маңызды рөл атқарады. Позитивті эмоционалды фон тиімді жаттығулардың да маңызды шарты болып табылады. Дене тәрбиесі әртүрлі элементтерді қосу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: музыкалық сүйемелдеу, өлеңдер, ойындар, көзге арналған гимнастика, эмоционалды жеңілдік. Бастауыш сынып мұғалімі ақыл-ой мен дене белсенділігін шебер үйлестіруді, шаршауды, шамадан тыс жұмысты болдырмауды білуі керек. Сонымен қатар, сабақ барысында дене шынықтыру да бастауыш сынып оқушысының денсаулығына жақсы әсер етеді. Дене шынықтыру балаларға демалуға, эмоционалдық жүктемені босатуға, демалуға, зейінін бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстыруға көмектеседі. Дене шынықтыру сабағынан кейін мектеп оқушылары белсенділік көрсетуге дайын, олардың зейінін шоғырландыру оңайырақ болады және одан әрі оқу процесіне қызығушылық пайда болады. Сонымен, дене шынықтыру — бастауыш сыныптегі денсаулық сақтау технологияларының маңызды бөлігі. Қорытынды. Бастауыш сыныптардағы салауатты өмір салтын қалыптастыратын білім беру технологиялары — бұл ең алдымен бастауыш сынып жасындағы балалардың валеологиялық мәдениетін немесе денсаулық мәдениетін тәрбиелеу технологиялары. Бұл технологиялардың мақсаты — баланың адам денсаулығы мен өміріне саналы қатынасын қалыптастыру, денсаулығы туралы білімдерін жинақтау және оны қорғау және сақтау қабілетін дамыту, өз бетінше және тиімді мүмкіндік беретін валеологиялық құзыреттіліктерді меңгеру, салауатты өмір салты мен қауіпсіз мінез-құлық мәселелерін шешу, қарапайым медициналық, психологиялық өзіндік көмек пен көмек көрсетуге байланысты тапсырмалар. Бастауыш сынып педагогикасында технологияның маңызды түрлеріне оқушыға бағытталған білім беру мен оқыту технологиялары жатады. Мұндай технологиялардың жетекші қағидасы — баланың жеке ерекшеліктерін, оның дамуының жеке логикасын есепке алу, тәрбие мен оқыту барысындағы іс-әрекеттің мазмұны мен түрлеріне балалардың қызығушылықтары мен бейімділігін есепке алу. Жалпы педагогикалық процестерді баланың жеке басына бағыттай отырып құру оның денсаулығына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Баладанов О. Ю., Козловский И. З., Бахтинов О. П. Актуальные проблемы сохранения, укрепления и приумножения здоровья школьников. // Проблемы здоровья человека. Развитие физической культуры и спорта в современных условиях: Материалы межрегиональной

научно-практической конференции, посвященной 55-летию ФФК СГУ. — Ставрополь: Изд-во СГУ, 2012

2. Айтпаева А. К. Программа «Использование казахских народных детских игр в детском саду» - Алматы, 2016

3. Қыстаубаев Е. И. Дене тәрбиесі ғылымының даму ерекшеліктері. Монография, Алматы: 2019

Бердыбекова Н.С.¹, Дадажанова А.Н.²

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Салауатты өмір салтын балаларға дәріптеу бүгінгі күнгі білім беру ұйымдарының алдында тұрған көкейкесті мәселенің бірі. Бүгінгі таңда егеменді еліміз осы бағытта мектепке дейінгі білім беретін ұйымдарда жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Барша азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бағытталған.

Салауатты өмір салты мәселесін анықтау проблемасындағы негізгі категория болып «денсаулық» ұғымы болатынын айта кету керек. Бұл ұғымды анықтауда адамның өзінің, оның жаратылу табиғатының көрінісі басты роль атқарады. Адамның тек сыртқы түрі ғана емес, сонымен бірге ішкі жан – дүниесі де, яғни мінез-құлық, қабылдауы, ойлауы, іс-әрекеттері, сол немесе басқа әсерлерге бейімі бір келкі бола бермейді. Әртүрлі адамдар болып жатқан нәрсені әртүрлі жасайды. Бірақ, ең бастысы бір адам сол немесе басқа әсерлерді өмірдің әртүрлі кезеңінде әр түрлі қабылдайды. Сонымен, адамның денсаулығы – бұл жалпы адамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады. Бүгінгі күні ол кешенді немесе дене, психологиялық, әлеуметтік және жеке тәртіптің көптеген күрделі факторларының, кейде философиялық қасиеттердің өзара әсеріне қатысты болады [1]

Ғылыми және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында адамзатта салауатты өмір салтын тәрбиелеу терең мағыналы мәселе екендігін айқындай түсуге болады. Дене мәдениеті, дене пішіні, психикалық күй, жансаулық, тамақтану, тұрмыстық ерекшеліктер, киім кию – салауатты өмір салтының көрінісін білдіреді.

«Денсаулық» мәнінің тарихи талдамасын жүргізген И. Г. Сигерист былай деп жазды: «ежелгі ойшылдар мен дәрігерлердің көптеген деректеріне қарағанда, сонымен бірге заманауи көзқарастар бойынша денсаулық – бұл жасалған тепе – теңдік жағдайы болып саналады. Адам денесін құрайтын қозғалыстық күш пен сұйықтық толық тепе – теңдікте болған кезде – адамның дені сау болады. Тап осы анықтама келтірілген жалпы түсіндірмелердің ең үздігі болып табылады. Сұйықтықтар, өмірлік күш физика және химия терминдері бола тұра медицинаны толғандыра ма, толғандырмайды ма – бұл ең бастысы емес. Ең негізгісі денсаулық тепе – теңдік жағдайы болып саналады ».

Педагогикада «денсаулық» түсінігінің өз анықтамасы бар. Педагогикалық ғылымда жеке тұлғаның психофизикалық сапаларының туындау сипатының әсері мен оның әлеуметтік бейімделу дәрежесі адам денсаулығына игі әсер етеді немесе керісінше ықпал

етеді. Және де бұл денсаулыққа деген бүтін көзқарастар төмендегі суретте келтірілген үлгі ретінде көруге болады.

Рухани компонент жеке тұлғаның бір мақсатқа және өмір құндылығына адамгершілік бағдармен, өзіне қатысты менталитетіне, табиғат пен қоғамға байланысты ұмтылу деңгейімен анықталады. Дене компонент дененің даму деңгейімен, дене мүшелері мен жүйелердің өзін - өзі реттеу дәрежесімен, организмдегі резервтік мүмкіндіктердің болуымен сипатталады. Психологиялық компонент психикалық процесстердің даму деңгейімен, қызметі мен эмоционалды – еріктік саласының реттелу деңгейімен анықталады.

Әлеуметтік компонент жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік бейімделу дәрежесімен және жеке тұлға сапасының социумдағы толыққанды және ұзақ мерзімді белсенділігі үшін маңызды қалыптасуымен сипатталады.

Денсаулықтың бұл компоненттерінің өзара байланысын балалардың жастық ерекшеліктерімен қоса қарастыра отырып, денсаулықтың уақыт өте өзара әсері мен түрлі иерархиясының өзгермелігін бақылауға болады. Осылайша, салауатты өмір салты түсінігін білу мен оны қалыптастыру негізінде жоғарыда көрсетілген тұқымқуалау және қоршаған орта факторларының да есепке алынатынын байқаймыз [2].

«Салауатты өмір салты» сонау замандардағы Гиппократтың трактаттарында бірқатар денсаулық сақтау іс-шаралары ретінде философиялық ой-санасы құрылымның жалғасы түрінде мазмұндалады. Трактат денсаулық және салауатты өмір салты жайындағы ілімнің дамуына негіз болды. Көне грекиялық философтардың еңбектерінен балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі теңдесіз ой өрістерін дәлірек кездестіруге болады.

Көне Грекиядағы алғашқы философтардың бірі Сократ, табиғи жаратылысты ерекшеліктерге аса назар аудара отырып, адамның өзін-өзі тану мүмкіншіліктері арқылы салауатты өмір салтының терең жағын көре білді «өзөзін білетін тұлға, өзіне тиімділікті таниды, шамасы келмейтін істі түсінеді». Яғни, ол адамның сана-сезімі арқылы өзін-өзі танып білуін, іс-әрекеттенуін мазмұнды түрде көрсетті. Платон салауатты өмір салтын тәрбиелеу ерте кезеңнен бастау қажеттігін атап көрсетті, себебі «кез-келген істегі ең бас тысы – оның ерекшелене бастауы».

Аристотель «Этика, саясат, поэтика» деп аталатын еңбегінде адамның жекелей көрегендігі мен салауатты өмір салтын қоғамдық мазмұндағы мәселе ретінде ашып көрсетеді. Оның айтуынша, тәрбиені «денеге қамқорлықтан» бастап, сонан соң, «Рухани тәрбиеге» ұштастыру қажет, себебі дене тәрбиесі, рухани тәрбиемен қатарласа орындалуы тиіс. Яғни, Аристотель салауатты өмір салтының тәрбиесін адамның белсенді өмір салтымен, шынығумен, жаттығулармен байланыстырады. Демек, ерте кезде де салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі дене жаттығу мәселесі қарастырылған. Осы кезеңде «өз-өзінді тани біл», «өзіңе қамқорлық жаса» деп аталатын алғашқы тұжырымдамалар шыға бастады. Салауатты өмір салтын тәрбиелеу мәселелерін Шығыс елдерінде де қолдау тапқан. Мысалы, Ибн Сина денсаулықты сақтау және нығайтуға бағытталған гигиеналық талаптардың кодексін құрады. Тамақтану, ұйықтау, оқу мерзімдерін сақтау қажеттілігін Ибн-Сина атап көрсетті. Салауатты психологиялық ортаның болуына аса назар аударды. «Дәрігерлік ғылымның баспалдағы» еңбегінде Ибн-Сина тәрбиешілердің баланы өз эмоциялары мен үрейлерін басқару қажеттілігін мазмұндайды. Яғни, ойшының пікірінше, жас буынның санасы мен денсаулығы тәрбиеге байланысты. Шынайы мемлекет концепциясында Ибн-Сина қоғамдық еңбек пен ұзақ өмір сүру қоғамдық құрылымның басты критериясы екендігін атап көрсетті. Шынайы таза мемлекетте ереже мен тәрбиенің жетелеуі арқасында адамзаттың саналы табиғатын өзгерте отырып ұзақ өмір сүретіндеріне сенеді.

Орта ғасырда өмір сүрген Өтей Бойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Асан Қайғының қазақша жазба мұраларынан жас буынды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі терең ойлы мұрағаттарды кездестіруге болады.

Ө. Тілеуқабылұлы дене мен рухани дүние тұрғысында жас буынның сұлулықты түсіне білулеріне ерекше көңіл бөлді. Сонымен ойшылдар «сұлулығымен» қатар «рухани сұлулықты» дамытуды ұсынды.

Ө. Тілеукабылұлы адамның сыртқы пішініне, көрінісіне аса назар аударған, егер адамның сырт киімі таза, тартымды, сұлу, келбетті болса онда ол оның көңіл-күйін жақсартып, жүрек жылуын оятады. Ойшыл-данышпан арақшараптан, нашақорлықтан алшақ болуға шақырады. Ойшылдың ой-саналауы бойынша бала дені сау болуы үшін жас кезінен бастап оны шынықтыру қажет, дене еңбегімен шұғылдандыру қажет.

XV ғ. белгілі оқымыстысы М. Х. Дулатидің өсиетінде тәрбиелеудегі зиянды әдеттерге қатынасты негіздемелер қаланған (шарап ішу, нашақорлық заттармен шұғылдану, темекі тартуға үйір болу). Зиянды әдеттерді мәдениеттілік пен еңбекке тарту арқылы жою керек дейді [3].

Белгілі қазақ жырауы, философы Асан Қайғы өзінің поэтикалық шығармаларында, өмірде адам баласы қандай болуы қажет, неге талпыну қажеттігі жайында қызықты ой-өрісті дүниелерді көрсете білген. Философтың пікірінше, әрбір адамзат өзіндік жетілуге талпынуы қажет. Нағыз адам саналы сапа иесі болуы тиісті, адамгершілік, шынайылық, шыншылдық, қарапайымдылық, намысқойлық, тұрақтылық Асан Қайғының пікірінше, қоғамдық шарттар тұлғаның қалыптасуына, оның саналы ерекшеліктерінің қалыптасуына басты фактор болып табылады. Осы аталған салалар мен шарттар салауатты өмір салтына тиісті, қажетті мінез-құлық нормаларын таңдап алуға мүмкіншілік жасайды. Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті халықтық ертегілерде, эпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, ойындарда және дәстүрлерде бейнеленетін сипаттала көрсетілген.

Қ. Ж. Қожахметова «Қазақ этнопедагогикасы: әдістемесі, теория және практика» деп аталатын монографиясында «қазақ халқы әрқашанда мақсатты, саналы адамзатты тәрбиелеуде тәжірибелерге бай»-екендігін атап көрсетті.

Жанұялық тәрбиені мазмұндай отырып авторлар қазақ халқының жанұясы көп балалы, шаруашылықты болғанына назар аудартады. Сондықтан балалар еңбекпен жас шақтарынан айналысқан. Баланың шынығуына аса назар бөлген. Ауа мен суға байланысты іс-шаралар қолданылып отырған [3].

Ат жарыстары, спорттық ойындар аса дәстүрлі болған: аламан бәйге – үлкен қашықтықтарға жарысу, күміс алу – атпенен шауып келе жатып жерден тиынды іліп алу, көкпар, жамбы ату- садақпен оқ ату, сайыс-ат үстінде аударыспақ, қыз қуу және т. б. Осы ойындарда қазақ халқының азаматтарының ептіліктері, жігерліліктері, іс-қимылдары сипаттала көрсетілген.

Салауатты өмір сүру, жалпы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы осылайша тарихи сипаттамалар айта келіп, бұл бағытта арнайы педагогикалық аспектілерді талқылап, нәтижеде белгілі бір технологиялар түрінде әсер етіп, тәлім-тәрбие беру керек екендігін айқындай түстік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Курамшин, Ю.Ф. Теория и методика физической культуры / Ю.Ф. Курамшин. – 3– М.: Советский спорт, 2017
2. Ланда Б. Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности / Б.Х. Ланда. – М.: Советский спорт, 2016
3. Караковский В.А. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности / Б.Х. Ланда. – М.: Советский спорт, 2016

Жанғабыл А.С.¹, Джаркынбекова А.Т.²

МЕКТЕПТЕГІ ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі., «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының
оқытушысы

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
Aigerim-arman@mail.ru

Бүгінгі біздің қоғамның даму кезеңінде өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесі мемлекеттің қоғамдық және саяси міндеттерінің маңыздысы болып отыр. Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының арасында мінез-құлқында қиындықтары бар оқушылар көптеп кездесуде. Педагогика-психология саласы бойынша, мұндай балаларды «мінез-құлқында ауытқулары бар оқушылар», «Қиын тәрбиеленуші», «қиын балалар» деп атайды.

«Қиын оқушы» деген термин қазіргі тәжірибеде жеке басын тәртіпке салу қажет балалардың ортасын білдіреді. Мінез-құлықтың мұндай белгілерінің пайда болуының өзі болашақта әлеуметтік-психологиялық бейімделе алмауының тұрақты түрлерінің қалыптасуына, мінез-құлық бұзылуының клиникалық және криминологиялық белгілерінің пайда болуына әкеп соқтырады. Жеткіншек жас кезеңінде мінез ерекшеліктері қалыптасып, ол өмірлік максатқа байланысты бола бастайтыны, өмірге деген көзқарасы және бағыттылығымен байланысты екендігі анықталады. Сондықтан психологиялық қызметтің осы бағыттағы жұмыстарының басым көпшілігі жеткіншек жас кезеңіндегілерге көмек көрсетумен байланысты ұйымдастырылады. Жеткіншектің ересектік белгілерді қабылдауда соларға теңелсем дейтін үлгілердің алуан түрлі болуына байланысты. Қалыптасатын өмірлік құндылықтардың мазмұны, жеткіншектің жеке басының қалыптасуының жалпы бағыты көбінесе белгілі бір үлгілерге бағдарлануға байланысты болады. Осы үлгіге негіз болатын ересектердің сыртқы келбетінің өзіне тән белгілері мен мінез-құлық мәнерлері, кейбір өздеріне тән ерекшеліктері болғандықтан балалармен салыстырғандағы артықшылық жағдайлары неғұрлым айқын көрінетін ересектіктің сыртқы белгілері жеткіншектер үшін тартымды болып көрінеді. Қиын балалардың психологиялық ерекшеліктері теориялық тұрғыда талқыланды. Бұл мәселенің әрі қарай талқылануына үлес қосқан зерттеушілер қатары да біршама.

«Қиын» бала ұғымы - бүгінгі таңда тек ата-ана мен ұстаздар қауымын ғана емес, сонымен қатар, психолог, дәрігер мамандарының зейінін өзіне аударып, бүкіл қоғамды аландатып отырған өзекті психологиялық мәселе болып отыр. Сол себепті «Қиын бала» мәселесінде К.Керімов ғылыми зерттеулерін осы тақырыпқа арнады. Ғалым осы топтағы балалардың мінез-құлық ерекшелігін, жүріс-тұрысындағы жат қылықтарын зерттеп, олардың түзету жолдарын көрсетті. Мәселен, мектептің «қиын» оқушыларымен жұмыс жүргізу жүйесін жасады. Сонымен қоса, болашақ мұғалімдерді «қиын» оқушылармен жұмыс жасай білуге дайындау мәселесін көтерді және «қиын» балаларды жеке және топта түзету бағдарламасын ұсынды [1].

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттелініп, жаңа сипатқа ие болуда және әлеуметтік психологиялық, клиникалық, криминологиялық тұрғыда қарастырылуда. Жеткіншек жастағы балалар психологиялық көмекті қажет етеді. Дегенмен, жеткіншек жас кезеңінде мінез ерекшеліктері қалыптасып, ол өмірлік максатқа байланысты бола бастайтыны, өмірге деген көзқарасы және бағыттылығымен байланысты екендігі анықталады. Сондықтан психологиялық қызметтің осы бағыттағы жұмыстарының басым көпшілігі жеткіншек жас кезеңіндегілерге көмек көрсетумен байланысты ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда әрбір жас адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін адамға берілген

мүмкіндіктерді толық пайдалана алу үшін әрбір адамның психикалық даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Осыған орай мектептегі мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Үлкендер балалармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайтындықтан, ата-аналардың тәжірибесінің жетіспеуінен балада елестетудің, қиялдау процестерінің жеткіліксіз дамуынан мінез-құлқының қалыптасуында қиындықтар пайда болады. Егер де зерттелу нәтижесінде мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен белгілі бағытта жұмыстар жүргізсе, баланың психикалық даму деңгейі қалыпты болады. Қиын балаларды, олардың әлеуметтік ауытқуларын тәрбиелеу мәселелеріне арналған еңбектерде агрессивті мінез-құлық мәселесі ең негізгілердің бірі болып табылады. Көптеген авторлардың пайымдауларына, агрессивтілік балалардың қоғам өмірі жағдайларына бейімделуін күрделендіруі және жеткіншектердің жат мінез-құлықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Агрессивті мінез-құлық айналасындағылардың жауапты реакциясын тудырады, ал бұл жағдай агрессияның күшеюіне әкеліп соғады. Осылайша, баланың, жеткіншектердің агрессивті мінез-құлықтарын зерттеу өте маңызды және де ол күштеп әрекет жасау, сияқты көріністерден байқалады.

Педагогика тарихында «қиын» бала ұғымы XX ғасырда кеңінен тарала бастады. «Қиын» аталатын балалар - педагогикалық назардан тыс қалған балалар. «Қиын» деген термин қазіргі тәжірибеде жеке басын тәртіпке салу қажет балалардың кең ортасын білдіреді. Ж.Аймауытов: «Адам баласының ұрлық істеу, өтірік айту, кісі тонау сияқты бұзақылықтарды жасауы тәрбиесінің жетіспегендігінен баланы бұзуға, яки түзетуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешесінің тәрбиесі арқылы қалыптасады» деген орынды пікір арқылы бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше мән берген [2].

Қорыта айтсақ, жеткіншек кезеңінің осы ерекшеліктеріне байланысты психологиялық кеңес беру және түзету жұмыстары ұйымдастырылады. Олар келесі мақсаттарын толық орындаудың маңызы өте үлкен: I-кезеңде психолог зерттелінушілердің проблемасын толық диагностикалауы және коррекциялық топтарды құруы; II-кезеңде әр клиентке жаңа тәжірибені үйретіп, оның дербестігін, шығармашылық қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік береді; III-кезеңде клиенттің коррекция барысында меңгерген жаңа тәжірибесін өз бетімен көрсетуге, өз күшіне сенуін, өзін-өзі сыйлауын пысықтауға жәрдем береді. Қиын балаларды, олардың әлеуметтік ауытқуларын тәрбиелеу мәселелеріне арналған еңбектерде агрессивті мінез-құлық мәселесі ең негізгілердің бірі болып табылады. Көптеген авторлардың пайымдауларына, агрессивтілік балалардың қоғам өмірі жағдайларына бейімделуін күрделендіруі және жеткіншектердің жат мінез-құлықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Агрессивті мінез-құлық айналасындағылардың жауапты реакциясын тудырады, ал бұл жағдай агрессияның күшеюіне әкеліп соғады. Осылайша, баланың, жеткіншектердің агрессивті мінез-құлықтарын зерттеу өте маңызды және де ол күштеп әрекет жасау, сияқты көріністерден байқалады.

Тұлға дамуында және балалар мен жеткіншектер мінез-құлықтары ауытқуларының алдын алуда оларды психологиялық иммунизациялау қажет, яғни мінез-құлықтың психогигиеналық дағдыларына, дұрыс таңдау жасай білуге үйрету. Бұл мәселелерді шешу үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасауға бағытталған келеңсіз әсерлерді жоятын мектептік саясат жасау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л.К.Керімов. Тәрбиесі қиын балалар. - Алматы: Мерей, 2014. – 56 б.
2. Ж.Аймауытов. Қиын бала және отбасы тәрбиесі. - Алматы: Өрлеу, 2013. – 88 б

Жанғабыл А.С.¹, Джаркынбекова А.Т.²

МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР ОҚУШЫЛАРМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының
оқытушысы

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Aigerim-arman@mail.ru

Психологиялық - педагогикалық зерттеулерде бала мінез-құлығының ауытқу мәселесі түбегейлі зерттелініп сипат алғанымен, қалыпты дамыған бала мінез-құлығының жағымсыз түрлерінің туындау себептері ғылымда өз деңгейінде әлі де жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Мұндай балалардың мінез-құлығына келесі қасиеттер тән: өкпелегіштік, бұзықтық, бірбеткейлік, дөрекілік. Олар басқа балалармен үнемі ұрсысып, керісіп, ескертулерге тез ренжіп қалады. Автор мұндай мінез-құлық оның ұжымындағы дұрыс құрылмаған өзара қарым-қатынастардың салдарынан пайда болады деген қорытындыға келеді.

Балалық шақтан өткен, бірақ ересектікке әлі жетпеген 11 - 15 жас аралығындағы, балаларды психологияда жеткіншек жас кезеңіндегілер деп атайды. Бұл жас кезеңі «өтпелі кезең», «қиын жас», «проблемалы кезең» т.б. көптеген қосымша белгілерге бай. Оның барлығы осы жас кезеңінде жүретін психофизиологиялық үрдістермен байланысты. Бұл жас аралығында бала ағзасы дамуының бір сатысынан екінші сатысына өтіп, ал әлеуметтік дәрежесі бойынша олар әлі балалық шақта жүрген кезең. Психологияда мұндай құбылыс даму дағдарысы деп аталады [1].

Жеткіншек жастағы балалар психологиялық көмекті қажет етеді. Дегенмен, жеткіншек жас кезеңінде мінез ерекшеліктері қалыптасып, ол өмірлік максатқа байланысты бола бастайтыны, өмірге деген көзқарасы және бағыттылығымен байланысты екендігі анықталады. Сондықтан психологиялық қызметтің осы бағыттағы жұмыстарының басым көпшілігі жеткіншек жас кезеңіндегілерге көмек көрсетумен байланысты ұйымдастырылады. Жеткіншектің ересектік белгілерді қабылдауда соларға теңелсем дейтін үлгілердің алуан түрлі болуына байланысты. Қалыптасатын өмірлік құндылықтардың мазмұны, жеткіншектің жеке басының қалыптасуының жалпы бағыты көбінесе белгілі бір үлгілерге бағдарлануға байланысты болады. Осы үлгіге негіз болатын ересектердің сыртқы келбетінің өзіне тән белгілері мен мінез-құлық мәнерлері, кейбір өздеріне тән ерекшеліктері болғандықтан балалармен салыстырғандағы артықшылық жағдайлары неғұрлым айқын көрінетін ересектіктің сыртқы белгілері жеткіншектер үшін тартымды болып көрінеді. Олар - темекі тарту, құмар ойын ойнау, шарап ішу, сөйлеу мәнері, киім мен шаш қоюдағы ересектерге тән сән, сәндік опа-далап, әсемдік заттар, қылымсу тәсілдері, дем алу, көңіл көтеру, ілтипат білдіру т.б. тәсілдерін басшылыққа алады. Темекі ұстаған бала өзіне-өзі ересек болып көрінеді, төңірегіндегілерге де солай болып көрінімін деп ойлайды. Жеткіншек үшін ересек ер азаматтың немесе әйел азаматшасының мұндай белгілерін қабылдау оның өзінің ересектігін көрсетудің өзінде сондай сенімді орнықтырудың амалы. Барлық ересектерге тән қасиеттерді балалармен еліктеу арқылы қабылданады. Мұның өзі ересектікке жетудің ең оңай тәсілі болып табылады, ал жеткіншек үшін оның өзінің ересектігін айналасындағыларға байқатқызатын маңызды әдісі. Сондықтан оның мұндай формасы өте кең тараған ерекше тұрақты болады және жеткіншектерде көбінесе бірінші кезекте орын алады да, оның жағымсыз екенін балаларға ұғындыру қиынға соғады [2].

Жеткіншектерде жоғары сыныптағылар немесе басқа балалар нақты үлгілер болатыны жиі кездеседі. Әдетте жеткіншектерді ересектер өмірінің азды-көпті тыйым салынған жақтарына баулитындар, оларға өздерінше «мұғалім», «үйретуші» болатындар нақ солар болады. Ғалымдардың айтуы бойынша, жеткіншектердің қарым-қатынастарының негізі бос уақытты өткізу мәдениетінің төмендігі деген пікір, «көңілді, жеңіл» өмір стиліне еліктеу өте қауіпті болып шығады. Бұл орайда оқу жеткіншектің өмірінде әдетте маңызды орын алмайды, танымдық ынта жоғалады, сөйтіп өзіне сәйкес өмірлік құндылықтарымен қоса уақытты көңілді өткізу деген өзіне тән ерекше ниет бекиді. Уақытты бұлай өткізуге ақшаның қажет болуы құқық бұзушылықтардың себебіне айналуы мүмкін. Қазіргі бар мәліметтерге қарағанда, жасы жетпей тәртібін бұзушылардың көбінің бос уақытын өткізу мәдениеті төмен болады. Ересектіктің дамуындағы мұндай бағыт - өте жағымсыз бағыт. Алайда, ненің де болса өз бастауы бар, жағымсыз жайлардың да алғашқы түйіншектері жеткіншектік жақтың басында пайда болуы мүмкін. Ең кіші жеткіншектердің класын сырт пішінінің ересектігі айқын аңғарылатын балаларды дүрліктіріп жүретіні жиі болады. Олардың ішінде есейіп кеткендер де көп болады. Мұндай балаларды сыныптастары қалғандарымен салыстырғанда ересектер деп түсінеді, нақ осы себептен де оларға барынша ықыластанады. Біреулері оларды жазғырса, енді біреулері оларға теңесуге әрекеттенеді, олармен әбден жақындасуға тырысады. Мұның өзі тәрбиешілер үшін тікелей дабыл болуы керек: ересектіктің мұндай жағымсыз көріністерін дереу анықтап, жеткіншектерде ересектіктің құндылық мазмұны туралы, шынайы сыйластық пен беделдің негіздері туралы дұрыс ұғым қалыптастыру қажет [3].

Балалардың арасында күштілігімен, батылдығымен, ептілігімен, спорттық іскерліктерімен көзге түсетін құрдасы да жеткіншекке үлгі болуы мүмкін. Мұндай балалар өте белгілі болады, ал мұның үстіне олар жақсы жолдас болса, олардың беделі өте жоғары болуы мүмкін. Қорқақтықтың көріністері үзілді-кесілді айыпталады. Өзінің батылдығын көрсету үшін жеткіншек шектен асқан істерге, ал кейде қоғамдық жағымсыз істерге де тәуекелге баруы мүмкін. Дене күші жоғары бағаланады. Кейде сыныпта немесе бір топ баланың ішінде барлық балалар кімнің күші кімнен асып түсетінін біледі, соны көрсету үшін сайыстарға да түседі. Жеткіншектер өздерінің дене күшінің өсуіне өте сергек қарайды. Олар күресіп, күш сынасқанды жақсы көреді. Күрестің алуан түрлері жұрттың алдында өтеді. Кейбір балалардың төбелесқойлығы көбіне біреуден өзінің күші басым екенін дәлелдеуге тырысумен байланысты. Жолдастары сыйлайтын болуы үшін, жеткіншек өзі айтатын ерлік қасиеттерінің әр түрлі көріністеріне өзінің қатынасу шамасын едәуір асыра көрсетуі мүмкін [4].

Ересектермен қатар және теңдей еңбекке қатынасу, оларға үлкендер тарапынан көп сенім білдірілген жағдайда жеткіншекте жауапкершілік, дербестік, оңтайлылық сезімін, әртүрлі істер мен міндеттерді орындауда, басқалар туралы ойлап, қамқорлық жасау, сезімталдық пен ілтипаттылық қасиеттерін қалыптастырады. Бұл қасиеттердің қалыптасуына қолайлы жағдайлар жеткіншектерді ересек адамның көмекшісі әрі тірегі позициясында болғанда жасалады. Жақын адамдардың игілігі, олардың қамын ойлау жеткіншек үшін ерекше маңызды болып, өмірлік қазына сипатын алады. Мұның өзі адамгершілік сенімдердің, жеке мінез-құлықтың, болашаққа жоспар құрудың ерте бастан қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды [5].

Болашаққа арналған жоспарлар туралы ойлағанда жақындарының қамын ойлау көп орын алады. Көптеген жеткіншек ер балалардың ересектердің әр түрлі іскерліктерін - ағаш және темір ұсталығын меңгеруге, станокта жұмыс істеуге, автомашина, мотоцикл, трактор жүргізуге, фотосурет түсіруге, мылтық атып, аң аулауға, компаспен бағдарлануға т.б. іс-әрекеттерді үлкендердей орындауға ұмтылатынын атап айту керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. С.Дүйсенбиева. Қиын балалармен жұмыс түрлері. - Семей: Болашақ, 2012. Б. 99 – 101.

2. Е.Оңалбай. Психолог – тәрбие жұмысындағы жетекші тұлға. – Семей: Болашақ, 2011. - Б. 127 – 129.
3. Ә.Марғұлан. Психология және социология. - Алматы: Хабаршы, 2014. – 211 б.
4. С.М.Жақыпов, Т.К.Күнсләмова. Жетекшідегі «мен» бейнесі және агрессивті мінез-құлық пен өзіндік бағалаудың байланысы. - Алматы: Алматы кітап, 2011. – 98 б.
5. Выготский Л.С. Педология подростка. - М.: Наука, 2010. – 100 с.

Сенкубаев С.Т.¹, Долдина С.К.²

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНЕ ЕҢГІЗУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕССТЕРІН ЖЫЛДАМДАТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Doldina77@mail.ru

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты – заман талабына сай, ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес білімгерлерді тұрмыстық–қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық және тиімді түрде араластыру болып табылады. Оқытуды ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын пайдалануды талап етеді, яғни оларға барлық жоғарыда көрсетілген жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар жатады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы нәтижесінде сабақты өткізудің жаңа мүмкіндігін қашықтан оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Біріншіден, білімгер өзіне оқу уақыты мен орнын таңдауға, екіншіден, белгілі бір себептермен дәстүрлі оқытудан шеттелген адамдарға білім алуға мүмкіндік береді, үшіншіден, оқытуда жаңа ақпараттық және коммуникативті технологияларды қолдануға, төртіншіден, оқытуға кететін шығынның азайтуға мүмкіндік береді. Басқа жақтан қарастыратын болсақ, қашықтықтан оқыту білім беруді жекешелендіру мүмкіндігін арттырады.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты- оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай - ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе- дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады.

Қашықтықтан оқытуда электронды оқулықтар қолданылады және оларды құру ақпараттық материалдардың әркез жаңарып отыруына байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса электронды оқулықтарда жаттығулар мен мысалдардың мол болу әрі ақпараттың көрнекі түрде берілуі болып табылады және электрондық оқулықтар көмегімен білімді тексеру – компьютерлік тест орындалады.

Білім беруде электрондық оқулықтарды пайдалану білімгерлердің танымдық белсенділіген арттырып қана қоймай, сонымен қатар логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбектенуіне жағдай жасайды [1].

Электронды оқулықтарды қолдану тәжірибиесі студенттер мен оқушылардың берілген материалдарды сапалы түрде меңгергендіктерін тестілеу көрсетті. Олай болса, ақпараттық технологияның дамуы оқытуда жаңа әдістер мен әдістемелерді ойлап табуға, сол арқылы оның сапасын арттыруға кең жол ашты. Бұл оқулықтардың тиімділігі олардың қашықтықтан оқытудағы мүмкіндіктерін жетілдіріп, қазіргі жағдайда барлық білім алатын білімгерлерге ұсынылуында және электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы оқытушылардың да ғылыми – әдістемелік потенциалдарын дамытып, оқытудағы еңбегін жетілдіреді.

Білім берудің әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы білімгерді жекелей бақылауды мен графикалық бейнелеу, мәтіндер түрінде, мультимедиялық, бейне мен дыбыстық бағдарламасы бойынша жаңалықтарды іске асыруға септігін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы әрі өзін – өзі тексеру жүйесі – электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сол себепті, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысты алмастырады. Оларды ауылдық жерлерде, оқытушылар жетіспейтін жерлерде өте қажет.

Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға және шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Бүгінгі күнге дейін білім беру саласындағы тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықтарды пайдалану қазіргі заман талаптарын қанағаттандармайды, сондықтан да қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Электронды оқулық мазмұны жағынан толық, жоғары деңгейде ақпараттандырылып, сауатты жазылуы тиіс және қашықтықтан білім алуда оқулықта электрондық – әдістемелік құралдары кіруі тиіс. Осындай оқулықтарды кез – келген оқушыға ұсынуға болады. Студенттердің өз бетінше дайындалу кезінде жақсы көмекші ретінде өте тиімді. Сонымен қатар сынақтарға, пәндер бойынша өтетін емтихандарға дайындалуға ыңғайлы. Қазіргі уақытта оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрастырылуда және мұндай оқу көздеріне деген қызығушылықтарының артуы мультимедиялық технологиялардың пайда болуымен, коммуникациялық құралдар, Интернет желісінің дамуына байланысты болады [2].

Электрондық оқулықтар жасаудың педагогикалық технологиясының құрылымы оқыту процесінің заңдылықтарына негізделген бірімен бірі байланысты төрт компоненттен тұрады. Олар: мотивациялық –мақсатты, мазмұндық, операциялық, бағалы–нәтижелік. Оқулықтың мотивациялық–мақсатты компоненті модульдерді және шағын модульдерді құрастырудан тұрады. Модуль деп пәндер саласындағы жүйелік пен қызметтік білімдердің жиынтығы және ол электрондық оқулықтар арқылы оқытуды ұйымдастырудың түйіні болып табылады. Электрондық оқулықтың мазмұндық компонентіне тоқталатын болсақ, онда ол гипертекст арқылы жүзеге асады, ал ол дегеніміз терминдерден, ұғымдардан, әртүрлі концепциялардан, кестелерден, графиктерден, диаграммалардан тұратын ақпараттық база ретінде берілетін ақпараттық ортасы. Мәтіндерді қазақ және орыс, кейде ағылшын тілдеріндегі дыбыстар арқылы айтуға болады және олар бейне материалдармен толықтырылады. Электрондық оқулықтың операциялық компоненті интерактивті формада берілген тапсырмаларды орындаудан тұрады. Оқулықтың нәтижелік бақылау компоненті тестілеу арқылы жүзеге асады және екі түрі беріледі. Тестілеудің соңында оқушы өзі қате жіберген сұрақтарды тексере алады және әр бір тестен кейін сұрақтардың реттік орны ауыстырылып отырады. Оқытушы үшін электрондық оқулық бұл күнде даму үстінде болатын ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды оқытушы педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады. Сондықтан электрондық оқулықтарды дайындап, дамытудағы ұсыныстар мен пікірлер арқылы тиімділігін ақырындап арттыратынын көрсетеді. Қазіргі кезде білім процесінің әртүрлі тұлғалар арасында қашықтықтан ақпарат алмасу мүмкін болып, ашық түрде компьютерлер көмегімен пәндер бойынша пікірлесе алады. Мысалы, мұғалімдер –

мұғалімдермен, мұғалімдер – ғалымдармен, мұғалімдер – ата-аналармен, мұғалімдер – оқушылармен, мұғалімдер – оқулық жазушыларымен т.б [3].

Электрондық оқулық дислей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол оқушыға өз жолымен керекті материалдарды жеке меңгеруге арналған күрделі көпсатылы жүйе. Электрондық оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап, игеру тәсілін, логикасын өзіне тән етіп таңдап алып, осы кезде керек деген материалдарды қарап шығуға мүмкіндік береді. Оқулықтың гипермәтіні нақтықұрылымдардан тұрады және бірімен бірі байланысқан ықшам логикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйемен танысу арқылы оқушы практикалық негізде ойлау қабілетін дамыта алады. Сонымен қатар қажетті мәліметті компьютер жадының керекті ұясынан іздеп таба білу да әрбір баланың бүгінгі талап етілетін стратегиялық ойлау қабілетін қалыптастырады деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бидайбеков Е.Ы. Информатизация образования в Казахстане. – Алматы, 2015. - 27 с.
2. Балықбаев Т.О. Классификация тестовых материалов – назревшая необходимость. Хабаршы-Вестник Абай атындағы ҚазҰПУ Алматы № 2, 2015. – С. 50-53.
3. Кариев С.К. Совершенствования обучение информатики в общеобразовательных школах Казахстана; дисс..док.пед.наук.-Москва, 2017. - С. 37-42.

Сенкубаев С.Т.¹, Долдина С.К.²

БАСТАУЫШТА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Doldina77@mail.ru

Ақпараттық және коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру- жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен "XXI ғасыр - ақпараттандыру ғасыры" деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі - қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан - жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік- экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жариялануда.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру сласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: Компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқы үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. " Білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар" ұғымы " оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары" " қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары" " компьютерлік оқыту технологиялары" және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушыларды мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімімен тек өз пәнінің терең білгілері болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық- психологиялық сауаттылық талап етілуде. Бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық әдістердің дәне ақпараттық – коммуникациялық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Осылайша оқу - тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр [1].

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдалаудың басты мақсаты - оқушылардың оқу пәнін толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Ақпараттық - коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдармаларына негізделеді. Кез- келген сабақта электрондық оқулықты пайдаланып оқушылардың танымдық бедсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасауға болады.

Сонымен қатар, білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, бейнеконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асыруда. Интернет жүйесінде жұмыс істеу оқушыларымыздың әлемдік білім мен ғылым жетістерінен хабардар болып, оларды игеруіне шексіз мүмкіндіктер алатыны хақ. Заман ағымына қарай күнделікті сабақта бейне, аудио қондығылары мен интерактивті тақтаны, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты, Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығымен өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да мектеп, Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу- тәрбие үрдісінде қолдану тек оқушының шығармашылық шабытын шындап қана қоймай, ғылыми көзқарасын да қалыптастырады. Әрі мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалаы білім беру үшін технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, итеркативті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушыларды қызығушылығын арта түсері анық [2].

Компьютерді қолдану негізінде мекинеп пәндерін оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ған еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтепберетін алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілеттің жететініне сенім мол. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технлогиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа бідім беру қажет» деп елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгертіп отыр. Мектептің білім бері саласында ақпараттық технологияны пайдарану арқылы білімнің сапсын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелігі бірнеше оқу- әдістемелік, психологиялық- педагогикалық мәселердің шешемін ғылыми түрде негіздеуді иалап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- Оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйені ғылыми-әдістемелі жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс- әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- Мұғалімдердің ақпараттық технологияларын меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- Оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;
- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту [3].

Ақпараттық және коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты. Ақпараттық және коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құраларын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалаптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы - Астана: Елорда, 2007.–Б. 4-8.
2. Захаров И.Г. “Информационные технологии для качественного и доступного образования”. Журнал “Педагогика”. №1. 2007 г. стр. 37-34.
3. Кузнецов А.А. Развитие методической системы обучения информатике в средней школе: Автореф. дис. докт. пед.наук М., 1988.

Иманова А.Н.¹, Досанова А.А.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» дейді тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев. Әр педагогтың негізгі міндеті – жан жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Оқушыларға ғылым негізін үйретіп, адамгершілікке тәрбиелейтін мектеп ішіндегі негізгі тұлға – мұғалім. Осы жерде Ахмет Байтұрсынұлының «Мектеп жаны - мұғалім», «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деген дана сөздері оралады. Мектеп есігін ашқан жеткіншекті мәдениетті, қажырлы және табанды

етіп қалыптастырады. Мұғалім сынып оқушыларының толық үлгерімі жолында күш - жігерін салып еңбек еткенде ғана, бұл міндеттерді орындай алады. Мұғалім өзінің барлық білігі мен білімін бүкіл оқу – тәрбие ісіне дұрыс ұйымдастырып, тиімді жүргізуге жұмсайды [1].

Үлгерімі төмен – бұл әр мектептің өзекті проблемасының бірі болып саналады. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс- бұл мұғалімнің үлкен басым міндеттерінің бірі. Ең алғашқы кезең үлгермеуші 1-сыныпта байқалады - ол оқушының жеке қасиетіне, мұғалімнің жіберген қателіктеріне, денсаулығына байланысты. Кейінгі кезең бұл орта буын. Себебі 5-7 сыныптарда оқушылардың оқуға деген көзқарасы өзгереді. Оқушылардың 75 пайызында қорқақтық пайда болады. Ескертулерді, түзетулерді, ұрысуды күтіп отырады. Көптеген тәжірибесі бар мұғалімдердің айтуы бойынша сыныпта үздік оқитын оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылар кездесіп отырады. Оқушылардың білімді қалыпты игеруде, психологтар мен педагогтардың зерттеулері бойынша баланың оқуына үш фактор себепші болады деп зерттеген:

1. Біріншіден, балаға қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады;

2. Екіншіден, балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы және ақыл-ой даму деңгейінің тежелуінен;

3. Үшіншіден, педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауынан деп зерттеген.

Осы орайда келесідей сұрақтар туындайды:

1. Оқушы үлгерімін қалай жақсартуға болады?

2. Оқушылардың сабақты үлгере алмауының себебі қандай?

3. Ол себептерді анықтап, жоюға бола ма?

Менің ойымша «Үлгермейтін оқушы болады, бірақ бұл мәселелердің шешімі міндетті түрде болады». Оқушының сабақты нашар оқуының, сабақты үлгере алмауының басты себебі, оқыту жүйесінің сапасыз болуында. Педагогикалық талаптар мен әрбір пәнді оқыту әдістемесін шебер де толық қолданбаса, оқу жұмысы дұрыс ұйымдастырылмайды. Оқушылар өтілген материалдарды толық түсінбейді, үйге берілген тапсырманы орындап келе алмайды, не шала орындайды. Оқушының қатардан қалып қоюы әуелде уақ – түйектен басталуы мүмкін. Мысалы, оқушы сабақтың дұрыс өткізілмеуі себепті, өтілген материалдардың біраз жерін түсіне алмай қалады, болмаса көмескі түсінеді. Көпшілік оқушының үйінде түсінбегенін сұрап алатын кісісі болмайды. Осылардың салдарынан оқушы материалдарды меңгере алмайды. Жаңа сабақ өткен материалдарға негізделіп жүргізілетіндіктен, оны да шала түсінеді. Сонымен біртіндеп оқушы бағдарламаның бір бөлігін шала түсінген немесе мүлде түсінбеген болып шығады. Осыдан келіп оқушының сабақты үлгермеушілігі келіп туады. Екіншіден - сабақ әдістемелік жағынан дұрыс өткізілсе де, бірақ, кейбір оқушылар сабаққа ынта қоймай, басқа жұмыспен айналысып (тәртіпсіздік жасап) не алаң көңіл болып отырады. Мұғалім мұндай оқушыларды байқамай қалады да, олар ақырында сабақ үлгірмеушіліктерге айналады. Сабақтың сапасыз өтуі – мұғалім білімінің жеткіліксіз, тәжірибесінің кем, әдістемені жете меңгермегенінен болады. Дайындықсыз сабақ – қашан да нашар өтеді. Бұл да үлгермеушілікке айналады [2].

Сабақты үлгермеудің тағы бір себебі – мұғалім оқушының білім көлемін жиі - жиі тексеріп, есепке алмағандықтан. Оқушының нақтылы білімін саралап анықтамайды. Ережелерді құрғақ жаттауына жол береді. Сабақ үстінде жаттығу жұмысын кем жүргізеді. Содан барып оқушылар білгенін, үйренгенін іс жүзінде қолдануға қиналады. Оқушылардың сабақты үлгермеуінің тағы бір себебі – үйге тапсырма беру мен оны тексеру, әдістеменің дұрыс болмауы. Өйткені кейде үйге берілген тапсырманың саны мен сапасына жете көңіл бөлінбейді, тапсырма мөлшерсіз, үстірт, қалай болса солай беріле салады. Сол себепті оқушы түсінбей қалады да, үйге барғанда орындай алмайды немесе шала, қате орындайды. Осындай бір біріне ұласқан кемшіліктерден келіп үлгермеушілік шығады. Оқушының сабақ үлгермеуінің басқа бір себебі – мұғалім оқушының ата – анасымен тығыз байланыс жасамайды. Біріншіден, ата – ана оқуға қажетті жағдайды өз дәрежесіне туғызбайтындықтан,

баласы сабаққа даярлана алмайды. Оқушының сабаққа көп келмей қалуынан (не ауырып қалып) өткен сабақты білмеуінен де күн тәртібінің болмауынан болған күнде де оны дұрыс орындамауынан үлгермеушілік шығады. Сабақты үлгермеушілік – оқушының денсаулығына да бірден - бір байланысты. Оқушының бір жері ауырып отырса, сабаққа ықыласы болмайды. Не болмаса сынып ауасы жиі тазартылып тұрмаса да, оқушының көңілі сергек болмайды, тез шаршап, бойлары ауыр тартады, өтілген сабақты жөнді ұқпайды. Оқушылардың сабақты үлгермеушілігінің және бір себебі – оларға бір - біріне жолдастық көмектің дұрыс ұйымдастырылмауынан, ұйымдастырылған күнде әрбір оқушының меңгере алмаған тақырыбына ғана нақтылап көмектеспей жалпылама қосыма сабақ түрінде өткізілуінен. Сабақты үлгермеушіліктің тағы бір себебі – сыныптағы оқушы санының көп болуы, оқулықтың толық жетіспеуінен де. Енді оқушылардың сабақты үлгермеу себептерін біліп алғаннан кейін, негізгі мақсат - оны болдырмаудың жолдарын көрсетуге тырысайық. Озат мұғалімдердің тәжірибелері сыныптағы оқушылардың сабақ үлгерімін толық қамтамасыз етуге болатындығын әлде қашан шешкен. Демек, барлық оқушының сабақты жақсы оқуын қамтамасыз ету – әрбір мұғалімнің қолынан келетін іс [3].

Дегенмен де, мектепте оқу мен тәрбиелеу бағдарламалары бірдей болғанымен, оқушылардың білімді игеруде барлығы бірдей емес. Оқушылардың үлгерім көрсеткіштері, оқу міндеттеріне қатынасы, тәрбиелері, даму деңгейлері әртүрлі болып келеді. Білім беру орындарында оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша қоғам мен мемлекеттің алдында олардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр.

Үлгерімі төмен оқушының сөз қоры аз болады, шығарма, мазмұндама жазу қиынға соғады. Есте сақтау қабілеті өз жасынан төмен, сондықтан мақал-мәтел, өлең, тақпақтарды тез арада жаттай алмайды. Зейіні тұрақсыз. Сабаққа енжар қарайды. Бұл балалардың танымдық қабілеттері төмен болып келеді. Білімді қабылдауына әртүрлі себептер әсер етуі мүмкін, денсаулығына байланысты, ата-анасының қарауынсыз қалуына байланысты немесе психикалық дамуында ауытқу болуы мүмкін.

Күнделікті сабақ барысында кей пәндерден үлгерімі төмен оқушылар кездесіп жатады. Сондай оқушылармен мысалы: қазақ тілі пәні бойынша түрлі жеке жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Үлгермейтін оқушыларға қазақ тілі сабағында қазақтың төл дыбыстары ұ мен ү, ң мен н, ы мен і дыбыстары арасындағы ұқсастықтар қиындық туғызады. Осы қиындықты жою үшін әр сабақта жаттығу жұмысынан кейін міндетті түрде оқушы сөйлем ішінен осындай дыбыстарды тауып, сөздерде қолданылуына мән бергізіп, әр түрлі жаттығу тапсырмаларын орындату керек. Мысалы: Төл дыбыстарды үйреткенде. Ә әрпі сөздің 1 - буынында, жіңішке сөздерде қолданады. Әже, әке, дәрігер, әрбір т. б. Осы бағытпен қазақ тіліне тән дыбыстарды түсіндіру тиімді деп ойлаймыз. Төл дыбыстарды бекіту мақсатымен сабақта мынадай ойын түрлерін қолдануға болады.

«Кім жылдам ойыны» 1. Тек қана (а, е, ы, і) дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: Ы (ыдыс, ыстық, ыдырыс) І (ілгіш, ірімшік, тіршілік) Е (береке, текемет, ермек) 2. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздерді ойлап жазыңдар. Мысалы: нан, қырық, қазақ, қызық, ара, кебек, кесек, қабақ т. б. Оқушылардың сауаттылығын, көтеруде және бағалауда диктант түрлерінің мәні зор. Сабақта мынадай диктант түрлерін өткізуге болады.

Жаңа сөздерді бекіту мақсатында, көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында сөздік, көру диктанттарын өткізу. Оқушылардың өтілген материалды қандай дәрежеде игергендігін анықтау және бекіту үшін терме және бақылау диктанттарын өткіземіз. Осы диктанттардан кейін жіберілген қателерді анықтап, оқушы қатені неге жіберді, қандай тақырыптарды толық игермеген, олардың көп жіберетін қателері қандай деген сұрақтарға жауап беру үшін үнемі қатемен жұмыс жүргіземіз. Қатемен жұмысты мынадай тәсілмен жүргіземіз. Оқушы қатесін табады, ережесін анықтайды, дұрыс жазу емлесін түсіндіреді, басқа мысалдар келтіреді. Бақылау жұмыстарын тексергенде жұппен жұмыс жасаймыз. Балалар жұпта бақылау жұмыстарын бір - бірімен салыстырып, бір - бірінің қателерін тауып алады және бір - біріне түсіндіреді. Бұл ізденісте қабілетті оқушылар үлгерімі төмен

оқушыларға көмектеседі, жұппен жұмыс істелінеді. Оқушылар қателерін тауып түзетеді, теріс жазған себебін анықтайды, ереже шығарады, дәлелдейді. Мұндай жұмыс тәсілі оқушыларды бірінің жауабын бірі тыңдауға, мәдениетті қарым - қатынас жасауға тәрбиелейді. Оқушының есте сақтау қабілетін, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру үшін көшіріп жазу, ереже жаттау әдісі де оқушыға өте тиімді [4].

Қорыта айтқанда, сабақта әртүрлі грамматикалық тапсырмалар қолдану фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасау, диктант түрлерін жүргізу, қатемен жұмысты ұйымдастыру, көшіріп жазу және ереже жаттау әдістері жақсы нәтиже береді.

Сонымен қатар әр пән бойынша алатын болсам өзім сабақтарымда жарыс әдісін қолданамын. Жарыс әдісімен баланың бәсекелестікке деген табиғи қажеттігін жеке тұлғаға және жалпы қоғамға сай қасиеттерді баулитын тәрбие арнасына бұруға болады. Өзара жарыса жүріп, оқушылар қоғамдық қылық тәжірибелерін тез игеріп, тән - дене, адамгершілік, эстетикалық сапаларын дамытады. Жарыс әсіресе үлгерімі төмен оқушылар үшін аса қажет: өз нәтижелерін жолдастарының жетістіктерімен салыстыра отырып, өз білімдері мен ептіліктерін көтеруге болған қозғау күш алады, оқуы мен өзіндік тәрбиесіне ден қоя бастайды.

Мадақтау – тәрбиеленушілер әрекетіне ұнамды баға беру. Мадақтау ықпалы оқушының ұнамды көңіл - күй сезімін көтеруге негізделген. Осыдан да мадақтау балада өзіне деген сенім орнықтырып, жұмысқа деген жағымды көңіл қатынасын оятады, жауапкершілік арттырады. Мадақтау түрліше орындалуы мүмкін. Олар арасында тәрбие процесінде жиі қолданылатындары – қолдау, қуаттау, алғыс жариялау, құрметті құқықтар беру, мақтау қағаздары мен сыйлықтар беру және т.б.

Әрқандай мадақ жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескерумен беріледі. Өзіне сенімі жоқ, үлгерімі төмен оқушыны қолдап - қуаттау қажет. Қандай да ұнамды сапасын танып, педагог сол арқылы балада сенім оятады, ұмтылыс пен дербестік, кедергілерден сескенбеу қасиетін баулиды. Өзіне тәрбиеші, төңірегіндегі адамдар сенімін артқан бала, өз кемшіліктерін де «жүгендеп», оңды жолға түсе бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынов. Оқушылардың шығармашылыққа деген қызығушылығын қалыптастыру негіздері. – Алматы:Ізденіс. 2016. №. – 121 с
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2019. – 15 б.Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. Бейсембаева З. Студенттердің танымдық әрекетін басқарудың негізгі жолы, \\"Бастауыш мектеп\\" 2003, №9 -13-14б.
4. Б.Рақымова. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту.\\" Бастауыш мектеп\\" 2000, №2 25-26б.

Иманова А.Н.¹, Досанова А.А.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы сатысы. Соған сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты жетілдірілді. Мемлекеттік стандартта дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу- әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық , шығармашылық ролін мақсат етіп қояды. Пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу. Ал міндеті- оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасай, салауатты өмір салтын насихаттау. Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге ұмытылуымыз қажет. Оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті – күрделі процесс. Ол іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды [1]. Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл- амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Оқушылардың танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән: Оқу- танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты; Оқу- танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты; Оқу- танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты. Сондай –ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады: Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу; Оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу; Материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету; Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б. [2].

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Сабақ беруде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға қойылатын негізгі талаптар: Оқушыларға қойылған оқу міндеттерінің мәні әрқашан

түсінікті болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсіну керек. Сабақ мәселе қоюмен басталу керек және оқушылардың алдыңғы тәжірибелеріне, олардың білім жүйесіне сүйене отырып жүргізілуі керек [3]. Мұғалім оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттыру үшін барлық тәсілдерді пайдалануы керек. Оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалау болып табылады. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті болып табылады. Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалау қазіргі оқыту технологиясының міндетті элементі болуы қажет. Білімді саналы және белсенді меңгеруде басты рөл жарқын үлгілерді белгісіз оқушының қосымша оқу материалын пайдалануы арқасында көрініс табатын қызығушылыққа беріледі. Саналылық және белсенділік принциптерін жүзеге асыру үшін оқылатын материалдың тек мазмұнына ғана емес, сондай-ақ оқыту процесінің өзіне де қызығушылық қалыптастыру қажет. Оқушыларға тек жаңа ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар оқу, оларға таным процесінің өзі де қызық болуы керек. Бұл ережелерді сақтау жалған білім жинақтауды емес, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқыту үрдісінде оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуі тиіс. Оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғарғы деңгейі танымдық міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады, мұнда мұғалім танымдық тапсырма беріп, оның шешуін бақылауы немесе оқушыға шешу тәсілдері көрсетуі тиіс. Төменгі деңгейде оқушыға белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана танымдық әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың негізгі факторларына оладың өз мүмкіндігін сезінуі, оқушылардың өз тандауымен жұмыс істеуі, оқу үрдісіне баланың өз әрекетінен қанағаттануы; оларға мұғалім тарапынан қойылатын талап пен қабілеттерінің сәйкес болуы; мұғалімнің өзіндік жұмысты ұйымдастыра алуы, т.б. жатады. Бұл факторлар оқу мотивтерінің өрісін кеңейтіп шығармашылық әрекетіне негіз қалайды. Қабілеттер оқушыға дайын түрде берілмейді, ол оқыту барысында жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Оқу, білім алу қабілеттерінің деңгейі әр оқушыда әр түрлі болғандықтан, мұғалім танымдық тапсырманы беру кезінде оны ескеруі тиіс. Төменгі сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру үшін білімді меңгерудің мынадай мақсаттары керек: Мақсатты қоя алу (мақсатты түсіндіру); Мақсатты жүзеге асыра білу (орындалатын бөлігі) ·Нәтижені бағалай алу (бақылау, баға). Бүгінгі мектептерде тек қана екінші буын –орындалатын бөлім ғана жүзеге асады. Сондықтан да ол мектеп тәжірибесінде кең таралған, өйткені мұғалім оны оңай қолдана алады. Мақсатты қоя білуге тоқталсақ, онда ол мақсаттың тек қана жекеленген, бөлек, бір-бірімен бірікпеген оқу үрдісінің мұндай түрі оқушылардың өз қызметін бақылап, оған баға беріп, нәтиженің тиімділігін қалыптастырмайды. Басқаша айтқанда, оқушының танымдыққа емес, тіпті оқу үрдісіне деген қызығуының артуы екіталай. Осы көрсетілген үш элементтің жүзеге асырылуы үшін оқу пәні ішкі ой ерешеліктеріне, яғни, ол ойдың даму тарихы мен қалыптасуына, сонымен қатар әр оқу пәні – жалпы білім жүйесінің тек бір ғана бөлігі екенін түсінгенде ғана іске аспақ. Яғни, қазіргі заманғы оқу үрдісінің мазмұнына деген көзқарас оның диалектикалық дамуында ғана қарастырылуы керек. Басқа сөзбен айтқанда, пәндік білім беру жүйесінің негізінде диалектикалық қайшылық, яғни, бір жүйеде нақты пәнді алсақ, білім беру жүйесінің дамуына мүмкіншілік беретін қозғаушы күш деп қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларында ұғынатын түсініктер оның маңызын жаттап алып көптеген жаттығуларды, есептерді орындағаннан емес, оларды түсіну арқылы ғана болады. Танымдық белсенділік барысында логикалық ойлауы дами бастайды. Сонымен, оқушылардың танымдық белсенділігінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге мүмкіндік

береді: 1. Білімді өз бетінше алуы және оны түрлі жағдайда қолдана білуі; 2. Іргелі білімдерге қол жеткізу; 3. Танымдық тапсырмаларды шешу біліктері; 4. Өзбетіндік оқу әрекетіне қызығушылығы, әрекет тәсілдерін білуі; 5. Тұтас педагогикалық үрдісте мұғалімнің оқуы мен мақсатты өзара әрекеті; 6. Әрекетке бейімделуі мен өзін-өзі бақылау. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім тарапынан ұйымдастырушылық пен дұрыс басшылық және оған оқушылардың өздері белсенділік танытпағы ләзім. Ал оқушылардың жеке басының дамуына белсенді болуы үшін оны қажетсінуі, ізденуі, бағдарлай білуі, зерттеу біліктері болуы қажет. Бұл жерде оқушылардың қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етудің, сол жолда ізденісін, талабын ұштап, білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шрттары», «Қазақстан мектебі» журналы №7-2010ж, 38-39 беттер.
2. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту - өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2-2011 ж, 66-67 беттер.
3. Ергалиева, Л. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары / Л. Ж. Ергалиева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 8 (88).

Сенкубаев С.Т.¹, Ермакбаева Н.Ж.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Адам денсаулығын сақтау және дамыту мәселесін шешу үшін мектеп оқушыларының денсаулық мәдениеті мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру қажет. Соңғы жылдары педагогика ғылымында салауатты өмір салтын үлгілеу, денсаулықты сақтау және нығайту саласында жеткілікті тәжірибе жинақталды. Денсаулықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар ашылды. Осыған қарамастан, мектеп оқушыларының денсаулықты сақтау туралы білімдері төмен, салауатты өмір салтын жүргізу үшін олардың дағдылары мен дағдылары жеткіліксіз, қоршаған орта факторларының адам денсаулығына және болашақ ұрпақтың гендік қорына әсерін тиісті түрде бағалай алмайды.. Психологиялық-педагогикалық дереккөздер денсаулыққа құндылық ретінде қатысты белсенді өмірлік ұстанымды белгілейтін оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін, «денсаулық мәдениеті» ұғымының мазмұны мен оның қалыптасу кезеңдерін жалпылама және жеткіліксіз талдамайды студенттер толық ашылмаған. Зерттеу әдістемесі. Денсаулық сақтау технологияларын жобалауда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен қолдауға ықпал ететін жағдайларға сәйкес түзетілген оқу-тәрбие және сабақтан тыс процестерді ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие процесінде салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында денсаулықты сақтайтын технологияларды жобалау және енгізу арқылы бастауыш сынып оқушыларының денсаулығының сапасын арттыру Бастауыш сыныпта салауатты өмір салтын

қалыптастыруға бағытталған білім берудің құрылымын негіздеу және мазмұнын анықтау, бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру үшін педагогикалық жағдайлар жасау бойынша негізгі бағыттарды анықтау; – салауатты өмір салтын қалыптастыру критерийлерін анықтау және әзірлеу, денсаулық сақтау технологияларының әзірленген жүйесінің тиімділігіне эксперименттік сынақ жүргізу [1].

Жас ұрпақтың денсаулығына қатысты көптеген зерттеулердің нәтижелері елеулі алаңдаушылық тудырады. Мектеп оқушыларының денсаулығын қалыптастыру мен нығайтуда бастауыш сыныпта оқу кезеңі маңызды орын алады. Соңғы жылдары байқалып отырған мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлауы көбірек көңіл бөлуді және оны қалыптастыру мен нығайтудың нақты шараларын қабылдауды талап етеді. Экологиялық жағдайдың теріс өзгерістері, әлеуметтік-экономикалық проблемалар, тар медициналық мамандандыру аясында білім беру ұйымдарында денсаулығы әлсіреген балалардың өсу динамикасын анық байқауға болады. Олар оқу әрекетіне бейімделуде, зейінін жинақтауда және оқу тапсырмаларын орындауда қиналады. Ағзаның мұндай күйі ең озық педагогикалық технологиялардың тиімділігін төмендетіп, тұлғаны дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды айтарлықтай қиындатады. Жылдан жылға дені сау балалардың саны азайып, олардың жалпы сырқаттанушылық деңгейі артып келеді. Балалардың денсаулығына тұқым қуалаушылықпен және экологиямен бірдей әсер ететін шешуші фактор мектеп ортасы болып табылады.

Денсаулық адамның әл-ауқатының, бақытының ең маңызды құрамдас бөлігі, адамның негізгі құқықтарының, еліміздің табысты әлеуметтік-экономикалық дамуының шарттарының бірі екені белгілі. Халықтың денсаулығы елдің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық, санитарлық-гигиеналық жағдайын көрсетеді және оның прогрессивті дамуының қарқындылығына әсер етеді. Сондықтан денсаулық — кез келген қоғамның сапалық қасиеті. Дамыған елдерде халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін білім беру және экономикалық тетіктер қолданылады және бұл денсаулық мәселесін шешудің іргелі бағыты болып табылады. Мектептегі оқу үдерісіндегі жүктеменің артуы бастауыш сынып оқушыларының денсаулығына едәуір зиян келтіруде. Зерттеулер бойынша мектеп оқушыларының денсаулығына ең жағымсыз әсерлері: физикалық белсенділік, оқу жүктемесінің жоғарылауы, дұрыс тамақтанбау, гигиеналық нормаларды сақтамау, жиһазға, жарықтандыруға және т. б. қойылатын талаптар, сондай-ақ балалар, педагогтар мен ата-аналар арасында денсаулық пен салауатты өмір салты туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы мектептің қанағаттанарлықсыз көрсеткіштері. Қазақстанда 80-жылдардың ортасынан бастап халық денсаулығының сапасы мен деңгейінің төмендеуі тіркелді және бұл дәрігерлердің, психологтардың, мұғалімдердің, әлеуметтік қызметкерлердің және барлық азаматтардың белсенді, түбегейлі және келісілген әрекеттерін талап ететін өзекті мәселе. Қазақстандағы халық денсаулығының теріс динамикасы білімнің әртүрлі салаларындағы ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етті, бұл мәселені шешудің тиісті бағыттары мен технологияларын әзірлеумен тығыз байланысты [2].

Адам денсаулығын сақтау және дамыту мәселесін шешу үшін мектеп оқушыларының денсаулық мәдениеті мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру қажет. Соңғы жылдары педагогика ғылымында салауатты өмір салтын үлгілеу, денсаулықты сақтау және нығайту саласында жеткілікті тәжірибе жинақталды. Денсаулықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар ашылды. Осыған қарамастан, мектеп оқушыларының денсаулықты сақтау туралы білімдері төмен, салауатты өмір салтын жүргізу үшін олардың дағдылары мен дағдылары жеткіліксіз, қоршаған орта факторларының адам денсаулығына және болашақ ұрпақтың гендік қорына әсерін тиісті түрде бағалай алмайды. Психологиялық-педагогикалық дереккөздер денсаулыққа құндылық ретінде қатысты белсенді өмірлік ұстанымды белгілейтін оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін, «денсаулық мәдениеті» ұғымының мазмұнын мен оның қалыптасу кезеңдерін жалпылама және жеткіліксіз талдамайды студенттер толық ашылмаған. Зерттеу әдістемесі.

Денсаулық сақтау технологияларын жобалауда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен қолдауға ықпал ететін жағдайларға сәйкес түзетілген оқу-тәрбие және сабақтан тыс процестерді ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Денсаулыққа бағдарланған тәсіл — бұл қазіргі мектептің маңызды міндетін шешуге арналған құралдар, әдістер мен жұмыс нысандары — білім беру процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу, дені сау адамның әдеті мен қажеттілігін қалыптастыратын тәсіл және өмір салты. Денсаулыққа бағытталған көзқарас формаларды, әдістерді және құралдарды біріктіреді. Мектептерде денсаулықты сақтайтын технологияларды енгізу мәселесі когнитивті экономикаға тікелей қатысты. Бұл ғылымда адамдардың еңбек қызметі және оны жүзеге асыру процесі денсаулықты қорғауға және нығайтуға арналған жағдайларды жобалау кезінде барлық экономикалық талаптар сақталуы керек. Сонымен қатар, оқытылатын материалдың көлемі мен қарқындылығын қалыптастыруға, оқу процесінде артық жүктемелерге жол бермеуге әсер ететін санитарлық-гигиеналық және медициналық талаптар бар. Дизайн талаптарға сай болса, оқу процесін сапалы деп атауға болады және мектеп оқушыларының денсаулығына жақсы әсер етеді.

Жұмыстың бастапқы кезеңінде әзірленген технологияның теориялық негіздемесі мыналарды қамтиды: — диагностика мақсатын қою, оқушылардың іс-әрекетін талдау, міндеттер қою, мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін зерттеу; — мақсат пен қалыптасқан жағдайларға сәйкес келетін педагогикалық технологияны таңдау, тұжырымдама мен гипотезаны әзірлеу; — осы бағыт аясында оқу процесінің мазмұнын пысықтау, оқытудың мазмұнын, элементтерін қалыптастыру; — белгілі бір даму аймағындағы оқу үрдісі өнімінің нұсқасын зерттеу [3].

Денсаулықты сақтайтын технологиялардың барлық спектрін жүйелі түрде пайдалану, баланың салауатты өмір салтына деген тұрақты мотивациясын қалыптастырады. Аталған денсаулық сақтау педагогикалық технологияларын қолдану оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырады, белгілі бір шарттар орындалған кезде педагогтар мен ата-аналарда денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған құндылық бағдарларын қалыптастырады. Сонымен, білім беру мекемесінде мыналар болуы керек: — технологияларды реттеу мүмкіндігі үшін жағдайлар жасалады; — бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын тұрақты бақылау негізінде технологиялық әсерлердің қарқындылығына қажетті өзгерістер енгізілді: — әр оқушыға жеке көзқарас қарастырылған; — мұғалімдер мен балалардың ата-аналары арасында жағымды мотивациялар қалыптастырылады. Оқушының психологиялық денсаулығы үшін сыныптағы достық атмосфера да маңызды рөл атқарады. Позитивті эмоционалды фон тиімді жаттығулардың да маңызды шарты болып табылады. Дене тәрбиесі әртүрлі элементтерді қосу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: музыкалық сүйемелдеу, өлеңдер, ойындар, көзге арналған гимнастика, эмоционалды жеңілдік. Бастауыш сынып мұғалімі ақыл-ой мен дене белсенділігін шебер үйлестіруді, шаршауды, шамадан тыс жұмысты болдырмауды білуі керек. Сонымен қатар, сабақ барысында дене шынықтыру да бастауыш сынып оқушысының денсаулығына жақсы әсер етеді. Дене шынықтыру балаларға демалуға, эмоционалдық жүктемені босатуға, демалуға, зейінін бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстыруға көмектеседі. Дене шынықтыру сабағынан кейін мектеп оқушылары белсенділік көрсетуге дайын, олардың зейінін шоғырландыру оңайырақ болады және одан әрі оқу процесіне қызығушылық пайда болады. Сонымен, дене шынықтыру — бастауыш сыныптегі денсаулық сақтау технологияларының маңызды бөлігі. Қорытынды. Бастауыш сыныптардағы салауатты өмір салтын қалыптастыратын білім беру технологиялары — бұл ең алдымен бастауыш сынып жасындағы балалардың валеологиялық мәдениетін немесе денсаулық мәдениетін тәрбиелеу технологиялары. Бұл технологиялардың мақсаты — баланың адам денсаулығы мен өміріне саналы қатынасын қалыптастыру, денсаулығы туралы білімдерін жинақтау және оны қорғау және сақтау қабілетін дамыту, өз бетінше және тиімді мүмкіндік беретін валеологиялық құзыреттіліктерді меңгеру, салауатты өмір салты мен қауіпсіз мінез-құлық мәселелерін шешу, қарапайым медициналық, психологиялық өзіндік көмек пен көмек көрсетуге байланысты тапсырмалар. Бастауыш сынып педагогикасында

технологияның маңызды түрлеріне оқушыға бағытталған білім беру мен оқыту технологиялары жатады. Мұндай технологиялардың жетекші қағидасы — баланың жеке ерекшеліктерін, оның дамуының жеке логикасын есепке алу, тәрбие мен оқыту барысындағы іс-әрекеттің мазмұны мен түрлеріне балалардың қызығушылықтары мен бейімділігін есепке алу. Жалпы педагогикалық процестерді баланың жеке басына бағыттай отырып құру оның денсаулығына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баладанов О. Ю., Козловский И. З., Бахтинов О. П. Актуальные проблемы сохранения, укрепления и приумножения здоровья школьников. // Проблемы здоровья человека. Развитие физической культуры и спорта в современных условиях: Материалы межрегиональной научно-практической конференции, посвященной 55-летию ФФК СГУ. — Ставрополь: Изд-во СГУ, 2012
2. Айтпаева А. К. Программа «Использование казахских народных детских игр в детском саду» - Алматы, 2016
3. Қыстаубаев Е. И. Дене тәрбиесі ғылымының даму ерекшеліктері. Монография, Алматы: 2019

Сенкубаев С.Т.¹, Ермекбаева Н.Ж.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Салауатты өмір салтын балаларға дәріптеу бүгінгі күнгі білім беру ұйымдарының алдында тұрған көкейкесті мәселенің бірі. Бүгінгі таңда егеменді еліміз осы бағытта мектепке дейінгі білім беретін ұйымдарда жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Барша азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бағытталған.

Салауатты өмір салты мәселесін анықтау проблемасындағы негізгі категория болып «денсаулық» ұғымы болатынын айта кету керек. Бұл ұғымды анықтауда адамның өзінің, оның жаратылу табиғатының көрінісі басты роль атқарады. Адамның тек сыртқы түрі ғана емес, сонымен бірге ішкі жан – дүниесі де, яғни мінез-құлық, қабылдауы, ойлауы, іс-әрекеттері, сол немесе басқа әсерлерге бейімі бір келкі бола бермейді. Әртүрлі адамдар болып жатқан нәрсені әртүрлі жасайды. Бірақ, ең бастысы бір адам сол немесе басқа әсерлерді өмірдің әртүрлі кезеңінде әр түрлі қабылдайды. Сонымен, адамның денсаулығы – бұл жалпы адамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады. Бүгінгі күні ол кешенді немесе дене, психологиялық, әлеуметтік және жеке тәртіптің көптеген күрделі факторларының, кейде философиялық қасиеттердің өзара әсеріне қатысты болады [1]

Ғылыми және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында адамзатта салауатты өмір салтын тәрбиелеу терең мағыналы мәселе екендігін айқындай түсуге болады. Дене мәдениеті, дене пішіні, психикалық күй, жансаулық, тамақтану, тұрмыстық ерекшеліктер, киім кию – салауатты өмір салтының көрінісін білдіреді.

«Денсаулық» мәнінің тарихи талдамасын жүргізген И. Г. Сигерист былай деп жазды: «ежелгі ойшылдар мен дәрігерлердің көптеген деректеріне қарағанда, сонымен бірге заманауи көзқарастар бойынша денсаулық – бұл жасалған тепе – теңдік жағдайы болып саналады. Адам денесін құрайтын қозғалыстық күш пен сұйықтық толық тепе – теңдікте болған кезде – адамның дені сау болады. Тап осы анықтама келтірілген жалпы түсіндірмелердің ең үздігі болып табылады. Сұйықтықтар, өмірлік күш физика және химия терминдері бола тұра медицинаны толғандыра ма, толғандырмайды ма – бұл ең бастысы емес. Ең негізгісі денсаулық тепе – теңдік жағдайы болып саналады ».

Педагогикада «денсаулық» түсінігінің өз анықтамасы бар. Педагогикалық ғылымда жеке тұлғаның психофизикалық сапаларының туындау сипатының әсері мен оның әлеуметтік бейімделу дәрежесі адам денсаулығына игі әсер етеді немесе керісінше ықпал етеді. Және де бұл денсаулыққа деген бүтін көзқарастар төмендегі суретте келтірілген үлгі ретінде көруге болады.

Рухани компонент жеке тұлғаның бір мақсатқа және өмір құндылығына адамгершілік бағдармен, өзіне қатысты менталитетіне, табиғат пен қоғамға байланысты ұмтылу деңгейімен анықталады. Дене компонент дененің даму деңгейімен, дене мүшелері мен жүйелердің өзін - өзі реттеу дәрежесімен, организмдегі резервтік мүмкіндіктердің болуымен сипатталады. Психологиялық компонент психикалық процесстердің даму деңгейімен, қызметі мен эмоционалды – еріктік саласының реттелу деңгейімен анықталады.

Әлеуметтік компонент жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік бейімделу дәрежесімен және жеке тұлға сапасының социумдағы толыққанды және ұзақ мерзімді белсенділігі үшін маңызды қалыптасуымен сипатталады.

Денсаулықтың бұл компоненттерінің өзара байланысын балалардың жастық ерекшеліктерімен қоса қарастыра отырып, денсаулықтың уақыт өте өзара әсері мен түрлі иерархиясының өзгермелігін бақылауға болады. Осылайша, салауатты өмір салты түсінігін білу мен оны қалыптастыру негізінде жоғарыда көрсетілген тұқымқуалау және қоршаған орта факторларының да есепке алынатынын байқаймыз [2].

«Салауатты өмір салты» сонау замандардағы Гиппократтың трактаттарында бірқатар денсаулық сақтау іс-шаралары ретінде философиялық ой-санасы құрылымның жалғасы түрінде мазмұндалады. Трактат денсаулық және салауатты өмір салты жайындағы ілімнің дамуына негіз болды. Көне грекиялық философтардың еңбектерінен балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі теңдесіз ой өрістерін дәлірек кездестіруге болады.

Көне Грекиядағы алғашқы философтардың бірі Сократ, табиғи жаратылысты ерекшеліктерге аса назар аудара отырып, адамның өзін-өзі тану мүмкіншіліктері арқылы салауатты өмір салтының терең жағын көре білді «өзөзін білетін тұлға, өзіне тиімділікті таниды, шамасы келмейтін істі түсінеді». Яғни, ол адамның сана-сезімі арқылы өзін-өзі танып білуін, іс-әрекеттенуін мазмұнды түрде көрсетті. Платон салауатты өмір салтын тәрбиелеу ерте кезеңнен бастау қажеттігін атап көрсетті, себебі «кез-келген істегі ең бас тысы – оның ерекшелене бастауы».

Аристотель «Этика, саясат, поэтика» деп аталатын еңбегінде адамның жекелей көрегендігі мен салауатты өмір салтын қоғамдық мазмұндағы мәселе ретінде ашып көрсетеді. Оның айтуынша, тәрбиені «денеге қамқорлықтан» бастап, сонан соң, «Рухани тәрбиеге» ұштастыру қажет, себебі дене тәрбиесі, рухани тәрбиемен қатарласа орындалуы тиіс. Яғни, Аристотель салауатты өмір салтының тәрбиесін адамның белсенді өмір салтымен, шынығумен, жаттығулармен байланыстырады. Демек, ерте кезде де салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі дене жаттығу мәселесі қарастырылған. Осы кезеңде «өз-өзінді тани біл», «өзіңе қамқорлық жаса» деп аталатын алғашқы тұжырымдамалар шыға бастады. Салауатты өмір салтын тәрбиелеу мәселелерін Шығыс елдерінде де қолдау тапқан. Мысалы, Ибн Сина денсаулықты сақтау және нығайтуға бағытталған гигиеналық талаптардың кодексін құрады. Тамақтану, ұйықтау, оқу мерзімдерін сақтау қажеттілігін Ибн-Сина атап көрсетті. Салауатты психологиялық ортаның болуына аса назар аударды. «Дәрігерлік ғылымның баспалдағы» еңбегінде Ибн-Сина тәрбиешілердің баланы өз эмоциялары мен үрейлерін басқару

қажеттілігін мазмұндайды. Яғни, ойшының пікірінше, жас буынның санасы мен денсаулығы тәрбиеге байланысты. Шынайы мемлекет концепциясында Ибн-Сина қоғамдық еңбек пен ұзақ өмір сүру қоғамдық құрылымның басты критериясы екендігін атап көрсетті. Шынайы таза мемлекетте ереже мен тәрбиенің жетелеуі арқасында адамзаттың саналы табиғатын өзгерте отырып ұзақ өмір сүретіндеріне сенеді.

Орта ғасырда өмір сүрген Өтей Бойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Асан Қайғының қазақша жазба мұраларынан жас буынды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі терең ойлы мұрағаттарды кездестіруге болады.

Ө. Тілеуқабылұлы дене мен рухани дүние тұрғысында жас буынның сұлулықты түсіне білулеріне ерекше көңіл бөлді. Сонымен ойшылдар «сұлулығымен» қатар «рухани сұлулықты» дамытуды ұсынды.

Ө. Тілеуқабылұлы адамның сыртқы пішініне, көрінісіне аса назар аударған, егер адамның сырт киімі таза, тартымды, сұлу, келбетті болса онда ол оның көңіл-күйін жақсартып, жүрек жылуын оятады. Ойшыл-данышпан арақшараптан, нашақорлықтан алшақ болуға шақырады. Ойшылдың ой-саналауы бойынша бала дені сау болуы үшін жас кезінен бастап оны шынықтыру қажет, дене еңбегімен шұғылдандыру қажет.

XV ғ. белгілі оқымыстысы М. Х. Дулатидің өсиетінде тәрбиелеудегі зиянды әдеттерге қатынасты негіздемелер қаланған (шарап ішу, нашақорлық заттармен шұғылдану, темекі тартуға үйір болу). Зиянды әдеттерді мәдениеттілік пен еңбекке тарту арқылы жою керек дейді [3].

Белгілі қазақ жырауы, философы Асан Қайғы өзінің поэтикалық шығармаларында, өмірде адам баласы қандай болуы қажет, неге талпыну қажеттігі жайында қызықты ой-өрісті дүниелерді көрсете білген. Философтың пікірінше, әрбір адамзат өзіндік жетілуге талпынуы қажет. Нағыз адам саналы сапа иесі болуы тиісті, адамгершілік, шынайылық, шыншылдық, қарапайымдылық, намысқойлық, тұрақтылық Асан Қайғының пікірінше, қоғамдық шарттар тұлғаның қалыптасуына, оның саналы ерекшеліктерінің қалыптасуына басты фактор болып табылады. Осы аталған салалар мен шарттар салауатты өмір салтына тиісті, қажетті мінез-құлық нормаларын таңдап алуға мүмкіншілік жасайды. Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті халықтық ертегілерде, эпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, ойындарда және дәстүрлерде бейнеленетін сипаттала көрсетілген.

Қ. Ж. Қожахметова «Қазақ этнопедагогикасы: әдістемесі, теория және практика» деп аталатын монографиясында «қазақ халқы әрқашанда мақсатты, саналы адамзатты тәрбиелеуде тәжірибелерге бай»-екендігін атап көрсетті.

Жанұялық тәрбиені мазмұндай отырып авторлар қазақ халқының жанұясы көп балалы, шаруашылықты болғанына назар аудартады. Сондықтан балалар еңбекпен жас шақтарынан айналысқан. Баланың шынығуына аса назар бөлген. Ауа мен суға байланысты іс-шаралар қолданылып отырған [3].

Ат жарыстары, спорттық ойындар аса дәстүрлі болған: аламан бәйге – үлкен қашықтықтарға жарысу, күміс алу – атпенен шауып келе жатып жерден тиынды іліп алу, көкпар, жамбы ату- садақпен оқ ату, сайыс-ат үстінде аударыспақ, қыз қуу және т. б. Осы ойындарда қазақ халқының азаматтарының ептіліктері, жігерліліктері, іс-қимылдары сипаттала көрсетілген.

Салауатты өмір сүру, жалпы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы осылайша тарихи сипаттамалар айта келіп, бұл бағытта арнайы педагогикалық аспектілерді талқылап, нәтижеде белгілі бір технологиялар түрінде әсер етіп, тәлім-тәрбие беру керек екендігін айқындай түстік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Курамшин, Ю.Ф. Теория и методика физической культуры / Ю.Ф. Курамшин. – 3– М.: Советский спорт, 2017
2. Ланда Б. Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности / Б.Х. Ланда. – М.: Советский спорт, 2016

3. В. А. Караковский. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности / Б.Х. Ланда. – М.: Советский спорт, 2016

Сенкубаев С.Т.¹, Ерсай Ұ.С.²

ОҚУШЫ БОЙЫНДАҒЫ ІШКІ КҮЙЗЕЛІСТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі заманда әлеуметтік экономикалық талаптарға бейімделудің қиындығы және адамзаттың өмірдің күрделі мәселелерін шешуге дайын еместігі түрлі күйде туатын психикалық күш жұмсауды күшейтеді. Тұлғаның эмоционалды сферасының ерекшеліктері көп жағдайда адамның өмірлік сферасына ықпал етеді. Қазіргі таңда тұлғаның әртүрлі эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Жеке адамның эмоциялық жағдайының тұрақты болуы оның өмір сүретін ортасына, экономикалық және ғылыми техникалық жетістіктеріне байланысты екені Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында балаларға салауатты өмір салтын үйретіп, «әр оқышының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін» арттыру қажет екендігі көрсетілген. Оқушылардың жеке тұлғалық даму ерекшеліктерін дер кезінде диагностикалау, олардың эмоционалдық жағдайында нормадан ауытқуы байқалған кезде көмек көрсету көкейкесті мәселердің бірі болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында балалардың эмоционалдық жағдайының ауытқулары қандай себептермен байланысты екені келесі сөздермен айтылған: «Біріншіден, осы өмірде тұрақсыздықпен діни экстремизм етек жая бастауы. Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан алғанда Қазақстан бел ортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруы». Эмоцияның теріс көріністері ерекше дамуымен байланысты өзгеге қиянат зорлық көрсету, нашакорлық, токсикомания, адам бойында кері әсердің жиылуы, агрессивтілік әрекеттің бой көрсетуіне алып келетіндігі психологияда дәлелденген.

Өйткені эмоционалды даму тұлғаны толыққанды қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Эмоционалды аймақтың проблемасы адамды әуел бастан-ақ қызықтырды. Өйткені, нақ осы біздің эмоцияларымыз сол немесе өзгеістердіорындауға және шешім қабылдауға итермелейді. Психология ғылымының жас ғылым екендігіне қарамастан, психологиялық білімдер төркініантикалық философтар мен дәрігерлеренбектерінен бастау алады. Ежелгі грек философы Платон эмоциялар жоғары интеллектуалды және төменгі қанағаттануларға бөлінетіндігін көрсетті. Әрбір жас шағы психологиялық дамудың ерекшесапалы кезеңі болып табылады және бала дамуының осы кезеңіндеоның жеке басының өзіндік құрылымының жиынтығы құрастыратын көптеген өзгерістермен сипатталады. Л.С.Выготский жас шағы дамудың белгілі дамуы немесесатысы, дамудың белгілі, бір шама тұйық кезеңі деп қарады, оның мазмұны дамудың жалпы цикліндеалатын орны мн және дамудың жалпы заңдарының одан әрі кез өзіндік көрініс табуымен анықталады. Бір жассатысынан екіншісіне өтуге бұрынғы кезеңде болмаған жаңа құрылымдар пайда болады және даму барысының өзі қайта құрылып, өзгеріп отырады.

Жасерекшеліктері көптеген жағдайлардың жиынтығымен анықталады. Бұл - әр балағаоның өмірінің осы кезеңінде қойылатын талаптар жүйесі, айналасындағылармен қарым-қатынастарының мәнісі, әріол игеретін білім мен іс-әректтер типі, әріосы білімдерді

игеру тәсілдері. Жас шағына тән ерекшеліктерді анықтайтын жағдайлардың жиынтығына баланың дене дамуының түрлі жақтарының (мысалы, сәбилік шақтағы белгілі мофологиялық құрылымдардың жетілуі, жеткіншек шақтағы организм өзгерістерінің ерекшеліктері т.б.) ерекшеліктері деенеді. Жас ерекшеліктерін анықтайтын сыртқы жағдайлар балаларға тікелей әсеретпейді. Ортаның қайсы бір элементтерінің қандай да бірі бұрын қалыптасқан психологиялық қасиеттердің сипатына байланысты әр балаға объективті түрде әр түрлі әсеретеді. Осы сыртқы және ішкі жағдайлардың жиынтығы жастың өзіне тән ерекшеліктерін анықтайды да, ал олардың арасындағы қарым-қатынас өзгеріскелесі жас кезеңдеріне көшудің қажеттілігі мен ерекшеліктеріне сабақтас келеді.

Сонымен, жас шағы балаға оның дамуының сол кезеңде қойылатын тааптар мен тіршілік жағдайларының өзіне тән ерекшеліктерімен, оның айналасындағылармен қарым-қатынас ерекшеліктерімен, баланың жеке басының психологиялық құрылымы дамуының деңгейімен, білім мен ойлауының даму дәрежесімен, белгілі бір физиологиялық ерекшеліктердің жиынтығымен сипатталады. Жас шамасына қарай даму кезеңдері ауысуының негізгі механизмдерін Л.С.Выготский және Д.Б.Эльконин анықтаған. Олардың құрған теориясы бойынша жас кезеңін айналасындағылармен қарым-қатынас жасаудың даму деңгейі бөлімдердің, тәсілдердің, қабілеттердің даму деңгейі арасындағы байланыс анықтайды. Д.Б.Элькониннің көрсеткеніндей, даму процесінің осы екі түрліше жақтарының арасындағы өзгеріс келесі жас кезеңдеріне өтудің өте маңызды ішкі негізін, «қозғаушы күшін» құрайды. Мысалы, баланың балалық шағындағы сыртқы болмыспен байланысты оның үлкендерге қарым-қатынасы арқылы дәнекерленеді. Қарым-қатынастар жүйесі арқылы бала қоршаған ортадағы заттарды, олармен манипуляция жасау арқылы белгілі бір дағдыларды игереді, оның ұғымдар қоры қалыптасады, үлкендермен қарым-қатынас жасау тәсілдері байиды, тіл байлығы жетіледі. Осының барлығы баланың дербесіс-әрекеттер жасау мүмкіндігінің кеңейуіне, демек, айналасындағылармен қарым-қатынас жасау тәсілдерінің өзгеруіне негіз болды. Ал соңғысы осы кезеңіндегі психикалық дамудың онан арғы барысының жағдайларын өзгетеді (мысалы, бала енді болмысты өзінің тікелей іс-әрекеті арқылы да танытын болады). Бала өзбетімен қоршаған ортаның ерекшеліктерімен танысу барысында көптеген заттар мен құбылыстарды терең және жан-жақты меңгере бастайды.

Күйзеліс «адам миының қара сөлге толуы» деп Гиппократ анықтама берген. Сондай-ақ, психологтар күйзелісті XX ғасырға тән дерт деп есептегенімен, XXI ғасырды да бей жай қалдырмады. «Осы алдағы он жылда күйзеліс ең үлкен қоғам дерті болуы әбден мүмкін», — деп дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пайымдады. Менің түсінігім бойынша, адамның психологиялық күйзелісі күн сайын артып келетін сияқты. Гарвард университеті мен Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы зерттеулері бойынша, әлемде 120 миллиондаған адамның бойынан күйзеліс дерті табылған. Ең қиыны, жыл сайын 800 мың адам күйзелістің кері әсерінен өз-өзіне қол салған. Психолог мамандары күйзелісті үш кезеңге бөлді: Адамзаттың жүрек қан тамыр ауруларына жиі ұшырауы немесе белгілі апаттар арқылы пайда болған психикалық ауытқу немесе күйзеліс; Психогендік депрессия — тұлғаның психикалық ауытқуы салдарынан пайда болатын депрессияның түрі өте қайғылы жағдайға итермелеуі мүмкін. Бірақ, бұндай күйзеліс ұзаққа созылмайды. Қарапайым халықтың тілімен айтқанда, бұл депрессия «ұмытшақтық ауруы» сияқты. Эндогендік депрессия — адамның ішкі жан дүниесінде пайда болатын дерт. Бұл депрессия адамға кері әсерін береді. Эндогендік депрессиялық күйге түскен адам көз алдында орын алған құбылыстарға баға бере алмай, белгілі бір сезімдерді бастан кешіре алмай, өзін-өзі түсінбей дал болады. Күйзеліс жағдайында көмек көрсету: Әрдайым оның жанынан табыла алатыныңызды, қолдайтыныңызды дәлелдеңіз! Себебі, уайымға салынған адамдар өздерін жалғыз сезінуі мүмкін, олар өздерінің сезімдері мен эмоциялары үшін ұялады, әрі сол үшін өздерін кінәлайды. Сіз қандай жағдай болмасын, оның қасынан табылатыныңызды, оның кез келген жағдайы сіз үшін қалыпты жағдай екенін ұқтырыңыз және көмектесуге дайын екеніңізді түсіндіріңіз. Сол кезде адам сізге ойын ашық айта бастайды. Күйзелістегі адамның

сөзі мен әрекетіне мән беріңіз! Күйзеліске түскен адамға «өз-өзінді қолға ал» немесе «жақсы ойла» деген әңгімелер ешқашан көмектеспейді. Тіпті, ол адамға өзіңіздің шын ниетіңізді білдіргіңіз келсе де, оның жағдайында түсіну қиынға соғады. Бұл сөздер оның жағдайының шынымен мүшкіл екенін түсінбегеніңізді көрсетеді. Себебі, бұндай әңгімелер оның айналасындағы адамдардың айтатын сөзі деп біледі. Осы жағдайға тап болсаңыз, жәй ғана құшақтап «Сенің не сезімде отырғаныңды білмесем де, саған қиын болып жүргенін көріп жүрмін», — деп, адамға сезімін сізге көрсете алатындай мүмкіндік жасаңыз! Көмек көрсетумен қатар, шыдамдылық көрсетіңіз: Күйзелісті емдеу ұзақ уақытқа созылады, әрі өте ауыр өтеді. Өйткені, депрессиядағы адам көп жағдайда өзгерістен қорқады. Сол себепті оның емделу шарасы уақытылы өтуін қадағалап, шыдамдылық танытыңыз! Өзіңіздің де сол жағдайға түсіп кетпеуіңізді қадағалаңыз: күйзелістегі адаммен бірге жүру — қиын. Әсіресе, ол сіз үшін жақын адамыңыз болса, бұндай жағдайда өзіңізді естен шығаруға болмайды. Жақыныңыз үшін күресу сіздің энергияңызды жеп қоюы мүмкін. Сол себепті, өзіңізге уақыт бөліп, өзіңіздің сүйікті ісіңізбен айналысуды ұмытпаңыз! [3]. Қорытындылай келе, әрбір адам баласы күйзеліске кез келген сәтте, кез келген жаста ұшырауы мүмкін. Сондықтан тек қана білім алу ғана емес, әлеуметтік ортада өз орнын тауып, толыққанды тұлға болып қалыптасу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. — С. 36, 37.
2. Нурматова Ю. А. Свободное время в жизни студента. — С. 105, 108.
3. Турашов Батыржан Аскарулы. Күйзеліс жағдайындағы психологиялық көмектің ерекшеліктері / Батыржан Аскарулы Турашов. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 25 (367).

Сенкубаев С.Т.¹, Ерсай Ұ.С.²

ОҚУШЫ БОЙЫНДАҒЫ ІШКІ КҮЙЗЕЛІСТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі уақытта «стресс» ұғымы өте кең таралған. Бұл ерекше танымалдылықтың басты себебі стресс ұғымы өмірдің көптеген құбылыстарын түсіндіруді талап етеді: адамның травматикалық жағдайларға реакциясы, әртүрлі қақтығыстар мен аурулар. Стресстің адам өміріндегі рөлі орасан зор және маңызды, әсіресе ағзаның барлық күштері мен мүмкіндіктерін лезде жұмылдыру қажет болған жағдайда мінез-құлықты реттеу үшін. Күшті эмоцияның әсерінен адам мүмкін емес нәрсені қашан жасайды? Бұл жағдайда олар кейде айтады: стресс жағдайында әрекет етті. Стресстік жағдайлар адамның мінез-құлқына, оның жұмысына, денсаулығына, отбасындағы, мектептегі қарым-қатынастарына әсер етеді.

Біз ең осал тұсқа - бастауыш сынып оқушыларындағы стресстік жағдайларға тоқталамыз, өйткені бүгінгі күні стресс балалар әлеміне көбірек күшпен таралуда. Психологтар тіпті "мектептегі күйзеліс" терминін анықтады. Сондықтан мектептегі күйзелістердің алдын алу мәселесі бүгінгі күні өзекті болып отыр.

Теориялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау көрсеткендей, бұл мәселенің жекелеген аспектілеріне арналған жұмыстардың айтарлықтай көлеміне қарамастан, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық күйзелістерінің алдын алу мәселелері

жеткілікті түрде зерттелмеген, сондықтан бұл тақырып әрі қарай зерттеуді және әдістемелік нұсқауларды әзірлеуді қажет етеді. Бұл біздің зерттеу тақырыбымызды таңдауымызға негіз болды.

Психологиялық жағдайдың белгілері бірге кімге стресс:

- оқу іс-әрекетінің бұзылуы;
- баланың бас ауруы, бас айналу, омыртқа ауруы, ас қорыту бұзылыстары және т.б. түрінде ешқандай себепсіз өзін нашар сезінуі;
- агрессивтілік немесе оқшаулану;
- зейінсіздік, оқу материалын есте сақтай алмау;
- әбігершілік, бастаған ісін аяқтай алмау;
- қорқыныш және басқаларға сенімсіздік;
- теріс көзқарас келешек.

I кезең – зерттеу тақырыбы мен мәселелерін анықтау, зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерделеу, нормативтік және бағдарламалық құжаттарды талдау; зерттеудің концептуалды негіздерін, концептуалды аппаратын әзірлеу, 2-сыныптағы бастауыш сынып оқушыларындағы психологиялық күйзелістің бастапқы деңгейін анықтау бойынша эксперименттің анықтау кезеңін жүргізу.

II кезең – эксперименттік арт сыныбында профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру технологиясын әзірлеу-терапевтік әдістермен эксперименттің қалыптастырушы және анықтаушы кезеңдерін жүзеге асыру.

Отансүйгіштік, әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізет – тілек, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл – парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз, отбасы халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт – дәстүрлерді, әдет – ғұрыптарды жан – жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңіруге, рухани жаны таза адам болуы шарт. Осы тағылымдарды білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алып отырған жөн.

Патриоттық тәрбие барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын зерделеуге ерекше мән берілді. Республика рәміздерінің саяси және рухани мәнін пайымдау үшін жастардың азаматтық міндеттері туралы дүниетанымы кеңейтіледі және тереңдей түседі. Мемлекеттік нышандардың көмегімен жасөспірімдер бойында еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді [2]. Патриоттық тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Отбасы рухани – адамгершілік тәрбиенің негіздері қалыптасатын айрықша әлеуметтік орта болып табылады. Отаншылдық сезім – туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси - әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетін, ұлттың құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады.

Егемен Қазақстанның болашағы, тағдыры жастардың қолында. Сондықтан жастарымыз білімді де, тәрбиелі, жан – жақты дамыған азамат болып қалыптасуы керек. Кез – келген азамат өзінің елі мен жері үшін жанын берер патриот болуы керек. Ең мықты мемлекет болу үшін жастардың бойында шынайы патриотизмді қалыптастыруға үлкен күш жұмсауымыз қажет.

Патриоттық тәрбие ұлттық намыс, ұлттық сана – сезім, рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен – тілімізді, дінімізді, салт – дәстүрлерін жатқызса, тіл қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт – дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриоттық тәрбиенің қазіргі кезде алатын орны ерекше.

Біріншіден, ұлттың ұстанымды бұл идеясы Қазақстан дамуының ішкі қажеттілігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтаудан, қоғам тұрақтылығы мен ел бірлігіне қызмет ететін патриоттық тәрбиені жетелдетудің; екіншіден, интеллектуалды дәстүрдің ықпалынан, дүниені тұтас қабылдамақ талпыныс пен іріктеулі талғамнан нәр алатынын; үшіншіден, Қазақстанның өзіндік мәдениет, дәстүр, тұрақты әлеуметтік тәртіп және әлеуеті мол мүмкіндіктен қолдау табатынын; төртіншіден, гуманитарлық қауіп-қатерге қарсы іс-шараларда қарастырылатын сезінудеміз. Мәңгілікке демеу тұрақты өмірде, озық өнерде, жарасымды әлемде құндылықтарды қолдайтын қоғамдық ниетте көрініс алады, тұрлаулы жолда құптарлыққа бөленді.

Ұлттық-мәдени дамудың осы ретте ғылыми негізін қалыптастыру, жаңа заманғы озық үлгілермен толықтыру бастамасы – Елбасы ұстанымның да, бүгінгі өмірлік талаптың да тұғыры екені анық. «Мәңгілік Ел» идеясына тарихи, әлеуметтік, мәдени талдау, нақты да кешенді, теориялық та әдістемені, пәндік және стратегиялық тұрғыдан талдау – еліміздің бекем іргетасын қаламақ, стратегиялық ұстанымын айқындай түспек.

«Қазақстан – 2050» атты стратегиясымен қоса, аталмыш реформалар арқылы біртіндеп қазақ елінің идеологиясының құрағы құрақталып, ою-өрнегі нақышталып, қанық бояуы сіңе түспек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 5 институционалдық реформа негізінде жүзеге асырылатын мемлекетті одан әрі дамытудың 100 нақты қадамынан құрылған Ұлт жоспары Қазақстанның жаһандық және ішкі шақыртуларына, сондай-ақ, жаңа тарихи шарттар бойынша дүние жүзінің озық елдерінің қатарына қосылу жоспарына жауап беретіндігін де «Мәңгілік Ел» идеясымен аастастыра айтқан болатын.

Ұлттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналуға. Жастардың патриоттық сезімін арттыру жолында ұлттық тәрбие көздерімен сусындата білім беру қажеттігі туындап отыр. Осы мәселені іске асыру үшін болашағымыздың рухани дамуын дұрыс жолға қоя білуіміз керек. Халқымыздың орасан зор адамгершілігімен, үлкенге деген құрметімен, кішіге ізетімен, қонақжайлылығымен, ақыл – парасатымен, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен, көрегендігімен ерекшеленетін салт-дәстүрі мен әдет – ғұрыптарын, мол мәдени, рухани мұраларын сақтап, оны заман өткен сайын еселеп жаңғырта түсетін қырларын оқушыларға ұғындыра білім беруді негіздеу қажеттігі айқын. Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендіру бүгінгі таңда өзіндік ерекшеліктерімен айшықталары анық. Бұл жолда біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетті,

тарих, дәстүрімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра өзге халықтарға таныту ол пәннің ғылыми мағынасын тереңдете түседі [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. – Астана, Білім. 2019.
2. «Современное образование» Республикалық журнал, №1 (101) 2019. -96 бет
3. «Қазақ өрениеті»/ Казахская цивилизация Университет Кайнар №4 (68) 2020. -129 бет

Жанғабыл А.С.¹, Кожажалиев М.С.²

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

Еліміздің оқу-ағарту ісінде басшылыққа алатын негізгі идеялық бағыт Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілгендей «қазақстандық патриотизмге негізделуі керек» [1]. Ал қазақстандық патриотизм мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтауға, дәстүр мен мәдениеттің ұлттық көркеюіне ат салысуға, Қазақстанда тұратын түрлі өзге ұлттардың бірлігін қамтамасыз етуге, олардың өзара саяси-экономикалық және мәдени байланысын күшейтуге, осы байланыстың пәрменді насихатшысы мемлекеттік тіл – қазақ тілінің көркеюіне негізделуі тиіс.

Ғалым Ә. Қалмырзаев «Патриотизм, отаншылдық сезім априорлық құбылыс емес, ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық саяси-әлеуметтік құбылыс»[2], - деп Елбасымыздың алға мақсат етіп қойған ұлттық идеясын астастыра түскен болатын.

Жалпы «Мәңгілік ел» идеясының түп қазығы ұлттық тәрбиеде жатыр. Сол себепті ұрпақ тәрбиелеуде мынадай мақсаттар қойған шарт:

Бірінші, өз ұлтын сүйетін, ұлтжанды, отансүйгіш, ерік-жігері мықты, жаны таза дербес тұлға қалыптастыру.

Екінші, халқының құндылықтарын көз қарашығындай сақтап, өмірде жүзеге асыра отырып, мүмкіндігінше жарата білетін маман тәрбиелеу.

Үшінші, әдепті де парасатты, рухани бай, өресі кең, білімді, ел болашағын ойлайтын, аға ұрпақтың ісін жалғастыратын тұлға қалыптастыру.

Осы үш арна тоғысса – ұлтым дейтін ұрпақтың тәрбиеленіп шығуы сөзсіз. Ұлттық идея – халық мұраты. Ұлттық идея – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар.

Жалпы ұлттық тәрбие дегеніміз не? Ұлттық тәрбие деп – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра білетін тұлғаны айтамыз [3]. Осы ретте қоғамдық қорға ұлттық сипатты енгізу үшін үш бірдей ұстанымды – ұлттық идеяны жаңғырту, мәңгі ел идеясын толықтыру, ойлану өнері мен патриоттық сезімді тұтас бірлікте қарастырудың қажеттілігі артуда. Рухани бұл бастаулар а) бүкілқазақстандық бірегейліктің тірегі әрі оттығы, ә) тәуелсіздік пен теңдік идеясының, ағартушылық құндылықтар мен этникалық дәстүрдің, халықтық тәлім-тәрбие тәжірибесінің өлшемді өрісі.

«Мәңгілік Ел» идеясының құндылығы мен маңыздылығын неден аңғарамыз?

Біріншіден, ұлттың ұстанымды бұл идеясы Қазақстан дамуының ішкі қажеттілігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтаудан, қоғам тұрақтылығы мен ел бірлігіне қызмет ететін патриоттық тәрбиені жетелдетудің; екіншіден, интеллектуалды дәстүрдің ықпалынан, дүниені тұтас қабылдамақ талпыныс пен іріктеулі талғамнан нәр алатынын; үшіншіден, Қазақстанның өзіндік мәдениет, дәстүр, тұрақты әлеуметтік тәртіп және әлеуеті мол мүмкіндіктен қолдау табатынын; төртіншіден, гуманитарлық қауіп-қатерге қарсы іс-шараларда қарастырылатын сезінудеміз. Мәңгілікке демеу тұрақты өмірде, озық өнерде, жарасымды әлемде құндылықтарды қолдайтын қоғамдық ниетте көрініс алады, тұрлаулы жолда құптарлыққа бөленді [4].

Ұлттық-мәдени дамудың осы ретте ғылыми негізін қалыптастыру, жаңа заманғы озық үлгілермен толықтыру бастамасы – Елбасы ұстанымның да, бүгінгі өмірлік талаптың да тұғыры екені анық. «Мәңгілік Ел» идеясына тарихи, әлеуметтік, мәдени талдау, нақты да кешенді, теориялық та әдістемені, пәндік және стратегиялық тұрғыдан талдау – еліміздің бекем іргетасын қаламақ, стратегиялық ұстанымын айқындай түспек.

«Қазақстан – 2050» атты стратегиясымен қоса, аталмыш реформалар арқылы біртіндеп қазақ елінің идеологиясының құрағы құрақталып, ою-өрнегі нақышталып, қанық бояуы сіңе түспек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 5 институционалдық реформа негізінде жүзеге асырылатын мемлекетті одан әрі дамытудың 100 нақты қадамынан құрылған Ұлт жоспары Қазақстанның жаһандық және ішкі шақыртуларына, сондай-ақ, жаңа тарихи шарттар бойынша дүние жүзінің озық елдерінің қатарына қосылу жоспарына жауап беретіндігін де «Мәңгілік Ел» идеясымен астастыра айтқан болатын [5].

Ұлттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналуға. Жастардың патриоттық сезімін арттыру жолында ұлттық тәрбие көздерімен сусындата білім беру қажеттігі туындап отыр. Осы мәселені іске асыру үшін болашағымыздың рухани дамуын дұрыс жолға қоя білуіміз керек. Халқымыздың орасан зор адамгершілігімен, үлкенге деген құрметімен, кішіге ізетімен, қонақжайлылығымен, ақыл – парасатымен, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен, көрегендігімен ерекшеленетін салт-дәстүрі мен әдет – ғұрыптарын, мол мәдени, рухани мұраларын сақтап, оны заман өткен сайын еселеп жаңғырта түсетін қырларын оқушыларға ұғындыра білім беруді негіздеу қажеттігі айқын. Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендіру бүгінгі таңда өзіндік ерекшеліктерімен айшықталары анық. Бұл жолда біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тарих, дәстүрімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра өзге халықтарға таныту ол пәннің ғылыми мағынасын тереңдете түседі [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». - [Астана](#), Фолиант. 2017. –22 б.
2. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады// Егемен Қазақстан. – 10 қаңтар. 2018. – 25 бет.
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2017. – 400 бет.
4. «Колледж: Кәсіби білім беру» Республикалық әдістемелік педагогикалық журнал . - Алматы қаласы «Әкімбаев Қ.Б.»ЖҚ баспасы. №3 (29), 2018. -44 бет.
5. «Техникалық және кәсіптік білім». Ақпараттық-әдістемелік журнал. №2 (29)/2017. -80 бет.

Жауен А.Б.¹, Кожамметова А.Е.²

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ӘСЕРІ

Педагогика ғылымдарының магистрі,
7M01101 Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының магистранты
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы
ice_sulu97@mail.ru

Қазіргі ақпараттық қоғамда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы оқушылар мен жастардың өміріне түрлі әсерлерін тигізуде. Бір жағынан, жаңа технологиялар білім алу, ақпарат алу, қарым-қатынас жасау және шығармашылық қызмет үшін көптеген мүмкіндіктер ашты. Бірақ екінші жағынан, интернет пен әлеуметтік желілердің дамуымен бірге келетін жағымсыз құбылыстар да артып отыр. Солардың бірі — кибербуллинг.

Кибербуллинг - интернет арқылы немесе мобильді құрылғыларды пайдалана отырып, адамдарды психологиялық, эмоционалдық немесе физикалық тұрғыда қудалау, қорлау, кемсітушілік көрсету дегенді білдіреді. Әсіресе оқушылар арасында бұл құбылыс кең таралған және олардың жеке басына теріс әсерін тигізеді. Бұл мақалада кибербуллингтің оқушылардың психоэмоционалдық, әлеуметтік және оқу әрекеттеріне әсерін талдаймыз [1].

Кибербуллингтің бірнеше түрі бар, олардың ішінде ең кең тарағандары:

1. Қорлау мен кемсітушілік: Әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде немесе форумдарда оқушыларды қорлау, олардың сыртқы келбетіне, мінез-құлқына, әлеуметтік мәртебесіне қатысты жала жабу.

2. Жеке мәліметтерді тарату: Оқушылардың жеке мәліметтері мен жеке суреттерін тарату, олардың жеке өміріне араласу.

3. Тұрақты жазбалар мен қорлау хаттары: Оқушыға үнемі жек көрушілік жазбалар мен қорлау хаттары жіберу.

4. Интернет алаңдарындағы топтық қысым: Бір немесе бірнеше оқушының басқа біреуге қарсы топ болып қудалау немесе оны әлеуметтік желілерде «жою».

Кибербуллингтің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Олардың арасында оқушылардың өзара қарым-қатынастарындағы қиындықтар, әлеуметтік ортадағы қысым, қоршаған ортадағы зорлық-зомбылық, сондай-ақ жеке тұлғалық ерекшеліктер мен эмоциялық тұрақсыздық әсер етеді. Кибербуллингтің пайда болуына көбінесе ата-ананың бақылауының болмауы, мектептегі психологиялық қолдаудың жетіспеуі, оқушылардың интернетте көп уақыт өткізуі сияқты факторлар себеп болуы мүмкін.

Кибербуллингтің оқушыларға тигізетін басты әсері - олардың психологиялық және эмоционалдық денсаулығына теріс ықпал етуі. Қорлаудың, жала жабудың және арандатудың жиі болуы оқушылардың өзіне деген сенімсіздігін, ішкі қорқыныштарын арттырады. Мұндай жағдайлардың ұзақ уақытқа созылуы депрессия, мазасыздық, көңіл-күйдің өзгеруі сияқты психологиялық ауытқуларға әкеледі.

1. Қорқыныш пен мазасыздық: Кибербуллингке ұшыраған оқушылар өздерін қоғамнан шеттетілуі мүмкін деп ойлайды, олар мектепке барудан қорқып, жиі мазасызданады. Бұл олардың оқу мотивациясын төмендетеді.

2. Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі: Қорлаушы сөздер мен күштеп әсер етудің нәтижесінде оқушылар өзін төмен сезінеді. Олар өздерін басқалардан кем немесе жетіспейтіндей сезінеді, бұл олардың әлеуметтік байланыстарында да қиындықтар туғызады.

3. Жеке тұлғалық дағдарыстар: Кибербуллинг оқушының жеке тұлғалық қалыптасуына да теріс әсер етеді. Мұндай жағдайларда оқушылардың қоғамда өз орнын табуы қиынға соғып, олар өздерінің жеке қасиеттеріне деген сенімін жоғалтады.

Кибербуллингтің оқушылардың оқу әрекеттеріне де елеулі әсері бар. Жеке басына жасалған қысым оқушының білім алуына және мектептегі қызметіне кері ықпал етеді. Оқушылардың оқу мотивациясы төмендеп, оқу үлгерімі нашарлайды. Сонымен қатар, олар сабаққа қатыспау, сабақты болдырмау және мектепке барудан жалтару сияқты әрекеттерге барады. Бұл олардың білім деңгейінің төмендеуіне, оқу қабілетінің бәсеңдеуіне және келешекте кәсіби дамуына теріс әсер етуі мүмкін [2].

1. Оқу үлгерімінің төмендеуі: Кибербуллингтің нәтижесінде оқушының психологиялық жағдайы нашарлап, концентрациясы төмендейді. Бұл оның оқу үлгеріміне тікелей әсер етеді, өйткені оқушы оқу барысында алаңдаушылық пен психологиялық күйзелістерге ұшырайды.

2. Мектепке бармау немесе сабақтан қалу: Оқушылар қорқыныш немесе қорлаудан аулақ болу үшін мектепке бармайтын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл олардың әлеуметтік ортадан шеттетілуіне, жеке дамуында артта қалуына себеп болады.

Кибербуллинг оқушылардың әлеуметтік байланыстарына да теріс ықпал етеді. Әлеуметтік желілерде немесе онлайн алаңдарда орын алатын осындай теріс әрекеттер оқушылардың бір-біріне деген сенімін жоғалтуына, оқушылар арасында дау-дамай мен жанжалдардың туындауына себеп болады. Кибербуллингке ұшыраған оқушылар көбінесе өзін жалғыз сезінеді, өйткені олар өздерінің қорлық көрсеткен адамдары мен оны басқалардан жасыруға тырысады.

1. Қоғамдық оқшаулану: Қорлаушы әрекеттер мен кибербуллингке ұшыраған оқушылар басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға қорқады. Бұл олардың қоғамдық ортаға деген сенімсіздігін арттырып, оқшаулануына әкеледі.

2. Достық қатынастардың бұзылуы: Кибербуллингтің оқушылардың достарымен және сыныптастарымен қатынастарын бұзу қаупі бар. Олар жиі жанжалдар мен түсінбеушіліктерге тап болады, бұл сыныптағы атмосфераның кернеуін арттырады [3].

Кибербуллинг — қазіргі ақпараттық қоғамдағы маңызды мәселе, оның оқушылардың жеке басына, психологиялық және эмоционалдық денсаулығына теріс әсері зор. Бұл құбылыс оқушылардың өзіне деген сенімсіздігін арттырып, олардың оқу үлгерімін төмендетіп, әлеуметтік шеттетілуіне себеп болады. Әсіресе ата-аналар мен мұғалімдер арасында ақпараттық қауіпсіздік мәселелері мен кибербуллингтің алдын алу үшін бірлескен жұмыстар жүргізу қажет. Бұл үшін мектептерде психологиялық қолдау көрсету жүйесін күшейтіп, оқушылардың интернеттегі қауіпсіздігі туралы білімдерін арттыру өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметова Г. С. Кибербуллинг және оның оқушылардың психологиялық денсаулығына әсері. - Алматы: Білім, 2022ж. – 356 б.
- 2 Ерболова А. С. Ақпараттық технологиялар мен кибербуллингтің арасындағы байланыс. - Астана: Ұлттық баспа, 2021ж. – 765 б.
- 3 Рахимова Ш. С. Оқушылар арасындағы кибербуллинг мәселелері және оларды шешу жолдары. - Тараз: Жоғары оқу орны, 2020ж. – 187 б.

Жауен А.Б.¹, Кожаметова А.Е.²

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҚТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНЕ ЫҚПАЛЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі,
7М01101 Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының магистранты
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы
ice_sulu97@mail.ru

Қазіргі заманғы технологиялар мен интернеттің қарқынды дамуы жастардың өмірін түбегейлі өзгертуге ықпал етті. Әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар жастардың күнделікті қарым-қатынас жасау тәсілдерін жеңілдетіп, жаңа мүмкіндіктер туғызғанымен, бұл ортада теріс әлеуметтік феномендер де пайда болды. Олардың ең қауіптісі – кибербуллинг. Кибербуллинг – бұл интернетте немесе мобильді құрылғылар арқылы адамға қорлық көрсету, оны кемсіту немесе қорқыту болып табылады. Бұл жағдай жастардың әлеуметтік өміріне теріс әсер етіп, олардың болашақтағы қарым-қатынастарын, психологиялық және тұлғалық дамуын айтарлықтай қиындатуы мүмкін. Осы мақалада кибербуллингтің жастардың болашақтағы әлеуметтік өміріне қалай ықпал ететіні, оның салдары және алдын алу жолдары қарастырылады [1].

1. Әлеуметтік оқшаулану және психологиялық қиындықтар.

Кибербуллингке ұшыраған жасөспірімдер көбінесе әлеуметтік оқшаулану мен өзін-өзі төмен бағалауға тап болады. Интернет арқылы қорлық көрген жасөспірімдер өздерінің әлеуметтік ортада қабылданбайтынын сезініп, қарым-қатынастарда сенімсіздік пен қорқыныш пайда болады. Бұл олардың болашақтағы әлеуметтік қатынастарында қиындықтарға әкелуі мүмкін. Олар өздерін үнемі қадағалауда сезініп, басқалармен қарым-қатынас жасаудан қорқады, бұл олардың жеке өміріне, жұмысқа орналасуына және басқа да әлеуметтік байланыстарға теріс әсер етеді.

2. Эмоционалдық және психикалық денсаулықтың бұзылуы.

Кибербуллингтің жәбірленушісі болып табылатын жастарда депрессия, мазасыздық, стресс сияқты психологиялық аурулар дамуы мүмкін. Мұндай жағдайлар болашақта жастардың эмоционалдық және психологиялық тұрақтылығына әсер етіп, олардың қоғамдық өмірінде қиындықтар туғызуы мүмкін. Сонымен қатар, кибербуллингтің әсерінен жастар өздеріне деген сенімділікті жоғалтып, өздеріне қатысты теріс пікірлер мен ойларға үйреніп қалады, бұл олардың өміріне және жұмысында табысты болуына кедергі жасайды.

3. Қарым-қатынас дағдыларының төмендеуі.

Кибербуллингтің нәтижесінде жасөспірімдер өздерінің қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда қиындықтарға тап болады. Олар әлеуметтік желілерде және интернетте байланыс орнатуды үйренгенімен, нақты өмірде адамдармен дұрыс сөйлесу немесе тікелей қарым-қатынас жасау мәселелері туындайды. Кибербуллингке ұшыраған жастар қарым-қатынас жасау кезінде қорқыныш пен сенімсіздік сезімдерін сезініп, болашақта әлеуметтік өзара әрекеттесу жағдайларында табысты бола алмайды.

4. Жастардың тұлғалық дамуының бұзылуы.

Кибербуллингтің әсерінен жастардың өзін-өзі бағалауы төмендеп, олардың тұлғалық дамуы тежеледі. Олар өздеріне теріс көзқарас қалыптастырып, өздеріне сенімділік жоғалтады. Бұл болашақта жұмысқа орналасуда, әлеуметтік ортада өзін көрсете алмауға, өз мақсаттарын жүзеге асыруда кедергілерге алып келуі мүмкін. Жасөспірімдердің өздерінің қасиеттері мен мүмкіндіктеріне деген сенімсіздігі олардың болашақтағы өміріндегі маңызды шешімдер қабылдауына кедергі жасайды [2].

Кибербуллингтің болашақтағы әлеуметтік өмірге әсері:

1. Жұмысқа орналасудағы қиындықтар.

Кибербуллингке ұшыраған жастар болашақта жұмысқа орналасу кезінде әлеуметтік сенімсіздікті сезінуі мүмкін. Олар өзін таныстыруда, жұмыс ұжымында араласуда, кәсіби дағдыларын көрсету кезінде қиындықтармен кездеседі. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда кибербуллингтің салдары ретінде жастарда жұмысқа орналасуға деген мотивацияның төмендеуі де байқалады. Олардың психологиялық мәселелері, сенімсіздігі мен қорқынышы жұмыс орнында табысты болуға кедергі келтіреді.

2. Әлеуметтік қатынастар мен достықтың қалыптасуы.

Кибербуллингтің әсерінен жастардың достық және қарым-қатынас дағдылары бұзылуы мүмкін. Олар жаңа адамдармен танысуға, достар табуға және әлеуметтік ортаға қосылуға қорқады. Бұл олардың болашақтағы әлеуметтік өміріне, әсіресе отбасы мен достармен қарым-қатынасына теріс әсер етеді. Осылайша, кибербуллинг жастардың әлеуметтену процесін қиындатып, олардың жаңа адамдармен қарым-қатынас орнатудағы қабілеттерін шектейді.

3. Қоғамдық өмірге белсенді қатысу мүмкіндіктері.

Кибербуллингке ұшыраған жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуы да қиынға соғуы мүмкін. Олар әртүрлі қоғамдық шараларға, жұмыс топтарына немесе волонтерлік қызметке қатысуға деген ынтаны жоғалтады. Кибербуллингтің теріс әсерлері олардың сенімділігін азайтып, болашақта қоғамдық өмірде белсенді болуға деген ықылассыздыққа алып келеді [3].

Кибербуллингпен күресу жолдары.

1. Білім беру және ақпараттандыру

Кибербуллингтің алдын алу үшін мектептерде, университеттерде және қоғамда ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Жастарға интернеттің қауіпсіз пайдалануын үйрету, кибербуллингтің салдары туралы түсіндіру маңызды. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтар жастардың психологиялық жағдайын қадағалап, оларға қажетті көмек көрсетуі тиіс.

2. Психологиялық қолдау көрсету

Кибербуллингке ұшыраған жастарға психологиялық қолдау көрсету маңызды. Бұл үшін мектептер мен қоғамда психологтар мен кеңесшілердің қызметтерін ұйымдастыру қажет. Олар жастарға өз мәселелерін шешуде көмек көрсетіп, олардың психикалық денсаулығын қалпына келтіруге ықпал етуі керек.

3. Құқықтық қорғау

Кибербуллингпен күресу үшін заңдық шараларды күшейту қажет. Мемлекет кибербуллингке қарсы заңнаманы күшейтіп, жастарды қорғауға бағытталған құқықтық механизмдерді дамытуы тиіс [4].

Кибербуллингтің жастардың болашақтағы әлеуметтік өміріне теріс әсері үлкен. Оның психологиялық, әлеуметтік және тұлғалық даму мәселелері жастардың өміріне ұзақ мерзімді қиындықтар әкелуі мүмкін. Сондықтан, бұл мәселеге қоғамның барлығы атсалысуы тиіс. Психологиялық қолдау, ақпараттандыру және құқықтық қорғау шаралары арқылы кибербуллингтің алдын алу және оның жастардың болашақ өміріне әсерін азайтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Гурьянова, О. В. Кибербуллинг: Жастардың психикалық денсаулығына әсері. - Мәскеу: Психология, 2018ж. – 12 б.
- 2 Жданова, А. А. Интернеттегі қорлық: Жастардың әлеуметтік өміріне әсері. - Санкт-Петербург: Психологиялық зерттеулер, 2017ж. – 341б.
- 3 Назарова, И. В. Кибербуллинг пен әлеуметтік қарым-қатынас. - Астана: Литера, 2020ж. – 784б.
- 4 Волкова, Т. П. Кибербуллингтің жастардың тұлғалық дамуына әсері. - Алматы: Білім баспасы, 2019ж. – 72 б.

Жауен А.Б.¹, Койшибаев Б.Т.²

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Педагогика ғылымдарының магистрі,
7М01101 Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының магистранты
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы
ice_sulu97@mail.ru

Инклюзивті білім беру — бұл барлық балалардың жастық, физикалық, психикалық, әлеуметтік және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, тең жағдайларда білім алуын қамтамасыз ету жүйесі. Қазақстанда инклюзивті білім беру концепциясы соңғы жылдары кеңінен танымал болып, қоғамның әр түрлі топтарына бейімделген оқыту үдерісін жүзеге асыру үшін көптеген бағдарламалар мен жобалар жасалды. Бұл процесс мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуды талап етеді, себебі инклюзивті білім беру әрбір баланың қажеттіліктеріне бейімделген оқыту тәсілдерін қолдануды қажет етеді [1].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі — бұл педагогтың оқу процесін ұйымдастыру, оқушыларды дамыту мен тәрбиелеу қабілеті, сондай-ақ оқу-тәрбие жұмысының нәтижелеріне жауапкершілігі. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне ерекше талаптар қойылады. Мұғалім инклюзивті оқытуға дайын болуы, түрлі қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істей білуі қажет. Бұл үшін оны қажетті біліммен, дағдылармен және кәсіби тәжірибемен қамтамасыз ету маңызды.

Инклюзивті білім беруде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту бағыттары

1. Кәсіби білімді жетілдіру. Мұғалімнің инклюзивті білім беру саласындағы білімін арттыру үшін арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастырылуы қажет. Бұл курстар мұғалімдерге инклюзивті оқытудың теориясы мен практикасын үйретеді, оқушылардың ерекше қажеттіліктерін түсінуге көмектеседі.

2. Дифференциалды оқыту әдістерін игеру. Инклюзивті білім беруде әрбір баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістері қолданылады. Мұғалімдер дифференциалды оқыту әдісін меңгеру арқылы әрбір оқушының потенциалын ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай тапсырмалар мен материалдарды дайындауды, оқу үдерісін басқаруды қамтиды.

3. Қолдау мен көмек көрсету дағдылары. Мұғалім инклюзивті білім беру жағдайында арнайы көмек көрсету дағдыларын дамытуы керек. Бұл дағдыларға оқушылардың эмоционалдық және психологиялық қажеттіліктерін түсіну, көмек көрсету тәсілдерін білу кіреді. Мұғалімдер арнайы педагогикалық және психологиялық білімге ие болуы қажет.

4. Командалық жұмысқа бейімделу. Инклюзивті білім беру кезінде мұғалімдер тек қана өз пәнін емес, басқа мамандармен де тығыз қарым-қатынас жасау керек. Бұл, әсіресе, психологтар, дефектологтар, әлеуметтік педагогтармен бірге жұмыс істеу кезінде маңызды. Мұғалімдердің командалық жұмысқа икемділігі мен ынтымақтастығы оқушыларға барынша сапалы білім мен көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

5. Оқушылармен қарым-қатынас және жеке көзқарас. Мұғалімдердің инклюзивті білім беру барысында әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарап, оның ерекшеліктеріне сәйкес мінез-құлық және оқыту тәсілдерін қолдану дағдылары маңызды. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс қарым-қатынас орнату олардың өз-өзіне сенімін арттырып, оқу үрдісіне қызығушылығын жоғарылатады [2].

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту маңызды, себебі бұл:

- Оқушылардың толыққанды даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді;

- Әрбір оқушыға өз мүмкіндігінше білім алу үшін тең жағдайлар жасайды;
- Қоғамдағы әртүрлілік пен теңдікке ықпал етеді;
- Мұғалімдердің педагогикалық жұмысын тиімдірек етеді, оларды кәсіби тұрғыдан жетілдіреді [3].

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту – бұл тек педагогикалық білім мен дағдыларды жетілдіру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілікті арттыру, әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыру үшін педагогтың өз әлеуетін қолдана білуі болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың қолданысқа енуі мұғалімдердің осы бағытта кәсіби тұрғыдан дамуын талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сейтқазина Н. К. Инклюзивті білім беруді дамытудағы жаңа көзқарастар. - Алматы: «Рауан» баспасы, 2014ж. – 95 б.
- 2 Мухамеджанова Г. А. Инклюзивті білім беру: теория мен практика. - Астана: Литера, 2017ж. – 652б.
- 3 Касимова Ж. М. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі. - Алматы: Қазақ университеті, 2019ж. 109 б.

Жауен А.Б.¹, Койшибаев Б.Т.²

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН КӘСІБИ ТАЛАПТАР МЕН ДАҒДЫЛАР

Педагогика ғылымдарының магистрі,
7M01101 Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының магистранты
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы
ice_sulu97@mail.ru

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру жүйесі көптеген елдерде қарқынды дамып келеді. Бұл жүйенің негізі — ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру жүйесіне интеграциялау. Инклюзивті білім берудің тиімділігі көп жағдайда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне тәуелді. Мұғалімдерге қойылатын кәсіби талаптар мен дағдылар осы бағыттағы білім беру сапасын арттыру үшін маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдерге қойылатын кәсіби талаптар мен дағдылар қарастырылады [3].

Инклюзивті білім беру — бұл барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға да тең құқықтар мен мүмкіндіктер беруді көздейтін білім беру жүйесі. Мұндай білім беру жүйесінде мұғалімдер тек академиялық білімді емес, сондай-ақ әртүрлі қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істеуге дайын болуы қажет. Сондықтан мұғалімдерге қойылатын кәсіби талаптар ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктерін ескере отырып, жеке тәсілдер қолдануға негізделуі тиіс.

1. Педагогикалық құзыреттілік. Педагогикалық құзыреттілік мұғалімнің кәсіби қызметінің негізі болып табылады. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдер барлық оқушыларды бірдей білім беру үдерісіне қатыстыру үшін арнайы білім мен дағдыларды игеруі керек. Бұл өз кезегінде оқушылардың әртүрлі даму деңгейлеріне, қабілеттеріне және қажеттіліктеріне сәйкес жеке тәсілдер мен стратегияларды қолдануды талап етеді [1].

Педагогикалық құзыреттілікке қажетті компоненттер мыналар кіреді:

- Оқыту стратегиялары мен әдістері: Мұғалімдер әртүрлі оқыту әдістерін, оның ішінде дифференциалды оқыту тәсілдерін қолдана білуі қажет. Бұл тәсілдер арқылы оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алу процесін ұйымдастыруға болады.

- Бағалау дағдылары: Мұғалімдер оқушылардың жетістіктерін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін қолдана білуі тиіс. Бұл тәсілдер тек дәстүрлі тестілеуді ғана емес, сонымен бірге балалардың дамуы мен білім алуын жүйелі түрде бақылауды қамтуы керек.

2. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық құзыреттілік те маңызды. Мұғалімдер психологиялық тұрғыдан оқушыларға қолдау көрсету, олардың жеке және әлеуметтік қажеттіліктерін түсіну үшін арнайы дайындықтан өтуі керек. Бұл құзыреттілік әртүрлі психологиялық жағдайларды басқаруға мүмкіндік береді және оқушыларға қажетті психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық құзыреттілікке мыналар кіреді:

- Эмпатия: Мұғалімдер әр оқушының психологиялық жағдайын түсініп, оларға қажетті қолдау көрсетуі керек. Эмпатия мұғалімнің оқушылардың ішкі әлемін түсінуіне, олардың эмоционалдық жағдайларын бақылауға және әртүрлі кедергілерді жеңуге көмектеседі.

- Қарым-қатынас дағдылары: Оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнату маңызды. Мұғалімдер оқушылармен ашық, құрметті және сенімді қарым-қатынас жасауды білуі тиіс.

3. Инклюзивті білім беру технологияларын пайдалану. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады, әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында. АКТ мұғалімдерге оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға, білім беру материалдарын бейімдеуге және оқушыларға қажетті ресурстарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер жаңа білім беру технологияларын қолдана отырып, инклюзивті білім беру процесін жүзеге асыра алады [1].

АКТ пайдалану бойынша дағдылар мыналарды қамтиды:

- Мультимедиялық құралдар: Оқытудың түрлі әдістері мен құралдары, соның ішінде бейнемазмұн, графика, дыбыс және басқа да мультимедиялық құралдар мұғалімдерге оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне сәйкес материалдарды бейімдеуге мүмкіндік береді.

- Арнайы бағдарламалар мен қосымшалар: Оқушылардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес түрлі оқу бағдарламаларын, оқыту қосымшаларын және арнайы құралдарды қолдану дағдылары маңызды.

4. Коммуникациялық құзыреттілік. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің коммуникациялық дағдылары өте маңызды. Олар тек оқушылармен ғана емес, ата-аналармен, әлеуметтік қызметкерлермен, психологтармен және басқа да мамандармен тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Мұғалімдер өз қызметінде жоғары деңгейдегі коммуникациялық дағдыларды қолдана отырып, оқушыларға қажетті қолдау көрсетіп, олардың жеке және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алады.

Коммуникациялық құзыреттілікке келесі аспектілер кіреді:

- Тиімді сөйлесу дағдылары: Мұғалімдер оқушылар мен олардың ата-аналарымен нақты және тиімді сөйлесу керек. Оқушылардың қажеттіліктерін тыңдай білу, олардың пікірлерін және сезімдерін бағалау маңызды.

- Топтық жұмыс: Инклюзивті білім беру жағдайында топтық жұмыстар ұйымдастырудың дағдылары қажет. Бұл әдіс оқушылар арасында ынтымақтастықты дамытуға, олардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге көмектеседі [5].

5. Әлеуметтік жауапкершілік және инклюзивті мәдениет

Инклюзивті білім берудің негізгі аспектілерінің бірі – қоғамда инклюзивті мәдениетті дамыту. Мұғалімдер оқушыларға және қоғамға инклюзивті білім беру идеологиясын түсіндіріп, әртүрлілікті қабылдауды үйретуі керек. Әлеуметтік жауапкершілік мұғалімдердің өз жұмысында инклюзивті құндылықтарды насихаттау, оқушыларды құрметпен қарау және олардың тұлғалық дамуына қолдау көрсету сияқты міндеттерді қамтиды [2].

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктері ерекше маңызға ие. Мұғалімдер әртүрлі оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыруы қажет. Бұл үшін педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, техникалық және коммуникациялық дағдыларды меңгеру өте маңызды. Мұғалімдердің осы дағдыларды дамытуы арқылы инклюзивті білім беру жүйесі тиімді және сапалы бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметова, Г. Т. Инклюзивті білім беру: теория және практика. - Алматы: Білім, 2018ж. – 704б.
- 2 Баймұратова, М. А. Инклюзивті білім беру және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі. - Астана: Литера, 2017ж. – 938 б.
- 3 Нұрғалиева, Ж. Ә. Инклюзивті білім беру: жаңа көзқарас. - Алматы: Қазақ университеті, 2019ж. – 234 б.
- 4 Широкова, Н. А. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің кәсіби дайындығы. - Мәскеу: Педагогика, 2016ж. – 73б.
- 5 Сүлейменова, А. А. Мұғалімдерге арналған инклюзивті білім беру технологиялары. - Алматы: Нұрлы Білім, 2017ж. – 58 б.

Сенкубаев С.Т.¹, Косимбекова Ш.Е.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ІС – ӘРЕКЕТІН ЫНТАЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді [2].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда [3].

XXI ғасыр озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Қазіргі кезде ақпараттық технология, қашықтан оқыту, мультимедиялық технологиядың маңызы өте зор. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту білім алушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

1. Оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
2. Ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
3. Деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «ақпараттық оқыту жүйесі», «қашықтан оқыту жүйесі», «сын тұрғысынан ойлау» жүйесі білім алушылардың даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [4].

Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттері бір-біріне жуық, мәндес болып келетіні бізге мәлім. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі – білім сапасы. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген [5].

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н. Назарбаев: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады», деп атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі ақпараттық технология.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер – технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [6]. Оқу орындарында компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын білім алушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Заман талабына сай техникалық құралдарды әр түрлі сабақтарда қолдану мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып білім алушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Менің ойымша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі [7].

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты – оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Ойымызды қорытындылай келе, ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. - № 2. -34-б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. № 41-42 (27114). - 28 қаңт.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. - 1999. - 23 шілде. - 2–5-б.
7. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

Сенкубаев С.Т.¹, Косимбекова Ш.Е.²

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ІС – ӘРЕКЕТІН ЫНТАЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да, білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес [1].

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады [2].

Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған тақта секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ұрпақ тәрбиесіне біздің халқымыз ешқашан бей – жай қараған емес. «Бала тәрбиесі – отбасынан басталады» деп дана халқымыз айтып кеткендей, отбасындағы тәрбие балаға берілетін ең алғашқы білім көзі, нәрі болып табылады. Жалпы жас ұрпақ тәрбиесіне халқымыз да, асыл дініміз ислам діні де, бала тәрбиесі, отбасындағы қарым – қатынас, ата – ананың бала тәрбиесіндегі рөлі тағы басқадай тақырыптар жайлы маңызы зор, тәлімді де парасатты насихаттар айтуға жалыққан емес. Баланы тәрбиелеу ешқашан салғырт қарауды қаламайтын, күрделі де жауапты, маңызы зор іс. Ұлды өз Отанын сүйетін, ержүрек, халқына қызмет ете алатын, нағыз азамат қылып тәрбиелейтін де, қыз баланы ибалы, салмақты, ақылына көркі сай етіп тәрбиелейтін де ата – ана. Адамды адамгершілік қасиеттерге байытып, қалыпқа келтіретін де, дұрыс жолдан тайып, аздырып, тоздаратын да тәрбие жұмысы болып табылады. Балаға кішкентай кезінде әсер ететін құбылыстар сан алуан болғанымен, оларға тәрбие беріп, дұрыс жолға салатын әрине ата – ана. Кейде ата – аналар бала тәрбиесіне салғырт қарағандықтан, немесе баланы тым қатаң ұстағаннан, ата – әжелерінің «Ерке балалары» т.б. көптеген факторлар отбасында «Қиын баланың» болуына себебін тигізеді.

Отбасында «Қиын бала» қалай пайда болады? Алдымен «Қиын бала», «Тәрбиесі қиын бала» сөздерін дұрыс ажырата білгеніміз жөн. Педагогика бойынша, қарапайым нормаларға көнбейтін, педагогикалық назардан тыс қалған, адамгершілік қасиеттер дамуында ауытқушылық бар бала типі. Осындай сұрақтар ата – аналар мен педагогтарды, далпы

қауымды алаңдатып, толғандыратын жиі сұрақтардың бірі. Және бұл сұраққа дәл дауап беру қиындық туғызады. Себебі, баланың «қиын» аталуы бұл аз уақыттың нәтижесі емес [1].

Тәртібі қиын оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту қазіргі уақытта әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Мұның өзі «тәртібі қиын» оқушылар санының жылдан жылға артып келе жатқандығын көрсетеді. Бұдан сәл ертерек уақытта «қиын оқушыларға» көбіне жасөспірімдерді жатқызсақ, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы топқа жататындар аз емес екендігі байқалады. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан бастауыш мектеп кезеңінен бастап қолға алып, олардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Тәртібі қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі маңызды орын алатыны белгілі. Мораль нормаларына жауап беретін айналадағы болмысқа жеке адам көзқарастарының сансалалығын ескере келгенде, адамгершілік тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі өте зор.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің деңгейі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қасиеттерінен көрінетінін байқадық. Ол өз еңбегінде: «Мен балаларды жазалауды қалайтын қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең, балалардың адамгершілік қасиетін жойып аласың», - деді.

«Тәрбие мақсаты баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, болашақ өз заманына лайық қылып шығару ғой» деп М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен байланыстырғысы келеді. Қазіргі таңда, ақпараттың дамыған заманында, бәсекеге бейімді ұрпақ тәрбиелеу оңай іс емес. Интернет желісімен санасын улап, психологиясы әлсіз, тынымсыз, шыдамсыз оқушыларды өмірдің алауан түрлі сынына дайындаудың қиындығын М. Жұмабаев болжап дұрыс айтқан [2]. Қиын бала мінез-құлқын ғалымдар жан-жақты қарастырғанына қарамастан, бұл мәселенің әлеуметтік педагогикалық мүмкіндіктері нақты көрсетілмеген. Балалардың қиын тәрбиеленуінің өзіне тән себептері бар, олар: отбасы, мектеп тәрбиесінің кемшіліктері, тұлғалық және биологиялық факторлар мен қоршаған қоғам ықпалы.

Қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің өзіндік топтары бар және олармен тәрбие жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәселенің басын шешу ата-анадан, қоғамнан бастау алатыны сөзсіз. Ол үшін отбасы ішіндегі мәселелерді орнықтыру бірінші орында болу керек.

Қазіргі жас ұрпақтың болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып ұжымдық, шығармашылық істерге қатыстырудың тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарында ұстаз оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істегені абзал. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс жүргізгенімен, сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын жете білмесе, алға қойған мақсаттарына жете алмайды [3].

Отбасы дағдарысын реттеу және оның тәрбиелік ықпалын көтеру бағытында педагогтар мен психологтардың беретін ұсыныстары мен ақылдары.

Бұл жағдайда педагогика ешқандай жаңалық ашып бере алмайды: тәрбиенің қоғамдық, экономикалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі объективті шындық [4]. Білім беру мекемелерінен балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарының қиындауы, іс-қимылдарының алдын алуын және оны жеңу жолдарының тәрбиелік рөлін арттыру.

Мектептерде арнайы білім дәрежесінде дайындалған әлеуметтік педагогтар мен психологтар қызмет атқарады. Бұл мамандарға балалар мен жасөспірімдер оқу және тәрбие барысында сенім артады. Оқытушылардың қызметіндегі басты бағыт тәрбиеге беріледі. Педагогтардың педагогикалық қызметтеріндегі жіберген қателіктері мен кемшіліктері, олардың тәрбиеленушілеріне жағымсыз ықпал етеді.

Қазіргі таңда отбасылардың арасындағы келіспеушілік, отбасындағы қарама-қайшылықтардың болуы балаға қатты әсер етеді. Отбасында берекенің болмауы, ата-балаға тәрбие беретін, ата-ананың жаман жолға, ішімдікке салынуы, нашақорлыққа бой ұруы, баланың алдында бір-бірін балағаттауы өсіп келе жатқан жеткіншек санасына теріс пікір қалыптасуын арттырады. Бала жасынан сүйіспеншілікке, отбасында махаббат мейіріміне бөленбей қатал, қатыгез болып, кейін жас өскен сайын қылмыскер болуы да ғажап емес. Қазіргі кезде отбасындағы жанжалды көрген балалар әкесінің анасына қол көтергенін көріп өсіп, кейде анасын қорғаймын деп, қылмысқа да барып қалып жатқан тұстар болады. «Тәртібі қиын оқушы» болып шыға келеді. Балаға жас ерекшелігіне қарай тәрбие берсе, сөзсіз, тәрбиелі ұрпақ қалыптасатынына нық сенім- мен қарауға болады. Осы орайда «егер бала бұзақы бола бастаса, онда бұған бала кінәлі емес, педагогикалық әдістер кінәлі» деген А. Макаренконь пікірін қайта қарауға тура келеді. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген педагогика- лық-психологиялық жүйе болуы керек. Ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді. Ол жеке тұлғаның қалыптасып дамуы туралы былай тұжырымдайды: «Баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді».

Халықтық педагогиканы, яғни этнопедагогиканы, оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту оқушыларға қажет. Сол арқылы ұрпаққа ақыл-ой, еңбек, адалдық, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Бала туғаннан отбасы мұндай қасиеттерді бойына сіңіре беру керек. Сонымен қатар жасөспірімдерді нашақорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп ата- бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі-өнеге көрсеткен. Енді ғана тілі шығып келе жатқан балаға жас кезінен мақал-мәтелді, жаңылтпаштарды, ертегілерді сіңіріп өсірсе, «Бала біздің болашағымыз» деп санайтын әрбір ата-ана үшін дұрыс жол болып саналады. Ол дұрыс ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Керімов Л.К. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1991. 25-б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. 76, 77-б.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. 83, 84-б.
4. Қалиева Г. Қазақстан мектебі. – 2002. № 4. 22, 23-б.
5. Қоянбаев Ж.Б. Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 234-б.

Адилова А.К.¹, Манап Ж.С.²

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІНДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ҰҚПАЛЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
ka_kairatovna@mail.ru

Баланың жас өспірімдік (14,5-17 жас) бұл күрделі кезеңнің басталуы ғана. Ал, оның негізгі ерекшеліктері қандай? Адамның дене дамуының аяқталатын кезеңі. Бойдың ұзаруы жеткіншек кезеңге қарағанда баяулайды. Қыздардың бойының толуы орта есеппен 16 мен 17-нің арасында болады (ауытқу плюс-минус 13 ай), жігіттерде 18 мен 19-дің арасы (ауытқу плюс-минус 10 ай). Салмағы артады, осының өзінде ер балалар қыздардан қалып келген есесін толтырады. Бұлшық ет күші өте тез өседі: 16 жаста ер бала 12 жастағысынан бұл тұрғыдан екі есе асып түседі. Бойы толысқаннан кейін шамамен бір жылдан кейін адам қалыпты ересектік бұлшық ет күшіне жетеді. Әрине, көп нәрсе дұрыс тамақтану режимі мен дене шынықтырумен шұғылдануға байланысты. Спорттың кейбір түрлерінде балаң жастық – ең көп жетістіктерге жететін кезең [1].

Жыныстық даму жөнінен жігіттер мен қыздардың көбі бұл жаста постпубертаттық кезеңде болады. Көп тараған түсініктерге қарамастан, жыныстық толысудың мерзімі нәсілдік және ұлттық ерекшеліктерге, климатқа байланысты емес. Өзіндік сана күрделі психологиялық құрылым, ол ерекше компоненттер ретінде өзіне. В.С. Мерлиннің осылай деп санайтынындай, біріншіден, өзінің тендестігін ұғынуды, екіншіден, белсенді, іс-әрекетшіл негіз ретінде өз менің ұғынуды, үшіншіден, өзінің психикалық қасиеттері мен сапаларын ұғынуды, төртіншіден, өзін-өзі әлеуметтік-адамгершілік бағалаулардың белгілі бір жүйесін қамтиды. Бұл элементтердің бәрі бір-бірімен функциялық және генетикалық тұрғыдан байланысты. Бірақ олар бір мезгілде қалыптаспайды. «Адам тұлғасының даму үрдісі бүкіл өмір бойы тоқталмайды. Осыған сәйкес өзін-өзі бағалау дағдылары бүкіл өмір бойы қалыптасады және дамиды. Адамның басқа адамдармен қарым-қатынас тәжірибесі неғұрлым көп болса, ол тұлға ретінде өзі туралы соғұрлым көбірек ақпарат алады, практикада өзі туралы өз пікірлерін басқалардың пікірлерімен байланыстыруына тура келеді. Оның өз әрекетін, қылығын дұрыс қабылдау және бағалау қабілеті тезірек және белсендірек дами түседі. Сондай-ақ басқа да адамдардың тұлғалық саналары дамиды» [2].

Ерте жасөспірімділікке өту жолында жоғары сынып оқушыларын оқытуда олардың адамгершілік қабілеті, сана сезімдері, анықтаулары қалыптаса бастайды. Яғни, бұл кезең адамгершілікті жаңа деңгейіне өтуді білдіреді.

Егер төменгі сыныптағы шақта адамгершілік мәселелерін шешуде – мұғалімдер мен ата-ана болса, ал жасөспірімдер бұл сұрақтарды шешуде өзінің жора-жолдастары ұжымында және де ғылыми көркем публицисті әдебиетті, өнер туындыларын, теледидар т.б. жүгінеді.

Т.В.Снегиревтың зерттеуі бойынша өткен қазіргі және болашақ “мен”-мен қатынас жасауда жасөспірімдерді жекелік анықтауларының өзіндік ерекшеліктері кжірініс беретін “мен”-«мені» құнды-уақытша құрылымының 6 типін көрсетеді.

Барлық үш “мен” бір-бірімен байланысты тең дәрежеде идеал “менге” сәйкес келеді. Бұл адамның өзіне деген субъективті гармониялық көзқарасы.

Нақты “мен” өткенге қарағанда жоғары деңгейде болашаққа тартып тұрады. Өткен “мен” жат болып көрінеді және оған деген көзқарас өте сыншылдық болады. Ал нақты “мен” өзін-өзі жеке тұлға ретінде анықтауда жаңа басқыш болып саналады.

Болашақ “мен” қазіргінің үзіндісі. Барлық “мен”-» өмір сүру уақыты әртүрлі секілді. Бірақ идеал “мен”-мен тек болашаққа сай келеді.

Идеал “мен” болашаққа да, қазіргіге де қосылмаған, ол олардан бөлек және жеке тұлғаны» дамуына қатыспайды.

Ал, өткен және қазіргі “мен” бір-бірімен байланысты болады. Олардан болашақ және идеал “мен” байланыстыратын жол қалыптасады. Ондай болмаған жағдайда кейбір адамның өзін-өзі бағалаулары төмен болып, өткен және қазіргі “мен”-ді идеал және болашақ “мен”-ді байланыстарға болмайды.

Қазіргі “мен” даму процесіне тіптен қатыспайды. Ол өткеннен қол үзіп, болашақпен байланысы жоқ, ал идеал “мен”-ге сай келмейді [3].

Жасөспірімдік шақ жыныстық толысудан басталып, ересектіктің басталуымен аяқталатын даму кезеңі. Бұл шақтың көптеген теориялары бар. Биологиялық теориялар нақ өсудің биологиялық процестері басқаларының бәрінен басым болады деген оймен жасөспірімдікті алдымен организм эволюциясының белгілі бір кезеңі деп қарайды. Психологиялық теориялар психикалық эволюцияның заңдылықтарына ішкі дүние мен өзін-өзі ұғынудың тән сипаттарына назар аударады. Жасөспірімнің социологиялық теориялары оны алдымен әлеуметтіктің белгілі бір кезеңіне тәуелді балалықтан ересектіктің дербес те жауапты іс-әрекетіне көшуі деп қарайды.

Бірақ бұлар белгілі бір мезгілде қалыптаспайды. Өзінің психикалық қасиеттерін ұғыну мен өзін-өзі бағалау жеткіншектік және жасөспірімдік кезеңде неғұрлым көп маңыз алады. Бұл жас кезеңінде ол өзінің қандай екенін, қаншалықты құнды, қабілетті екенін барынша толығырақ түсініп білгісі келеді. Өзін-өзі бағалаудың екі тәсілі бар. Оның біріншісі, өз талаптарының деңгейін жеткен нәтижелерімен салыстырып бағалау, ал екіншісі - әлеуметтік жарыс, өзі туралы төңірегіндегілердің пікірлерін салыстыру.

Өзін анықтаудың күрделі проблемаларын жасөспірім жалғыз өзі шешпейді, әкешелерімен, құрбы-құрдастарымен, мұғалімдермен бірге, олардың қолдауы жағдайында шешеді.

Жасөспірімдік кезеңмен байланысты едәуір аңғарылған құрылыстардың бірі – бұл өзін-өзі тәрбиелеуге өте күшті құштарлық. Өзін-өзі тәрбиелеудің белсенді процесі дәл осы жаста басталады және әдетте адамның кейінгі өмірінің ішінде қандай да бір формада жалғаса береді. Жеткіншектік кезеңдегі өзін-өзі тәрбиелеудің бастамасы деп, біз баланың 12-13 жасқа келгенде ең алғаш рет интеллектуалды мүмкіншіліктер мен жеке даралық өздігінен жетіле (самосовершенствование) туралы ойларының, пайда болу фактісін айтамыз. Яғни баланың осы мақсатқа жету үшін саналы, және мақсатты бағытталған әрекет жасауын айтамыз [4].

Баланың жеке басы белсенді болғанымен оған белгілі – бір бағыт бағдар беріп отырмаса, өздігінен оқу ісінде де, қоғамдық істе де, белсенді араласып кете алмайды. Мотивация жетіспегендіктен қабілеттілігі артпайды, жеке интеллектуалдығы жай дамиды. Мұндай жағдайларда баланың жеке басының оқуға, жаңа білімге талпынысын, әсіресе дұрыс меңгеруге деген талпынысын қамтамасыз ету тиіс.

Индивидуалдық мінез педагогикалық баға беруде эффективтік негізінен баланың жеке индивидуалдық ерекшеліктеріне және де актуалды қажеттіліктеріне байланысты. Педагогикалық баға берудің бір түрі балада қызығушылығын оятса, соған қарай зейін аударылады. Педагогикалық бағалауда баланың жағымды өз талдауы болады. Оның жасына байланысты, баланың ерекше қылықтары оның стимулдық әрекетімен нәтижесінде оның дамуы ерекшеленеді, қызығушылығы сапасы артады.

Жас ерекшелігі психологиясында жасөспірімдік шақ жыныстық толысудан басталып, ересектіктің басталуымен аяқталатын даму стадиясы деп анықталады.

Акселерацияның, яғни дене күшінің жедел дамуы нәтижесінде қазіргі балалар тез және бойлары екі-үш ұрпақ бұрынғыға қарағанда, орта есеппен екі жыл бұрын өседі екен. Жыныстық толысу да екі жыл ерте басталып, ерте аяқталады. Физиологтар екінші жыныстық белгілердің шығуына қарай бұл процесті үш фазаға: препубертаттық және постубертаттық фазаларға бөліп қарастырады [5].

Балаң жастық – адамның дене дамуының аяқталатын кезеңі. Бойдың ұзаруы жеткіншек кезеңге қарағанда баяулайды. Қыздардың толуы орта есеппен 16 мен 17-нің

арасында болады (ауытқуы шамамен 13 ай), жігіттерде 17 мен 18-дің арасы (ауытқуы шамамен 10 ай). Салмағы артады, осының өзінде ер балалар қыздардан қалып келген есесін толтырады. Бұлшық ет күші өте тез өседі: 16 жаста ер бала 12 жастағысынан бұл тұрғыдан екі есе асып түседі. Бойы толысқаннан кейін шамамен бір жылдан кейін адам қалыпты ересектік бұлшық ет күшіне жетеді. Әрине көп нәрсе дұрыс тамақтану режимі мен дене шынықтырумен шұғылданумен байланысты. Спорттың кейбір түрлеріне балаң жастық – ең көп жетістіктерге жететін кезең [6].

Жыныстық даму жағынан жігіттер мен қыздардың көбі бұл жаста постпубертаттық кезеңде болады. Көп тараған түсініктерге қарамастан, жыныстық толысудың мерзімі нәсілдік және ұлттық ерекшеліктерге, климатқа байланысты емес. Оның есесіне тамақтану сипатындағы айырмашылықтар мен басқа да әлеуметтік – экономикалық факторлар ықпал етеді. Мұның үстіне орташа статистикалық норманың жеке физиологиялық нормамен үйлеспейтінін ескеру өте маңызды. Кейбір қалыпты адамдар орташа статистикалық мерзімдерден көп озық немесе қалып қамиды.

Жасөспірімдік шақ бала мен ересектің арасындағы аралық жағдайда болады. Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық саяси қызметке даярлану, некелесуге, өз отбасын құруға әзірлену. Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді және олардың жүзеге асу мерзімдері жас адамның іс-әрекетінің сипатына тәуелді.

Адамның жалпы ақыл-ой қабілеті 15 – 16 жасқа қарай әдетті қалыптасып болады, сондықтан оның бала кездегідей шапшаң өсуі балқаймайды. Алайда ол одан әрі жетіле береді.

Жасөспірімдік – жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатынын кезеңі. Жыныстық толысуға байланысты өз организмі мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, жағдайдың біршама тиянақсыздығын (енді бала болмағанымен, әлі ересекте емес), өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі, жеке адамның өз мінез-құлқын үйлестіруге тиісті адамдар тобының ұлғаюы – осының бәрі қосыла келіп жасөспірімдік шақта бағалаушылық – бағдарлаушылық іс-әрекетін күрт арттырады. Әңгіме өз қасиеттерін тану, жаңа білімдерді меңгеру туралы болса да жас адам оларды бағалауға біршама ден қояды да, өзінің мінез-құлқын саналы түрде жасалған немесе меңгерілген критерийлер мен нормалар негізінде құруға тырысады. Бұл ең алдымен өзіндік сананың дамуында көрінеді [7].

Жасөспірімнің жеке басының әлеуметтік – моральдік ересектігінің дамуында қарым – қатынастың маңызды роль атқарады. Жыл өткен сайын олар неғұрлым қажет бола түседі. Жасөспірім сыйлы, беделді, қайсібір салада озық сыныптастарымен қарым – қатынас жасауға ұмтылады.

Жақын жолдастарының қарым – қатынасында әңгімелесу үлкен орын алады. Әр түрлі істе де, серуен кезінде де әңгіме үзілмейді, шындап келгенде оларды осы әңгімелесу ғана байланыстырады.

Маңызды әрі жеке адамға қатысты деп ұғынылатын мазмұнның ұлғайып, тереңдеуі ақылдасуға, қолдау мен көмек алуға болатын досқа зәрулік туғызады. Сондықтан, достық қарым- қатынастарға өзара сыр жасырмау және түсіністік, сергектік пен сезімталдық, сыр сақтай білу сияқты ерекше талаптар қойылады. Нағыз дос тауып, оған өзі де жалғыз досы болу – әрбір жасөспірімнің арманы.

Жасөспірім достығының мұраты – «қашанда бірге болып, бәрін бірдей бөлісу». Жасөспірімдер дос-жолдасымен ортақ өмірге ұмтылады.

Нағыз достықтық бірден шығуы сирек болады. Жасөспірімдер достықты қадірлегенімен, оған көп талап қояды, әрі өкпелегіш болады. Жақын жолдасымен, досымен қарым-қатынас туралы жасөспірім көп ойланып, толғанады. Ол осы қарым-қатынаста, өзіне жолдасының несі ұнап, несі ұнамайтынын білуге тырысады, өзінің оған, оның бұған қатынасын салыстырады.

Достықтың қағидаларын меңгеру - баланың жасөспірім шақта жететін маңызды жетістігі. Жасөспірім шақта ер балалармен қыз балалар арасындағы қарым – қатынаста

айтарлықтай өзгерістер болады. Бір-біріне ден қою, ұнату, осыған байланысты өзінің сырт пішініне зер салып, ұнамды көрінуге ұмтылады.

Бастапқыда басқа жынысқа көңіл аудару көптеген ер балаларда кіші жастағы жеткіншектерге тән қыз балаларға «тиісуден» көрініп, дамиды. Кейін қарым – қатынас өзгереді. Жоғары сыныптарда көбі, әсіресе қыздар кімге кім ұнайды деген мәселеге зер салады. Жеткіншектік шақта балалар мен қыздар арасында достық сирек болады, ал жоғары сыныптарда жиі кездеседі, өзара ұнау өте эмоциялы болып, өмірінде маңызды орын алады [8].

Өмірдің ұзақтығына және жалғасуына байланысты жастық шақтық жайлы түсініктер өзгере бастайды. Яғни бір жағынан балалық шақ, ал басқа жағынан – кемелдік кезеңмен тығыз байланыста болады.

Жастық шақ ең бағалы жас болып табылады, өздерінің талғамдарымен, әдеттерімен, мүдделерімен т.б. ерекшеленіп отырады. Қазіргі әлемде жастық шақтың құндылығы кәсіби дайындықтағы оқу мерзімінің ұзаруымен байланысты. Өйткені жастық шақта адам негізгі білімдерді, дағдылар мен әдеттерді оңай үйренеді. Бұл кезде оқуға деген ынта ықыласы да ашық болады, сонымен бірге ең күрделі интеллектуалдық қабілеттері де әр түрлі ғылыми аймақтарда, техникада, физиологиялық және интеллектуалдық дағды мен ептілікті игеру процестеріне қабілетті болып келеді. Бұл қабілеттер тек қана іске асыруға ғана қолданбайды және де әрі қарай шығармашылық еңбегін дамытып, жетілдіруге негізделген [9].

Сондай-ақ, қарым – қатынасты тез орнатып, танысу арқылы өздерінің достары да көп болуы осы кезеңге байланысты. Бұл қатынастар тек экстенсивті сипат алмайды, әрі қарай махаббатта, неке құруға, достыққа негізделуі мүмкін.

Жастық шақта сонымен бірге сұлулық пен әсемділік барлық жастағыларға тән болып келеді. Себебі, мұнда адам әрекеті өмірде, шығармашылық және тұлғалық қасиеттер ортада айтарлықтай прогресске жетеді.

Сонымен бұл кезеңдегілер ең алғаш жоспарлаған мақсаттарына қадам жасай бастайды, яғни өздерінің өмірлік мақсаттарының орындалуына ұмтылады, өздерінің алдындағы кедергілерге қарсы тұруға үйрене бастайды. Бірақта бәрі бір оларда жаңаны қабылдап, бар мүмкіншіліктерін пайдалану алдында уайымшылдық, өз-өзіне сенімсіздік, күмандалушылық және толғану сияқты сезімдері туып отырады. Сондықтанда, бұл кезеңде ең басты мақсаты – өзін-өзі дамыту деп айтуға болады [10].

Адамда өзінің өткен өмірінің кезеңдерімен айырылу өте қиын. Себебі, олардың алдында енді үлкен жауапкершілік, бұрынғыдай мүмкіншіліктері таусыла бастайды, олар өз алдына қоғам мен қарым – қатынас жасауына, өз-өздерінің тек бір ғана әрекетпен айналысуына бағыттауына, яғни белгілі бір өмір қалпына келу үшін тура келеді. Бұл аталған құбылыстар адамның психикалық өміріндегі дағдарысқа әкеліп соқтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Выготский, Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Педагогика, 2019.
- 2 Эльконин, Д.Б. Психология развития школьника. – М.: Институт практической психологии, 2015.
- 3 Божович, Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Педагогика, 2018.
- 4 Кон, И.С. Психология юношеского возраста. – М.: Просвещение, 2019.
- 5 Ержанова, К.Ш. Жас ерекшелік психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
- 6 Мұқанова, Б.М. Педагогикалық психология. – Алматы: Білім, 2020.
- 7 Сейітбекова, Г. Жасөспірім психологиясы. – Алматы: Дәуір, 2015.
- 8 Леонтьев, А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Наука, 2015.
- 9 Шериф, М. Социальная психология молодежи. – СПб.: Питер, 2017.
- 10 Құлшанова, А.Ж. Жас ерекшелік психологиясы: Оқулық. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2018.

Мауенова А.Т.

ВЗАИМОСВЯЗЬ САМООЦЕНКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ СТУДЕНТОВ ВУЗА

Кокшетауский университет им.Абая Мырзахметова
Магистрант образовательной программы 7М01101 Педагогика и психология
Научный руководитель: доктор психологических н. Кукубаева А.Х.

Важным аспектом образовательного процесса в вузе является развитие у студентов не только профессиональных знаний и навыков, но и личностных качеств, таких как самооценка. Особенно это актуально для студентов педагогических специальностей, где умение оценивать себя и свои профессиональные способности играет ключевую роль в формировании уверенности в своей профессии. Взаимосвязь между самооценкой и профессионально-педагогической направленностью студентов вуза представляет собой сложный процесс, в котором личностные и профессиональные аспекты обучения взаимно влияют друг на друга.

Самооценка — это важный компонент психологического здоровья личности, включающий в себя способность адекватно воспринимать свои сильные и слабые стороны, а также осознавать свою ценность в социальной и профессиональной сфере. В контексте студентов педагогических вузов самооценка часто является связующей нитью между личностным ростом и профессиональным становлением. Педагогическая деятельность требует от будущего специалиста не только знания и навыков, но и уверенности в своей способности воздействовать на других, быть лидером, наставником, образцом для подражания.

Одной из ключевых задач высшего образования является помощь студентам в развитии адекватной самооценки, что особенно важно в педагогической профессии. Самооценка влияет на мотивацию студентов, их стремление к профессиональному росту и успеху в образовательной деятельности.

Профессионально-педагогическая направленность студентов — это комплекс убеждений, установок и ценностей, которые определяют их отношение к выбранной профессии и учебной деятельности. Формирование педагогической направленности связано с развитием интереса к педагогической практике, а также с осознанием студентами значимости своей будущей роли в образовательном процессе.

Для студентов педагогических факультетов важно не только освоение профессиональных знаний, но и внутреннее принятие педагогической роли. Это способствует развитию стремления к качественной профессиональной деятельности и стремлению к самосовершенствованию. Педагогическая направленность включает в себя мотивацию, ответственность и эмоциональную зрелость, что требует от студентов способности критически оценивать свои действия, свои ошибки и достижения.

Исследования показывают, что высокая самооценка напрямую влияет на профессиональную направленность студентов вуза. У студентов с адекватной самооценкой обычно наблюдается высокая мотивация к обучению и саморазвитию, они более уверены в своих силах и способны принимать на себя лидерские функции. В педагогической профессии это особенно важно, поскольку учитель должен не только управлять процессом обучения, но и быть примером для своих учеников, что невозможно без уверенности в своих силах.

Самооценка, в свою очередь, оказывает влияние на способность студентов к самоорганизации, принятию ответственных решений и оценке своей профессиональной деятельности. Студенты с высокой самооценкой более открыты для получения новых знаний, способны к рефлексии, что способствует их профессиональному росту и повышению педагогической компетентности.

Педагогическое образование играет важную роль в формировании как самооценки, так и профессионально-педагогической направленности студентов. Важнейшими средствами этой работы являются педагогические практики, участие в научных и образовательных проектах, а также общение с опытными педагогами и наставниками. В рамках обучения студенты должны не только овладевать теоретическими знаниями, но и развивать умение анализировать свои действия, адекватно оценивать собственные успехи и ошибки, что способствует формированию здоровой самооценки.

Кроме того, программы профессиональной подготовки студентов должны учитывать важность формирования у будущих педагогов таких личностных качеств, как уверенность в себе, способность к саморегуляции и эмпатии. Развитие этих качеств напрямую связано с подготовкой высококвалифицированных и эмоционально зрелых специалистов.

Взаимосвязь самооценки и профессионально-педагогической направленности студентов вуза является важным фактором успешной подготовки будущих педагогов. Высокая самооценка способствует уверенности в своей профессии, мотивации к дальнейшему обучению и самосовершенствованию, а также является основой для формирования успешной педагогической практики. В свою очередь, педагогическое образование должно создавать условия для развития этих качеств у студентов, что является необходимым условием для формирования квалифицированных специалистов, способных оказывать значительное влияние на развитие образования в стране.

Список использованной литературы:

- 1 Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов/ Под ред. В. А. Сластенина. - 4-е изд., доп. - М.: «Академия», - 2003. - 200 с.
- 2 Карабанова О. А. Психологические особенности родительно-детских отношений в подростковом возрасте// Семейное консультирование и семейная психотерапия/ Под ред. Э.Г. Эйдемиллера, А. З Шапиро. СПб.: «Речь», - 2001. – 341 с.
- 3 Бурменская Г.В., Захарова Е. И., Карабанова О. А. и др. Возрастно- психологический подход к консультированию детей и подростков. / Г. В Бурменская., Е. И Захарова., О. А Карабанова - М.: «Просвещение», - 2015. – 214 с.
- 4 Пезешкиан Н. Позитивная семейная психотерапия: семья как терапевт. М.: «Академия», - 1993. – 457 с.
- 5 Социальная работа с семьей / под ред. Т.В. Шеляг. - М.: «Институт социальной работы», - 1995. – 105 с.

Мауенова А.Т.

ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ УНИВЕРСИТЕТА ИНТЕРЕСА К ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Кокшетауский университет им.Абая Мырзахметова

Магистрант образовательной программы 7М01101 Педагогика и психология

Научный руководитель: доктор психологических наук Кукубаева А.Х.

Педагогическая деятельность является одной из важнейших сфер общественной жизни, поскольку она напрямую связана с развитием и воспитанием будущих поколений. Профессиональная подготовка будущих педагогов в университете играет ключевую роль в формировании их профессиональной идентичности, компетенций и интереса к профессии. Интерес студентов к педагогической деятельности является важным фактором,

определяющим их успешность в учебном процессе, мотивацию к профессиональному развитию и эффективности в будущей профессиональной практике.

Цель данной статьи — рассмотреть основы развития у студентов педагогических специальностей интереса к педагогической деятельности, выявить ключевые аспекты, которые способствуют формированию этого интереса, и предложить подходы для его дальнейшего углубления в рамках университетского образования.

Интерес является важным компонентом мотивации и влияет на восприятие учебного процесса, степень вовлеченности студента в обучение и степень его готовности к освоению профессиональных знаний и навыков. Для педагогических специальностей интерес играет особую роль, так как именно этот фактор способствует осознанию студентами значимости своей будущей профессии и помогает преодолевать трудности, возникающие в процессе обучения.

Интерес как когнитивный и эмоциональный процесс. Интерес студентов к педагогической деятельности представляет собой сложную систему, в которой сочетаются познавательная активность и эмоциональное вовлечение. Педагогика как наука и практика требует от будущих специалистов не только знания теоретических основ, но и способности проявлять эмпатию, креативность и гибкость в решении задач. Студенты, которые испытывают искренний интерес к своей профессии, более мотивированы к глубоком изучению предмета и успешному освоению практических навыков.

Развитие внутренней мотивации. Для студентов педагогических специальностей особенно важно развивать внутреннюю мотивацию к обучению. Это предполагает осознание студентами значимости выбранной профессии, стремление не просто выполнить требования учебного плана, но и стремление к саморазвитию, углубленному освоению педагогических технологий и методов. Внутренняя мотивация способствует устойчивости интереса и его дальнейшему углублению в профессиональной деятельности.

Образование в университете является основным этапом профессиональной подготовки будущих педагогов, на котором закладываются основы их профессиональной идентичности и мотивации. Важно, чтобы учебный процесс был организован таким образом, чтобы студенты могли развивать и поддерживать интерес к педагогической деятельности.

Мотивация через разнообразие форм обучения. Для поддержания и развития интереса студентов к педагогической деятельности необходимо использовать разнообразные формы обучения: лекции, семинары, тренинги, мастер-классы, проектная деятельность, участие в научных исследованиях и практиках. Эти формы помогают студентам не только лучше усваивать материал, но и развивать навыки критического мышления, научного подхода и самостоятельной работы, что напрямую влияет на их интерес к профессии.

Практическая направленность обучения. Важной составляющей образовательного процесса в педагогическом университете является практика. От того, насколько успешно организованы учебные практики, зависит степень заинтересованности студентов в педагогической деятельности. Практика дает возможность студентам почувствовать ответственность за образовательный процесс, применить полученные знания на практике и увидеть реальное влияние своей работы на учеников. Это способствует не только укреплению интереса, но и подтверждению правильности выбора профессии.

Взаимодействие с опытными педагогами и наставниками. Студенты, обучающиеся на педагогических специальностях, нуждаются в наставничестве и поддержке со стороны опытных преподавателей и педагогов-практиков. Это взаимодействие помогает студентам увидеть реальные примеры эффективной педагогической работы, учит их методам и приемам работы с детьми, формирует уважение к профессии и желание стать частью педагогического сообщества.

Кроме непосредственно учебной деятельности, существует ряд внешних факторов, которые могут оказывать влияние на развитие интереса к педагогической деятельности.

Профессиональные ценности и образы преподавателей. Студенты часто ориентируются на примеры успешных педагогов, которых они встречают в своей жизни.

Педагог, который увлечен своей профессией, проявляет креативность, эмоциональную теплоту и профессионализм в работе, может стать источником вдохновения для студентов. Образ педагога как успешного и удовлетворенного своей профессией человека способствует формированию у студентов устойчивого интереса к педагогической деятельности.

Социальный статус профессии. Одним из факторов, влияющих на интерес студентов к педагогической профессии, является общественное восприятие и оценка труда педагогов. Если педагогическая профессия воспринимается в обществе как значимая, уважаемая и высокооплачиваемая, это стимулирует студентов к большему вовлечению в учебный процесс и поиску путей профессионального роста. Однако в случае недостаточной социальной поддержки профессии могут возникнуть проблемы с мотивацией, что снижает интерес к педагогической деятельности у студентов.

Поддержка со стороны семьи и общества. Семья и общество играют важную роль в формировании интереса студентов к педагогике. Если будущие педагоги получают поддержку и одобрение от родных и друзей, это способствует укреплению их мотивации. Важно, чтобы студенты осознавали свою значимость в обществе и видели свою работу как важную часть развития общества и воспитания подрастающего поколения.

Несмотря на усилия, направленные на развитие интереса к педагогической профессии, существует ряд проблем, которые могут препятствовать успешному формированию этого интереса у студентов.

Отсутствие практического опыта на начальном этапе обучения. Одной из главных проблем является недостаток практического опыта в первые годы обучения. Если студенты начинают практическую работу только на последних курсах, их интерес к педагогике может снизиться из-за недостаточной уверенности в своих силах и неясности в отношении реальной педагогической работы.

Недооценка важности профессиональной подготовки. Студенты могут не осознавать важности практических навыков и профессиональной подготовки в педагогической деятельности. В этом случае необходимо усилить внимание к развитию навыков управления классом, организации учебного процесса, а также работе с детьми с особыми образовательными потребностями.

Психологическое давление и выгорание. Важно учитывать психологические факторы, такие как стресс, выгорание и эмоциональное выгорание, которые могут возникнуть у студентов в процессе обучения. Для решения этой проблемы необходимо предоставлять студентам возможности для психологической поддержки, тренингов по эмоциональной устойчивости и стресс-менеджменту.

Развитие интереса студентов педагогических специальностей к педагогической деятельности является важнейшим аспектом их профессионального становления. Формирование этого интереса зависит от множества факторов, включая как внутреннюю мотивацию студентов, так и внешние обстоятельства: практическую направленность обучения, профессиональные примеры, поддержка наставников и общественное признание профессии. Для успешного развития интереса необходимо сочетать разнообразные методики обучения, активное вовлечение студентов в практическую деятельность и поддержку со стороны преподавателей и образовательной среды в целом.

Список использованной литературы:

- 1 Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов/ Под ред. В. А. Сластенина. - 4-е изд., доп. - М.: «Академия», - 2003. - 200 с.
- 2 Карабанова О. А. Психологические особенности родительно-детских отношений в подростковом возрасте// Семейное консультирование и семейная психотерапия/ Под ред. Э.Г. Эйдемиллера, А. З Шапиро. СПб.: «Речь», - 2001. – 341 с.
- 3 Бурменская Г.В., Захарова Е. И., Карабанова О. А. и др. Возрастно- психологический подход к консультированию детей и подростков. / Г. В Бурменская., Е. И Захарова., О. А Карабанова - М.: «Просвещение», - 2015. – 214 с.

- 4 Пезешкиан Н. Позитивная семейная психотерапия: семья как терапевт. М.: «Академия», - 1993. – 457 с.
- 5 Социальная работа с семьей / под ред. Т.В. Шеляг. - М.: «Институт социальной работы», - 1995. – 105 с.

Адилова А.К.¹, Молдыбаева Н.А.²

ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
ka_kairatovna@mail.ru

Ойын терапиясының пайда болуы мен дамуы туралы ақпарат табылмады. Алайда, ойын терапиясын мамандар балалардың тұлғалық және тұлғааралық дамуын толықтырудағы тиімді араласу ретінде кеңінен мойындайды. Ойын және ойын терапиясы әдетте алты айлық балалардан жасөспірімдік және жасөспірімнің жасқа дейінгі балалармен қолданылады [1].

Ойын терапиясы — бұл психоэлеуметтік қиындықтарды анықтау және жеңу үшін, әсіресе балалар мен сөйлеу қабілеті бұзылған адамдармен қарым-қатынастың негізгі әдісі ретінде ойынды қолданатын психотерапияның бір түрі.

Ойын терапиясының ерекшеліктері:

- алдын ала жоспарланбайды, баланың кенеттен пайда болған көңіл-күйіне байланысты;

- психолог немесе дефектолог маманның қатысуымен жүзеге асырылады;

- тыныш ортада: үйде немесе арнайы оқу мекемесінде жүргізіледі [2].

Ойын терапиясының өткізілу ережелері: - бала эмоциясы мен сезімін көрсеткенде қолдау көрсетіңіз;

- ойын баланың жас ерекшелігіне және мүмкіншілігіне сәйкес келу керек және балаға үнемі көмек көрсетілуі қажет.

- ойын терапиясы барысында балаға оның іс-әрекеті жайында баяндау;

- бала сеніміне кірген соң, оның мінез-құлқын элеуметтік нормаға сәйкес эмоцияны көрстеудің жаңа жолын үйрету керек [3]

Ойын терапиясы негізінен балаларға арналған терапия түрі болып табылады. Себебі балалар өздерінің эмоцияларын өңдей алмауы немесе ата-аналарға немесе басқа ересектерге проблемаларды айта алмауы мүмкін.

Ойын терапиясын психологтар мен психиатрлар сияқты әртүрлі лицензияланған психикалық денсаулық мамандары қолданады. Оны мінез-құлық және кәсіптік терапевттер, физиотерапевтер және элеуметтік қызметкерлер де қолданады [4].

Сонымен қатар, Ойын терапиясы қауымдастығы лицензиясы бар психикалық денсаулық мамандары, мектеп кеңесшілері және мектеп психологтары үшін арнайы оқу бағдарламалары мен кеңейтілген тіркелгі деректерін ұсынады.

Ойын терапиясы қолданылғанда:

Ойын терапиясы барлық жастағы адамдар үшін пайдалы болғанымен, ол әдетте 3 пен 12 жас аралығындағы балаларға қолданылады. Ойын терапиясы әртүрлі жағдайларда пайдалы болуы мүмкін, мысалы:

- медициналық процедураларға, созылмалы ауруға немесе паллиативтік көмекке қарсы тұру
- дамудың кешігуі немесе оқудағы ақаулар
- мектептегі проблемалық мінез-құлық

- агрессивті немесе ашулы мінез-құлық
- ажырасу, ажырасу немесе жақын отбасы мүшесінің қайтыс болуы сияқты отбасылық мәселелер
- табиғи апаттар немесе травматикалық оқиғалар
- тұрмыстық зорлық-зомбылық, қорлау немесе қараусыздық
- мазасыздық, депрессия, қайғы
- тамақтану және дәретхананың бұзылуы
- назар тапшылығы гиперактивтілігінің бұзылуы
- аутизм спектрінің бұзылуы

Ойын терапиясы қалай жұмыс істейді? [5]

Балалар мен ересектер арасында біршама алшақтық бар. Жасы мен даму кезеңіне байланысты балаларда ересектер сияқты тілдік дағдылары жоқ. Олар бірдеңені сезінуі мүмкін, бірақ көп жағдайда оны ересек адамға айта алмайды немесе оны білдіретін сенімді ересек адам болмайды.

Екінші жағынан, ересектер баланың вербалды және вербалды емес сигналдарын дұрыс түсінбеуі немесе мүлдем жіберіп алуы мүмкін [6].

Балалар ойын арқылы әлемді және ондағы өз орнын түсінуге үйренеді. Бұл жерде олар өздерінің ішкі сезімдері мен терең эмоцияларын еркін көрсете алады. Ойыншықтар рәміздер ретінде әрекет етіп, үлкен мағынаға ие болуы мүмкін – егер сіз не іздеу керектігін білсеңіз.

Бала ересектер әлемінде өзін жеткілікті түрде көрсете алмайтындықтан, терапевт балаға өз әлемінде, олардың деңгейінде қосылады.

Олар ойнаған кезде бала аз қорғанып, өз сезімдерімен бөлісуге бейім болуы мүмкін. Бірақ оларға қысым көрсетілмейді. Олар мұны өз уақытында және өздерінің қарым-қатынас әдісімен жасауға рұқсат етілген.

Ойын терапиясы терапевтке және баланың ерекше қажеттіліктеріне байланысты әр түрлі болады. Бастау үшін терапевт баланы ойын кезінде бақылап отыруы мүмкін. Сондай-ақ олар баламен, ата-аналармен немесе мұғалімдермен жеке сұхбат жүргізгісі келуі мүмкін [7].

Егжей-тегжейлі бағалаудан кейін терапевт кейбір терапевтік мақсаттарды қояды, қандай шектеулер қажет болуы мүмкін екенін шешеді және қалай әрекет ету керектігін жоспарлайды.

Ойын терапевттері баланың ата-анасынан айырылғанын қалай шешетініне, олардың жалғыз қалай ойнайтынына және ата-анасы қайтып келгенде қалай әрекет ететініне мұқият назар аударады.

Баланың ойыншықтардың әртүрлі түрлерімен қалай әрекеттесетінінен және олардың мінез-құлқы сессиядан сессияға қалай өзгертетінінен көп нәрсені білуге болады. Олар ойынды қорқыныш пен алаңдаушылықты көрсету, тыныштандыратын механизм ретінде немесе емдеу және мәселені шешу үшін пайдалана алады [8].

Ойын терапевттері бұл бақылауларды келесі қадамдарға нұсқаулық ретінде пайдаланады. Әр бала әртүрлі, сондықтан терапия олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес болады. Терапия дамыған сайын мінез-құлық пен мақсаттарды қайта бағалауға болады.

Бір сәтте терапевт ата-аналарды, бауырларды немесе басқа отбасы мүшелерін ойын терапиясына әкелуі мүмкін. Бұл филиал терапиясы ретінде белгілі. Ол жанжалды шешуді үйретуге, сауығуға және отбасының динамикасын жақсартуға көмектеседі.

Ойын терапиясының әдістері

Сеанстар әдетте 30 минуттан бір сағатқа дейін созылады және аптасына бір рет өткізіледі. Қанша сеанс қажет, балаға және терапияның осы түріне қаншалықты жақсы жауап беретініне байланысты. Терапия жеке немесе топтық түрде жүргізілуі мүмкін.

Ойын терапиясы директивті немесе бағыттаушы емес болуы мүмкін. Директивалық тәсілде терапевт сессияда қолданылатын ойыншықтарды немесе ойындарды көрсету арқылы жетекшілік етеді. Терапевт ойынды белгілі бір мақсатқа бағыттайды.

Бағытсыз тәсіл азырақ құрылымдалған. Бала ойыншықтар мен ойындарды өз қалауынша таңдай алады. Олар бірнеше нұсқаулармен немесе үзілістермен өзінше ойнай алады. Терапевт мұқият бақылап, қажетінше қатысады.

Ойын әрекетінің өзі, мейлі ол ойындар, өнер және қолөнер немесе музыка мен би болсын, демалуға және күнделікті өмірдегі күйзелістен арылуға көмектеседі.

Арт-терапия, музыкалық терапия және қозғалыс жасырын жарақаттарды ашуға және емделуге ықпал етеді. Тәжірибелі терапевттің басшылығымен ойын сізді болғыңыз келетін жерге апаратын құнды құрал бола алады.

Ересектерге арналған ойын терапиясы терапияның басқа түрлеріне және дәрі-дәрмектерге қосымша ретінде қолданылуы мүмкін. Балалардағы сияқты, терапевт ойын терапиясын сіздің нақты қажеттіліктеріңізге бейімдейді.

Ойын терапиясы – психологиялық мәселелерді ашу және шешу үшін ойынды қолданатын терапия әдісі. Оны өз бетінше, әсіресе балаларда немесе басқа емдеу әдістерімен және дәрі-дәрмектермен бірге қолдануға болады [9].

Ойын терапиясынан барынша пайда алу үшін терапияның осы түрінде тәжірибесі бар лицензиясы бар психикалық денсаулық маманын іздеңіз. Сіздің педиатр немесе алғашқы медициналық көмек көрсету дәрігері жолдама бере алады.

Сондай-ақ, Ойын терапиясы қауымдастығы арқылы тіркелген ойын терапевті немесе тіркелген ойын терапевті-бақылаушыны іздеуді таңдай аласыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аташева, С.Қ.. Ойын терапиясы: теориясы мен практикасы. Алматы: Қазақ университеті баспасы. 2019. – С 2
- 2 Бейсенова, Ә.С. Балалар психологиясындағы ойын терапиясының рөлі. Астана: Фолиант. 2020. . – С 21
- 3 Выготский, Л.С. Ойлау мен сөйлеу. Алматы: Мектеп. 1984. – С 17
- 4 Досмұхамедов, Қ. Балалардың психоэмоционалдық дамуы және ойын әдістері. Шымкент: Полиграфия. 2018. – С 86
- 5 Жұмағұлова, Р.М. Мектепке дейінгі жастағы балалармен ойын арқылы түзету жұмыстары. Нұр-Сұлтан: Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. 2021. – С 74
- 6 Зигмунд Фрейд. Психоанализ негіздері және балалар психикасы. Аударма. Алматы: Санат. 2006. – С 73
- 7 Ибрагимова, Л.М. Ойын технологиялары және олардың балалар психикасына әсері. Қарағанды: Болашақ университеті. 2017. – С 7
- 8 Карпова, А.А. Ойын терапиясы және оның даму ерекшеліктері. Санкт-Петербург: Питер. 2015. – С 4
- 9 Монтессори, М. Балалық шақ сыры. Алматы: Дәуір. 2019. – С 735
- 10 Саттарова, Г.Ш. Арнайы педагогикадағы ойын терапиясының ерекшеліктері. Тараз: Тараз университеті баспасы. 2022. – С 78

Адилова А.К.¹, Молдыбаева Н.А.²

ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
ka_kairatovna@mail.ru

